



Л 2016
4850к



 **Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**

САНДАЛҒАН


САУАЛ





 **Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**

САНДАЛҒАН САУАЛ



Алматы
2016

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5қаз)-7

Ш 18

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» кіші
бағдарламасы бойынша жарық көрді

ШАЙХЫҰЛЫ Ермахан

Ш18 Сандалған сауал: сатира / Ермахан Шайхыұлы. —
Алматы: «BAViS systems» ЖШС, 2016. 272 бет.

ISBN 978-601-7459-34-5



*Қоғамды сатирасыз, ал күйбең тіршілікті
ойын-күлкісіз, әзіл-әжуасыз көзге елестету әсте
мүмкін емес. Қазақ — қалжың-қылжаққа, қисық та
қыңыр сөзге құмар халық. Оны тек көре және жаза білу
керек. Бұл сөзімізге белгілі сатирик-жазушы Ермахан
Шайхыұлының қолыңыздағы кітабы дәлел бола алады.
Бұл «Сандалған сауал» атты жинаққа қаламгердің
соңғы уақытта жазған сатиралық шығармалары
топтастырылған. Сатираның прозалық һәм поэзиялық
жанрында жазылған туындылар оқырманын күлкіге
қарық қылары даусыз.*

Кітап күлкі сүйер оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5қаз)-7

ISBN 978-601-7459-34-5

© Шайхыұлы Е., 2016

© «BAViS systems» ЖШС, 2016



КҮЛКІНІҢ КҮБІСІ

Алғы сөз

Ермахан інімнің ерекше қасиеті – екі сөйлемейтін жігіт. Атқаратын шаруасын алты күн айналып, он күн ойланып, тоғыз күн толғанбайтынын сезем. Базбіреулер секілді басын қатырып, «жеті рет өлшеп, бір рет кесіп» те жатпайды-ау, сірә? Бір рет өлшейді де бір-ақ рет кеседі. Бітті шаруа!

Соның бәрі өзінен емес, сөзінен байқаймын. Сырт көзге қойдан жуас қоңыр мінезді жігіт көрінгенімен, арғы жағы алай-дүлей, қапталдан соққан қара дауыл. Көз жеткізгіңіз келе ме? Ерінбей Ермаханды оқыңыз. Бастасаңыз болды – бас алмайсыз. Қарлы борандай қалжың, ұйытқып соққан ұтымды да ұтырлы тіркестер. Шашектеген. Шашылып жатыр, жинап-теріп оқи біл, көңіліңе тоқи біл.

Жиылғанды шашады,

Шашылғанды жинайды.

Бұл не? Жұмбақ. Шешуі не? Құйын. Ермаханның барлық езу тартар дүниелері құйынға ұқсайды. Шашылғанды жинаған, жиналғанды шашқан.

Бір қасық ұйытқы бір қазан сүтті ұйытып, айранға айналдыратыны рас па? Рас! Ермаханның әрбір әзіл-сықағы бір қасық ұйытқы секілді, ұйыға біледі. Көп сөзге, көбін сөзге жаны қас.

Былай қарағанда айранның беті аппақ. Ішінде не бар? Көзге көрінбейді. Бірақ біз сол айранның ішінде май да бар, белок та бар, А, В, С дейсің бе – неше түрлі дәріден күшті дәрумен бар екенін білеміз бе?

Бір қазан қою айранды күбіге құйып піскенде сары майды айырып аламыз ба? Аламыз! Ендеше майдың да витамині майда-шүйде емес. Ақжарма әзілді айранға теңесек, күлкі – соның витамині.

Ток етерін айтқанда, Ермахан Шайхыұлы – күлкінің күбісі. Пісіп көріңіздер!..

Көпен ӘМІРБЕК,
«Ара» журналының Бас редакторы,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
Президент сыйлығының лауреаты,
«Парасат» орденінің иегері





АЙТПАҚШЫ...

Бұл кітапты оқысаңыз жолыңыз ашылады. Отбасыңызға Қыдыр дарып, басыңызға Бақ қонады. Ержеткендер үйленіп, бойжеткендер тұрмысқа шығады. Ал бұрын үйленгендер тоқал алып қалуы ықтимал. Екі қолы алдына сыймай, жұмыссыз жүргендер жұмысқа тұрып, жұмысы барлардың қызметі өседі. Шенеуніктердің шекпені жаңарып, бизнесмендердің тасы өрге домалайды. Коммерсанттар тауарын сатып үлгере алмай қалады. Банктің борышкерлері қарызынан құтылады. Надандар – адам, адамдар – қаған, әркімдер – әкім, жүздері жарқын болады. Жауларыңыз бен конкурет-теріңіз маңыңызға жуымайды. Ең бастысы – қан қысымы қалыпқа түсіп, нервіңіз тынығады.

Осы кітап туралы қисық-қыңыр пікірлеріңіз бен арам ойларыңыз, сондай-ақ осындай жинаққа демеуші болам деген дәмеңіз болса, қалтаңызды тесіп бара жатқан қаржыңызды біздің мекен-жайға жолдай қойыңыз. Жалпы, пейілі кең, жаны жомарт адамдарды Алланың жақсы көріп, оларға кезексіз жұмаққа жолдама беретінін біліп жүргендеріңіз абзал.



ЕСКЕРТУ:

Кітап солдан оңға қарай оқылады. Қол, ауыз сұртуге және басқа жерге жаратуға қатаң тыйым салынады. Кітапты тамаққа дейін және тамақтан кейін де оқуға болатынын қаперіңізге саламыз. Ұйықтар алдында димедролдың орнына пайдалануға болады. Өзіңіз оқып болған соң, көрші-көлем, туған-туыс, тамыр-таныстарыңызға беріңіз. Ана тілін құрметтеген адамдарға Алланың нұры жаусын!





САНАЛАНҒАН САУАЛ





Тұқымың жайылсын, Бәсили!

– Күні кеше ғана кеудесіне нан пісіріп, өлілерге жан бітіріп, жарылардай ісіп-кеуіп отырған қызталақ Әлекс Гөңзілісті 2 минутке жеткізбей, жәһаннамның бер жағына жіберген Бәсили Жыріптің жаужүрек батырлығы былай тұрсын, нағыз атымтай жомарттың өзі ме деп қалдым. «Жүлдеге тігілген 150 мың долларды туған-туыстарыма бөліп беремін» деді-ау, сабазың. Бұл – «Құран Кәрімде» айтылатын зекеттің көкесі емес пе, бәтір-ау?! Ол, мың болғыр, мұсылман болмаса да біздің қомағай, жебір шенеуніктер мен жеке басының күйін күйттеген имансыз басшысымақтарға һәм әкім-қараларға оңдырмай үлгі көрсетті. Жарайсың, тұқымың жайылғыр, Бәсили!

**Ризабек ЫРЗАБОЛ,
Мәрт облысы,
Айыз қанған ауылы.**

Құрметті Ризабек ақсақал!

– Сөз саптасыңызға қарағанда, «Алла» деп ақылға тоқтап, «Құдай» деп құбылаға қарап, «Жасаған» деп жайнамазға жығылған қария сықылдысыз. Түсінігіңіз де терең ойға түрен салып тұр.

Василий Жировтың туған-туыстарын жарылқап жатқаны рас. Бұл «өзім ғана емес, өзге де болсын, толсын» дегені шығар. Әрі «Кең болсаң, кем болмайсын» дегенді аңғартып тұр. Жеңісін тәуелсіздігіміздің 10 жылдығына және құйрықты жұлдыздай ағып өткен боздағымыз Бекзат Саттархановқа арнағанының өзі – азаматтықтың белгісі. Алтын белбеуін жанкүйер болып, тілегін тілеген Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа тарту еткені қандай жарасымды?! Америкада жүріп «қазақстандықпын» деуінің өзі неге тұрады?! Елін, жерін, Отанын сүйген ер осындай-ақ болар. Әйтпесе, бүгін былғары креслоға отырып, ертесіне «халқым, жұртым» деп құрғақ қасықпен ауыз жырттып, «самопал» көз жасына «жуынатын әртістер» аз ба бізде?! Жоқ-жітікке қайыр беріп, садақа





атамақ түгілі, қарызын өсімге беріп, сүтқор атанып, күнәға белшесінен батып жүргендер баршылық. Елдің табан ақы, маңдай терімен тапқан қаржысын ашкөздене иемденіп, халықты Қор арқылы қорлап, шет елге қашып кетіп жатқан Смағұлов пен соның «ізбасарларын» қарғыс арқалаған кұнаһар емес деп қалай айта аласыз?! Олардың қасында Василий Жиров Сіз айтқандай, зекеттің көкесін, сауаптың атасын жасап отыр. Пара алмаса, пайдасын көрмесе, «сен – маған, мен – саған» ырымын жасамаса, қозғала қоймайтын, сауап тірліктің көзін таппайтын шенеуніктер шаң қауып қалды. Алланың бір сүйген құлы Василийдей-ақ болсын да, ақсақал!

ӨЗІМІЗДІ ӨЗІМІЗ ҚЫРДЫҚ

– Туасы біздің қазақтың басыылары адам емес қой... Марқұм, Әзиз Несин айтпақшы, адам болмайды да. Осы уақытқа дейін адам болмаса да сол адамға сәл ұқсайтын бастық сайлай алмай келеміз. (Не деп сандырақтап кеттім. Қашан біз болыс, бастық, әкім сайлап көріп едік. Сайлау деген, тек заңда және сөз жүзінде ғана бар емес пе?!).

Дұрысы, біз бастықтың креслосын лайықты адамға сата алмаймыз. Көзімізді байлап, құлағымызды бітеп, санамызды сиқырлап қоя ма, әлде креслоны сатып, нақты қаржыны қалтаға басқанша асығып тұрамыз ба, қайдам, әйтеуір сатып алғанша адам тәрізді боп жүрген пенде әлгі тақты қалай сатып алады... Бітті ғой, бітті. Көздерін шел басып, құлақтарына мүкіс шығып, тілдеріне у бітеді. Өздерін алыптан дара туғандай сезініп, Алатауды аттап өтіп, Қара теңізді қақ бөліп, кешіп өтетіндей көреді. Анасы сол тақта туып, өлгенде бірге ала кетуге Әзірейілмен уағдаласып қойғандай ғой пошымдары. Құдай біледі деп айтайын, ертең бүкіл ата-бабасы тіріліп келсе де оларды кабинетіне кіргізбей, қабылдау бөлмесіне, тойыст, мекемесінің маңына (сенімділеу болсын) қойша іріп қоядан тайынбайды. «Осылай істесем, атақ-абыройым артады» деп ойлайтын болу керек. Ілгеріде халықты жалғыз жаман хатшы қыз бастыққа кіргізбей, зар жылатушы еді. Ол аз болғандай, енді охрана деген пәлесі ауласына жолатпайтын





болды. Егер олар елмен етене араласпаса, халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, қол ұшын созбаса да, тым құрығанда, зоопарктегі аңдар сықылды клетканың арғы жағынан болса да бет-пішін көрсетпей ме? Егер халық оларға керек болмаса, онда халыққа олардың не қажеті бар?! Сол креслосында отырған қалпында мұрағатқа ма, мұражайға ма апарып тапсырайық. Бастық болсаң әне, Сталиндей қатты бол! Брежневтей бас бол! Я бар қыласың, я жоқ қыласың. Ең болмаса, Ельциндей болып алсыншы. Оларды жамандағанда жеті қат жер астына тығып жібере жаздаймыз. Әйтпесе, Борис Николайұлындай азамат-ерлер аз ғой, аз. Шіркіннің пейілі қазақ даласындай кең, алақаны ашық, көңілі сүттен ақ екен. Неткен Атымтай жомарт десеңші. Құдай-ау, ел тыныш, жұрт аманда рогатканың бір оғын да шығын еткізбей, 15 республикаға егемендік бере салмады ма, сабазың. Егер соның тағында бір қазақтың баласы отырсыншы, 15 ел түгіл, өзі туып-өскен Қазақстанына азаттық бермес еді. Қайта қара бұлтты төндіріп, жарық күнді сөндіріп қояр еді-ау деп қауіптенем. Нәубет кезінде бізді Сталин де емес, Голощекин де емес, өзімізді өзіміз қырдық емес пе?! Оған да себепкер болған осы тақ пен билік таласы. Қайтейін, күйіп кеткен соң айтасың да. Шын мәніндегі елге елеулі, халыққа қалаулы, жетім-жесір мен кедей-кепшіктің көз жасын сүртіп отыратын басшы жақын арада табыла қояр ма екен?

**Әскербек КОММУНИСТИН,
«Большевик» ауылы,
Компартия ауданы.**

— Әс-аға, бүгін мен де бастықтан таяқ жеп, сүтке тиген мысықтай боп отыр ем. Әйтеуір, Құдай жарылқап, бастық болмаған соң, әңгімеңіз маған жарнамадан түспейтін «Рама» майындай, «Аламан» шайындай жақты. Ошақ





басында байын жамандаған әйел секілді пыш-пыштамай, бәсекеңдердің қамал тәріздес кабинетінде болмаса да «Бір түрлі бетте» бір түрлі пікір айтып, көсілейікші бір.

«Бастық» деген сөз – тақтың тізгіні мен биліктін буы арқылы халықтың қазынасы мен қол астындағы қызметкерлердің құлықсыз «қайырын» қалтаға бастық деген ұғымнан шықты» дейді Сіз бен біз біле бермейтін бір данышпан. Айтса айтқандай, бастық атаулының бәрі маңайынан қара құзғын сықылды жемтік іздеп, батпан құйрық тілеп, әрбір қол қойған қағазының астынан қара уылдырық іздейтіні сондықтан болса керек. Өзіңіз айтпақшы, сатып алған тағының ақшасын екі есе кері қайтару керек емес пе?! Енді оның бүкіл есіл-дерті соған ауады. Күні бойы күлмейді. Түні бойы көз ілмейді. Денесі ысып, алақаны «қышып», талағы жарылып, тынысы мен пейілі тарылып, көмейі бүлкілдеп, көз жасы кілкілдеп, түнімен аһ ұрып, байлыққа бас ұрып, араны толмас апанға айналады. «Қай жерден қаржы алам, қайтсем маған біреу қаражат қыстырады, шығынды қайтіп қысқартам,кірісті қалай көбейтем, нені қымбаттатам?» деп тынбай ой ойлап отырған басшыдан, жаны мұрнының ұшында әрең ілігіп тұрған, есі кіресілі-шығасылы боп жүрген делқұлыдан не сұрайсыз? Сосын ғой деймін, қызметке келе сала, жұмыссыз жүрген тамыр-таныстары мен туған-туыстарын, суаттан бірге су ішкен сыбайластарын (қазір біз оны әдемілеп «команда» деп жүрміз) шақырып, алым-салық науқанын жүргізетіндері. Бұрынғы қызметкерлердің бәрі бесасап маман болса да қоғадай жапырылып, қызметтен кетеді. Тырнақ астынан тонналап кір табады. Білгіштерді «данасын» деп, үндеместерді «шаласың» деп жұмыстан қуады. Сөйтіп, жаңа қызметкерді «жөн-жоралғысымен» жұмысқа қабылдайды. Бір адам такка отырса, жүз адамның атқа отыратыны осылай басталады. Сопа секілді қызарғанның барлығын сора бергісі келіп тұрады. Құдайдан хабары болмаған соң, сайтанның сотывыйымен тез байланысқа түсіп, бай болсам, одан әрі Құдай болсам деп есі ауады. Бүкіл атақ, абырой, данқ, бедел, қызмет, билікті сатып





алып, Құдай болғысы келетін есі ауған адамнан не үміт, не қайыр тілейсіз?! Тек, оларға жан ашып, мүсіркей қарау керек. Кезінде Абай бабамыз: «Бас-басына би болған өңкей қықым» демеп пе еді! Со қықымдар қазір іріленіп, қансыз-жансыз тарақандай көбейіп кетті. Арасында осалы жоқ. Аттары да анау-мынау емес, дардай президент. ААҚ-тың президенті, ЖАҚ-тың президенті, ЖШС-нің президенті, фирманың президенті, судың президенті, рудың президенті. Не деген қаптап кеткен президент? Бір тас лақтырсаң, төрт президент құлайды. Ең аяғы үйге келсең, әйелің де президент. Әр жылдары шегіртке жауушы еді. Енді президент жауатын болған ғой. Ілгеріде Астананы жаулап алған шегірткеге миллиондап қаржы «беріп» құтылып едік. Бұл президенттерден қалай құтылар екенбіз. Менің бұған басым жетпейді. Бүкіл әлем денгейінде референдум өткізу керек шығар.

ЕЗУ ИБН ЖИРТАР

Алтыннан ардақты, күмістен салмақты, доллардай тұрақты «Жатеке»!

Егер мен жаңа астанамыз Ақмола қаласына көшіп барсам, маған да дөкейлерге берген дворец сияқты үй бере ме? Берсе, неше қабатты? Газ бен светі тұрақты болып тұра ма?

Қиялбек ОРЫНДАЛМАСОВ,
Шопан көмекшісі,
Семей облысы, Полигон ауылы,
«Жапан дала» бөлімшесі.

– Бауырым, Қиялбек! Өзіңіздің атыңыз айтып тұрғандай, Сіз қиял-ғажайып ертегілерді көп оқитын сияқтысыз. Ойыңыз да он қабат аспанның ойранын шығаратын түрі бар. «Шаршаған адам ұйықтамаса жыңды болады» деп арабтың менен басқа адам білмейтін атақты жазушысы Езу Ибн Жиртар айтпақшы, жатып ұйықтаңыз.





КӨК КӨРПЕ

— Мақаш Тәтімовтың «Көк көрпесін» қимылдатайын десем, әйелім ашпайды. Енді не істеймін?

Қазақ ТУҒЫЗАРОВ,
Ақмола қаласы.

— Қазеке, мұндай саясатты Мақаш Тәтімовше айтсақ, айғайлап жеткізе алмайсыз. Неғұрлым жай айтсаңыз, соғұрлым тез тарайды. Ал менің айтарым, «көк көрпе» болмаса, көңілдесіңіздің «қызыл көрпесін» қимылдатып көріңіз.

ҮШЕМ ТУСА, ПӘТЕР БЕРЕДІ

— Мен базарда сауда жасап жүрген қатын-қалаштардың бірімін. Ішімде жеті айлық балам бар. Туып алайын десем, саудадан, әсіресе конкуренттерден қалып қоятын түрім бар. Соған байланысты осы баланы келесі жылғы баламен қосып «оптом» туып алсам бола ма?

Базаркүл КӨТЕРЕСАТОВА,
Алматы қаласы.

— Базаркүл, «естімеген елде көп» дегендей, мынауыңыз тағы да бір Америка ашқандай екен. Әрі қазақтың санын көбейтуге оңтайлы тәсіл. Мен де, то есть солай жасап көріңіз. Бізге теориядан гөрі, тәжірибе қымбат. Қазіргі әйелдер үшем тумаса, басы ауырып, балтыры сыздайтын болды. Өйткені үшем туса, пәтер береді. Бұл — жаман ба? Пәтерсіз еркектер де үшем туатын әйел іздеп кетті. Күні ертең қояндай шүпірлетіп туып жатсақ, қанекей! Бәлкім, осы салада да «конкуренттер» табылып қалар.





РЭКЕТТЕРІМІЗ ДАЙЫН

– Газеттеріңізде көк базардағы көкөністердің бағасын (болатын жерін) жариялап отырсаңыздар жол пұлымыз ышқырымызда қалар еді.

Узбекулла ТАШМАТОВ,
Ташкент облысы,
Рашидов нахиясы.

– Өзеке, көк базар біздікі болғанымен, ондағы баға сіздерге байланысты болып тұр ғой. Сондықтан тауарыңызды беймарал КамАЗ-ға басып келе беріңіз. Рэкеттеріміз дайын. Өзіңіз білесіз МАИ-дың жайын.

БАУЫРЫМ «СҮЗЕКЕ»!

Сүт пен айран ішіп үйренген қазақ, сауып отырған сиыры суалса, базарға апарып сатады да, пұл қылады. Я болмаса етке өткізеді. Ал алты айлық бұзауы, тфу құрғыр баласы бар әйел суалса не істейміз?

Аңғалбек ЖАҢҒАЛАҚҰЛЫ,
Қайыңжұрт үйінің тұрғыны.

– Аң-аға, суалған сиырды етке өткізгеніңіз дұрыс. Ал әйелді соймағаныңыз абзал. Өйткені, сүтке жарымаған әйелде қайбір ет болады дейсіз. Тілімді алсаңыз, «Караванға» хабарландыру беріп, нақты ақшаға сатыңыз. Алты айлық бұзауы, тфу мен де алжастым-ау, баласы бар қыз-қырқын көктемде қымбаттау болады. «Біреудікі біреуге тансық» деген бар ғой.

АЙНАЛАЙЫН «СҮЗЕГЕН» БАЛАМ!

Алдына қозы қарын байлап, қара басын күйттеген парақор, жемқор басшы көрсем, еңіреп жылағым келеді. О дүниеде тозақ күтіп тұрғанын қаперлеріне алар ме екен, шіркіндер. Соны айтшы, карағым.

Асан ҚАЙҒЫ,
Жер планетасы, Подвал ауданы,
Жеті қат жер бөлімшесі.



– Жаның жәннатта болғыр, Асан ата! Бұл жалғаннан қайғы арқалап кетіп едіңіз. О дүниеде де обал-сауабы жоқ қайғысыздарға қайғырып жатыр екенсіз-ау, жарықтық.

Сауалыңызға оралсам, әлгі креслода туылған, ешкімге қайырымы жоқ басшылардың ішкен-жеген, жиған-терген мал-мүлкінде халықтың нақақ көз жасы бар. Соның әсері Сізге тиіп жүрген ғой. Арам дүние о дүниеде қоңызға айналары рас болса, тәубаға сонда келер. Дертке дауа Алладан болсын!

ҚҰРДАСЫМ, СҮЗЕГЕН!

– *Баспасөз мәліметтеріне қарағанда, бізде әйелдер еркектерден 3-4 есе көп екен. Ендеше, неге бізге 3-4 тең әйел алып, отырып қалған қыздар мен жесірлердің сауабын алмасқа?! Бір жағы халық саны да күрт өсер еді.*

**Дәмесін ҚАРАЙГӨРҰЛЫ,
Қызылорда облысы,
Сусыз Арал ауданы,
«Ақ тұз» ауылы.**

– Дәм-аға, Сіздің бұл эврикаңыз аквариумдағы балықты жегісі келген мысықтың арам ойындай екен. Жүрегіңіздің түгі ну тоғай болса, эксперимент ретінде өзіңіз бастап көріңіз. Тек бәйбішеніңіздің сояудай тырнағы бетіңізде кетпесін.

ҚАСҚА БАУЫРЫМ, СҮЗЕГЕН!

– *Неге екенін білмеймін, ұйқыым келеді де тұрады. Қырыққа келгенше ұйқыым ашылған емес. Бұл ауру ма, әлде дерт пе?*

**Маубасқұл ЕСШЕҰЛЫ,
Маңғыстау облысы, Мұнай ауданы,
«Бекіре» ауылы.**

– Мау-аға, Сіздікі қазақ халқына тән тұқым қуалайтын жұқпалы ауру. Қасіретті дерт. Себебі, мен құс ұйқылы





казакты көрген түгілі, есіткен де емеспін. Үнемі қалғып-мүлгіп, есінеп, ұйқы шақырып жүреміз. Абай атам айтқандай, есектің құйрығын жусақ та мал табуымыз қажет. Дүниенің дәмін татқан адам ұйықтай алмайды. Сонда ғана бұл дерттен айығуымыз мүмкін.

ҚАДІРМЕНДІ СҮЗЕКЕ!

– *Менің төрт көшірмем (еңбекпен қамту биржасына құжат тапсырып жүргенде жұққан ауру), яғни төрт балам бар. Оларды өмірге әкеп, күнәһар болған әйелім екеуміз безделникпіз (енді не дейін). Соған жәрдемақы алайын деп «Еңбекпен қамту биржасына» (аты қандай әдемі еді) барсам, ондағылар 10-15 құжат сұрайды. Оларды алу үшін 10-15 мекемені адақтап, әрқайсысына ақша үлестіріп, пара беру керек. Онсыз әлгі тілдей қағазды алам деу – күпірлік болады. Сонша қаражатым болса, маған жәрдемақы алудың керегі не?! Енді не істеймін? Бір жапырақ нан болмаса да бір ауыз жылы сөз айтшы.*

**Қайырлы ЖАРЫМАСОВ,
Оңтүстік Қазақстан обл,
Техас ауданы.**

– Қайреке, біріншіден, (саусақтарыңызды дайындаңыз) бізде жазылған заңнан гөрі, жазылмаған заңды орындау басым. Бұл – қанға біткен қасиет. (Ары жығыл десе, бері жығылатын әдетіміз емес пе?). Екіншіден, әлгі емеурін танытатын қызметкерлер (жандайшап дегенім дұрыс па?) айлығын ала алмай сорлап жүрген соң, сіздерден «жәрдемақы» күтетіні – заңды құбылыс. Ол бейшараларға да түсіністікпен қараған абзал. Үшіншіден, Сіз справка сұрап келді екен деп бере салса, оларда қандай бедел қалады? Саясат туралы қандай сөз болуы мүмкін?! Төртіншіден, олар өз күнәларын тозақта тартады. Бесіншіден, Сіз бізден бір ауыз жылы сөз сұрапсыз. Біз де бюджеттің емшегіне жабысқан кенеміз, тойыст мекемеміз. Әлгі... болса, айтып қалатын шығармыз.





ҚЫМБАТТЫ ҚҰРДАСЫМ, СҮЗЕГЕН!

Екеуімізге, то есть Бауыржан үшеуімізге ортақ нағашы, жұрттың жиені, сатира арланы, «Тамаша» тарланы Құдайберген Сұлтанбаев ағамыз депутат болғалы да біздің қысыр сиырымыз екі туды. Білғи да «Хабардан» оның депутаттар арасында адам сияқты отырғанын көріп қаламыз. Енді оның шығарған күлдіргі заңдарын қашан оқ-е-е-п күліп отырамыз?

**Әзіләлі САТИРИН,
Қожанасыр облысы,
Т. Қожекеев ауданы,
К. Әмірбек ауылы.**

МЫҢ БОЛҒЫР ӘЗЕКЕ!

– Біздің Құдекеңсіз-ақ, «күлдіргі» заңның біразы шығып қойыпты. Бірақ, ол да қайтпады ғой. Сонда да болса оны азсынып, Құдекең қазір «Күлетін жерде күлмей, күлмейтін жерде күлетіндер туралы» заңның жобасын дайындап жатыр. Таяу арада бекітіліп қалады. Осы заңның сөзіне сазгер-депутаттар ән шығарады. Оны келесі сессияда әнші-депутаттардың орындауында тындап қаласыз.

ҚАЗАҚ НАШАҚ ЫДАШҰ?

Ескерту: Әр сөзді соңнан басына қарай оқыңыз.

Адуяат егізб ишрөк йа анысатеналп тағлаТ веабасұМ нағатсаб релрекшырағ ыбот пілек ыдноқ. Ғыдрало аднысара сыро ат, зуцнарф ад раб неке. Азат надратқзазақ нағларұқ пот нашақ ыдашұ?

**Кебони НАИТЕНАЛП
Шынақ Веабтәс ыгадныта
зыдлұж ышығрұт**





– Екени, ңыздынылауас нiнiруеме мiднiсiт. Иадук асалак пед ныйатйа iселек ңыздырысағ аднысаб немеге зiмiле ыдйа пiрднелешекеж пыла, кет анак ыдратказак йа ныйас аднос актрорук пiребiж камрыто. Аднысара, енирә казак ыратура ад ыдалоб. Зiнiтiк.

МИНИ КРЕДИТ БЕРЕ МЕ?

– *Үкiмет мен сияқты ақылы ұзын, қолы қысқа халыққа 400 доллар мини юбка (кешiрерсiз, қыз-қырқынның барлығы мини киген соң, ауыз да жыни сөзге дағдыланып қалады екен) мини кредит беретiнi рас па?*

Ақылбай НЕСИЕҰЛЫ,
Кентау қаласы.

Бауырым, Ақылбай!

Қазақта «Шығыс болмай, кiрiс болмайды» деген сөз бар. Сол айтқандай, Сiз 500 доллар пара берсеңiз, 400 доллар кредит ала бересiз. Сөйтiп қысқа қолыңызды ұзартып, болашаққа мини үмiтпен бара бересiз. Яғни, пара бересiз, ала бересiз, бара бересiз. Пара бермейсiз, онда несiбенiзден құр қала бересiз.

БЕЗЕУДЕН БЕЗЕР БОЛДЫМ

– *Безеу деген бәледен безер болып бiттiм. Дәулет, байлық беру жағынан сараңдық танытқан Күдай, безеуге келгенде жомарт бола қалған. Қысы-жазы бетiмнен қан тамады да жүредi. Бейнебiр маса мен кененiң «асханасы» тәрiздi. Көшеге шығудан қалдым. Бiрiн-бiрi жұлып жеп, жамандағанда жетi қат жер астына тығып жiбере жаздап жүрген депутаттыққа үмiткерлерге де дауыс бере алмадым. Таныстарымның түрiн, тұратын көшемнiң атын ұмыттым. Қайтсем дауа болмақ?*

Сары УАЙЫМ,
Басқала қаласы.





– Сар-аға, Сіздің қан дағы бар хатыңызды оқып отырып, менің көз алдыма неміс самолеті бомбалап кеткен орыстың кең даласы елестеді. Қайғыңызға онсыз да қисық қабырғамды қайыстырып ортақтасатынымды білдіремін. Безеуден өлген адамның моласын көрмесем де, оның дәрежесі рак сияқты авторитетный аурулардан кем емесі түйеге таңба басқандай анық.

Дегенмен, әр дерттің өз шипасы болатынына да сеніммен қараңыз. Мәселен, үйге қамалмай, көшеге шығыңыз. Әрине, кез келген көшеге шыққаннан ем қонбайды. Сізге бірден-бір дауа болар көше – Саин көшесі. Сондағы арулар Гиппократ антын қабылдаса да ауруыңыздан құлан таза айықтырады. Бетіңіздегі «асхана» да банкротқа ұшырап, жабылады.

ТАУЫҚ ҰРЛАП ТҰТЫЛДЫ

– *Менің досым аштықтан көзі қарауытып жүріп, көршімнің тауығын ұрлап, сотталып кетті. Таяуда екі шенеунік самолет ұрлап сатып жіберсе де, сотталмақ түгілі, оққағарларын шұбыртып әлі жүр. Мұны қалай түсінуге болады?*

**Үндемес ҮЙБҰЗАРҰЛЫ,
Тасжеген қыстағы,
Батырау облысы.**

– «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді» деген, бауырым! Екі секірістің мәнісі екі басқа.

«Егер Карл Маркс қазақ болса, «Капиталды» жазып, көз майы мен қат қағазды тауысып әуре болмас еді. Сол «Капиталда» айтарын қазақтың үш мақалымен айтып сап, шырт түкіріп отырмас па еді, жарықтық!» деп Қалтай ағамыз айтпақшы, сауалыңызға мен де мақалмен жауап бергенді дұрыс көріп отырмын.





Сандалған сауал

«Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады» дегеннің кері келген ғой Сіздің досыңызға. Сондықтан «Жығылсаң нардан жығыл» деп, алса – алақан толатын, жесе – жұғым болатын нәрсені ұрлауы керек еді. «Болмасаң да ұқсап бақ» демекші, ел басқарып отырған ағалардың үйренетін жақсы «қасиеттері» көп. Солардан «үлгі» алу қажет, «Үйрен де жирен» деген. Қарап қалма! Әрекет ет! Күніңді көр! «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды».

АУЗЫМЫЗДАН ҚАШАН МАЙ АҒАДЫ?

– *Бүкіл әлем бойынша біздің ел әлеуметтік жағынан соңғы орындардың бірінде тұрады екен. Атар таңымыз атса да күніміз шықпай-ақ қойды ғой. Аузымыздан қашан май ағады? Қайтсек бай боламыз?*

**Үмігәлі АШУЛИН,
Өспеген облысы,
Көшпеген ауылы.**

– «Өлмегенге өлі балық кезігеді» деуші еді, атала-рымыз. Сол айтпақшы, бізге кезігетін балық, уже өлді. Бірақ әлі кезікпей жатыр. Оны түбі тауып алатынымызға сенемін.

Сосын Үмеке, таразының басын тең тастап сөйлегеніңіз жөн шығар. Әйтпесе, Сіз көпке орынсыз топырақ шашып отырсыз. Сіз айтқан халықтың арасында алтыннан үй салып, дорбамен доллар тасып жүргендер де бар. Оларды біз еркелетіп «жаңа қазақтар» деп атаймыз.

Ал енді «Қайтсек бай боламыз?» деген сауалға келсек, оның да еш қиындығы жоқ. Қазір бізде кімдер бай?

1. Ауырса шет елге барып, 60 мың долларға емделетін жаны ерекше қымбат министрлер.

2. Удай қымбат қаржыға сатып алған креслосына адаспай, аман-есен келіп отырып, қайта тұрып кеткеніне айлық алатын шенеуніктер.





3. Ала таяғын шошандатқан сайын қолы қышып, әмияны ісіп, өзі ішіп жүретін МАИ инспекторлары.

4. Таксиден түсер-түспес дорбаңа ұмтылып, вагоны мен жолпұл нарқын айтып, жолаушыны «қоян» деп қарайтын, «қоянды сауын сиырдай сауатын, безразмерный вагонның иесі – жолсеріктер, т.т.

Олай болса, осы қызмет орындарына кедей тап өкілдерін қою керек. Ол байып, аузынан ақ май, сары май аққан кезінде жылы орнынан ысыра сал. Осы айналым арқылы халықты әбден байытуға болады. Бірақ оған «Ана» кісілер көнбейді ғой.

ҚЫЗДАР НЕГЕ ҚҰЛАЙДЫ?

– Бойы ұзын жігіт көрсе, қыздардың көзі неге жайнап, есі шығып кетеді? Қысқасы, ұзын жігіт көрсе, қыздар неге құлайды?

**Қысқабай НҰСҚАБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы,
Протон ауылы.**

– Қызықты да орынды сұрақ. Оның әртүрлі себептері бар.

Біріншіден, бойы ұзын жігіттердің түйе сияқты ақылы кеш кіреді. Олар (бұдан былай Пан жираф деймін) әрі аңқау әрі момын. Әйелдердің алдауына тез түседі. Реті келгенде жүндеп алуға жақсы.

Екіншіден, Пан жирафтар өз ақылынан гөрі, әйел ақылымен жүргенді ұнатады. Сосын әйелдің дегеніне көне беретін көнбіс. Мұндай ұпайдан әйелдер қауымы өлсе айрылғысы келе ме?

Үшіншіден, Пан жирафтарды әйелдер кір жаюға, перде ілуге, шифонердің үстіне бір затты қоюға немесе алуға,





«бір аяғың онда, бір аяғың мұнда болсын!» деп дүкенге жүгіртіп жіберуге, т.б. жұмыстарға пайдаланады. Олар да мұндайға таптырмайтын дене иесі.

Міне, осы себептерден қыздар қауымы Пан жирафтарды көргенде естерінен танып, құлап қала жаздайды.

КӨҢІЛ КІРІ АЙТСА КЕТЕДІ

– *Өткен жолы Ішкі істер министрі сон-а-ау Сарыағаштан а-а-нау Астанаға дейін қарбыз тасып, жол-жөнекей өзінің пысақай қызметкерлерінің ептілігіне «сүйсініп» қайтты деп естідік. «Мысыққа ойын керек, тышқанға өмір керек» демекші, министр басымен өз қызметкерлерімен солай «ойнауға» бола ма екен? Бірінің болмаса, бірінің жүрегі жарылып, я болмаса даулиенисі көтеріліп, өліп кетсе қайтеді? Обал емес пе? Екі жүз теңге деген пара болып па? Оны қайыршыға да береміз ғой. Садақа. Күнін көрсін, байғұстар.*

**Аяған ЖАРЫЛҚАҒАНОВ,
Сыбайлас ауылы,
Техас облысы.**

– Ай-аға, министрдің таяғының ұшына ілінген епті қызметкерлердің ішінде Сіздің бір ет-бауырыңыз бар-ау, шамасы. Әйтпесе, бұлай жалпақшешейлік танытатын жөніңіз жоқ. Баяғыда елінің қамын ойлаған хандар жыртық шапан киіп, қаланы, базарды жаяу аралап, халықтың мұң-мұқтажын тыңдаған. Қайрекең жаңалық ашып отырған жоқ. Ол кісі де көрегендік істеп, сол хандардың үрдісін жаңғыртып отыр. Ертең Көлік және коммуникация министрі Кәрім Масимов ағамыз Қытайдың ала дорбасын арқалап, пойыздарға отырса, көрер еді «өз қасқырларының» қалай жем тауып жүргенін. Әлихан Бәйменов ит өлген жерге қоныс теуіп, қоңыз теріп жеп отырған халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын ешкімге дабыра қылмай, өзі барып көріп





қайтса, қанеки! Бірақ Сіз бен біз айтқаннан халықтың жағдайы жақсармайды. Айтсақ – айтылған жерде, жазсақ – жазылған жерде қалады. Дегенмен, көңіл кірі айтса кетеді. Көңіліңіздің кірі кетуімен, Ай-аға!

АЙЛЫҚ ПЕН ШАЙЛЫҚ

– Жаңа жылдан бастап айлық өседі, зейнетақы көтеріледі, – дейді, сол рас па, балдар? Төрімізден көріміз жақын, шапанымыздан гөрі, мәңгілік жататын апанымыз дайын пендеміз ғой біз. Ертең өлсек, қожанка емес, шын киім керек. Соған жетсе де үлкен олжа болар еді.

Қанағат ТАҚУАҰЛЫ,
Ақирет ауылы,
Жалғанөмір облысы.

– Қан-аға, жаңа ғасыр табалдырығын қалтамызды қампитып аттаймыз деген ниет бізде де бар. Бірақ, айлық өссе, онымен қоса жарысып пәтерақы, суақы, жылуақы деген ақылардың өсетіні де бар ғой. Доллар да құйрығын бұлғандатып өте шығары сөзсіз. Біз Үкімет алдында алты жасар бала сияқтымыз. Сол қолымызға кәмпит беріп, оң қолымыздағы шоколадты алып қоя ма деп қауіптенем. Қазіргі тілмен айтсақ, компьютеріміздің дискетінде не жазылса, соны көреміз де...

ҚАРҒА ҚАШАН ТЫШАДЫ?

– Менің байымның жұмыссыз жата-жата жамбасы «шірігеніне» 10 жыл болды. Туылғалы бері балаларымның ішегінен сары май жүрген емес. Менің қарным да қазы-қарта аңсап құрылдағалы қай заман?! Сонда біздің қолға қарға қашан «тышады?».

Езілкүл ЕҢІРЕПОВА,
Жұрдай ауылы,
Дотация облысы.





Аса қымбатты Езілкүл Еніреқызы!

Сізді, тек жылы сөз айтып жаныңызды «семіртпесек» бізден басқа қайран жоқ. «Бақырғанға өкірген кезігіпті» дегендей, Сіз көз жасыңызды бұласаңыз, Үкімет еніреп, өкіріп отыр. Бізге оны жұбатқаннан гөрі, Сізге басу айтқан жеңіл. Ол байғұс келте көрпесін тартқылап, жыртудың сәл-ақ алдында тұр. «Сасқан үйрек салто тастайтыны» рас-ау. Енді «қаржы үнемдейміз» деп мектептерде сыныптарды қысқартып жатыр. Бір жерде «жандандыру» бөлімдерін жауып, ел-жұртты жанкештідей көріп отыр. Ыстық су мен жылуды мезгілінен кеш беріп, «денсаулық – зор байлық» деген сөзге қиянат жасады. Не керек – шөміштен қысып әуре. Соған қарағанда, қоғамға адам емес, қаржы қымбат-ау. Сондықтан оның өкіргенінен Сіздің бақырғаныңыз, әншейін ән салғандай емес пе?! Тірі адам тірлігін жасайды. Қарға көп ұшатын жерде бір емес, екі алақаныңызды бірдей тосып жүріңіз. Жіпсіз байланып, жамбасы «шіріген» байыңызды жаныңызға ерте жүріңіз. Ең болмаса, алақан тосуға жарайтын шығар.

САҒАТ ТІЛІН ҮЗІП АЛМАСАҚ ЖАРАДЫ

– Жақында әжетханада қазит оқып отырып, мынадай қызық мәліметке тап болдым. Жапондар сәбилерін балалар бақшасына ұйқысы қанып, өздері ояғанда ғана алып барады екен. Жапон ғалымдарының мәлімдеуінше, ұйқысы қанбаған бала ойынға зауқы соқпай, не болса соған ашуланып, көңілі пәс түсіп жүретін ұқсайды. Өсе келе олар ызақор, кекшіл болатын көрінеді. Неге бізге осыдан үлгі алмасқа?

Білгішбек БАСТАМАҒҰЛЫ,
Үлгілі ауылы,
Алматы облысы.

– Білеке, мен де ол қазитті (әжетханада емес) үйде жатып оқығам. Бірақ оны біздің шолақ белсенді шенеуніктеріміз естімей-ақ қойсын. «Қай жерден қаржы





кысқартам» деп көзі қарайып отырған олар, қайшысын балалар бақшасына ала жүгірмесіне кім кепіл! Біраз тәрбиешілердің обал-сауабына қалармыз.

Дегенмен, жапон ғалымдарының сөзінде жан бар. Бала түгілі, сол баланы дүниеге әкелуге септігі тиген өзімізді алып қарайықшы. Ұйқымыз қанбаған күні жұмыстан қашып-пысып, ілініп-салынып, кірпік айқастыратын жер іздеп, басымызды отырған столға соғып жүргеміз жоқ па?! Оны айтасыз, кейбір депутат көкелеріміз маңызды мәселе шешіліп, Қаулы-Қарар қабылданып жатқанда қалғып-мүлгіп отыратынын «Хабардан» талай көріп жүрміз ғой. Шикі заңның шығатыны да осы ұйқының қанбағандығынан-ау деймін.

Америка ғалымдары да күндіз құс ұйқының өте-мөте қажеттілігін айтады. Ал біз болсақ, сәбилеріміздің көзін таңғы жетіден «жыртып» ашып, көз жасын көл етіп, балалар бақшасына алып барамыз. Ол аз дегендей, көктем шықса, сағат тілін алға тартып, күз келсе артқа шегеріп, құдіреті күшті Құдайдың мөлшеріне «өзгертулер мен толықтырулар» енгізіп, оларды ұйқылы-ояу отыратын депутаттарға бекіттіріп, әлекке түсіп жатамыз. Қазір қылмыс жастар арасында өршіп тұрса, соның бәрі сағат тілін ең алғаш алға тартқан кезде туған балдар. Он сегіз мың ғаламды жаратқан Алла-Тағаланың ісіне қарсы болғанның көрер күні осы да. Келер ғасырда қайтер екенбіз? Сағат тілін «үзіп» алмасақ жарады.

АТТАН ДА, ТАҚТАН ДА ТҮСПЕДІМ

— Мен ғұмыр бойы аттан да, тақтан да түспеген, ылғи да пара алатын, егер пайдасы болса, Солтүстік Мұзды мұхитты да жара алатын көк тіреген басшы ағаларыңның бірі боламын. Қазір бізді жұрт «жаңа қазақтар» деп атайды.

Айтайын дегенім, мен өмірімде бір де бір адамға зекет бермек түгілі, көзімді төмен салып, басымды иіп көрген емеспін. Құдайға жалбарыну былай тұрсын, сол Құдайдың





өзімен теңесіп, кейде оны өзімнен кейін шегеріп қоюшы ем. Менің көзімді байлап, санамды ұлап жүрген қу доллар мен боқ байлықтың буы екенін енді-енді сезіп келем. Өмір бар жерде өлімнің барлығы есіме түсіп, ж-а-а-м-а-а-н қорқып жүрмін. Ел қатарлы голодовка жариялап, күнәмді жуып алсам, Алла араша болар ма екен? Онда да ауызымды пол ставкамен, яғни обедтен кейін бекітсем деймін. Енді не істейін? А?

**Асаған ЖАСАҒАНҰЛЫ,
Арамой ауылы,
Тамұқ облысы.**

Құрметті Асаған Жасағанұлы!

– Осы жасқа келгенше күнә жасаудан алдыңызға жан салмапсыз. Әсіресе, өзіңізді Құдай санағаныңыз сұмдық екен. Бұдан асқан күнәнің жоқ екендігі және даусыз. Асарыңызды асап, жасарыңызды жасап болғаннан кейін тәубеңізге келіпсіз. Оған да шүкір. Соған карағанда, жүрегіңізде бір кілтипан бар-ау. «Қазақтың түстен кейінгі ақылын маған бер» деген екен бір еврей. Сол айтқандай, обедтен кейінгі ақылыңыз – ақыл-ақ!

Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп үйреніп қалғаныңыз сауалыңыздан байқалып тұр. «Голодовканы» обедтен кейін емес, ел қатарлы таң атқаннан күн батқанға дейін «жариялаңыз». Жетім-жесірлерге қарайласып, ашық-арықтарды тойындырыңыз. Әр қырық қойдан бір қой зекет беріңіз. Шетелде айналып жүрген қаржыларыңызды жеңілдік беріп тұрғанда елге қайтарыңыз. Игілікті істерге демеуші болыңыз, «Қазақ байыса, қатын алады» деген. Солардың біразына бостандық беріңіз. Азып-тозған ауылдарға мектеп, мешіт салдырып беріңіз. Аса мұқтаж адамдарға ешқандай процентсіз қаржы беріңіз. Қажылыққа барыңыз. Сол кезде, бәлкім аса кешірімді Алла Сізге де қарайласып қалар. «Голодовканыз» қабыл болсын, Ас-аға!

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





ІНГЕНІМНЕН ДЕ, МІНГЕНІМНЕН ДЕ АЙРЫЛДЫМ

Ассалаумағалейкум, Жат-аға!

«Бармысың, бауырым!» бағдарламасына беріп, өзіңізге іздеу саламын ба деп жүргенімде су түбінен шыға келген сүңгуір қайықтай «Айқын» газетінің бетінде «қалқып» жатқаныңыз мұндай жақсы болар ма?!

Күй сеніңіз, күй сенбеңіз, Сізді көргенде ажырасып кеткен әйелім суретіме қарап-ақ өзімнен аумайтын егіз ұл туып бергендей қуанып қалдым. Мына түріңізге қарағанда, любой «разборкаларды» жатып-ап шеше беретін сияқтысыз ғой. Осы жұрт «Алматыда ағам бар, Астанада Жәкем бар» деп Сарыарқаның сары аязында «терлеп», желпінеді де жүреді. Сіз маған аға болсаңыз, мен Сізге таға болайын. Мына біздің шекемізге шөңгедей қадалған шешімді бұзып, арыз-шағымымызды мұң-шерсіз шенеуніктерге жеткізіңізші. Айтуға ауыр, бірақ айтпасқа тағы да лажым жоқ.

Бір күні жағына жетпіс жеті жылан жұмыртқалағыр жолдасым Жетпісбай жыбырлап отырып: «Қатының болмаса, қаржының да артылып қалатын кезі болады» деп құлағыма қытай лапшасын ілді де кетті. Бұл сөз менің бойымдағы сайтанымды түртті. Сол күннен бастап әйелімді отырса опақ, тұрса сопақ, жүрсе шопақ етіп, дереу төркініне «жер аударып» жібердім. Көз жасын бұлап ол, артынан жылап-құлап, улап-шулап бала-шаға кетті. Үйдегі ішіп жейтін ауыз «қысқартуға» түскен соң, қалтам қамшып, қарным жалпып шыға келді. Қаржы артылған соң теріс тізгінді темір тұлпарды мініп алдым. Жора-жолдастарымды Жетпісбай сияқты «Қатынды түнде ғана «мінесің», ал тұлпарды күндіз-түні мінесің» деп жазғырдым. Сөйтіп айдарымнан жел есіп, жағам жайлауда жүргенде «теріс тізгінді темір тұлпар мінуге болмайды» деген бұйрық бір-ақ күнде бұрқ ете қалды. Содан бастап мені МАИ-дың инспекторы тоқтатады, оның «ашуын» қалтамдағы қаржы тоқтатады. Әйтеуір не керек, соңғы кезде олармен жиі-жиі «қол алысып», аралас-құраластығымыз артып келеді. Баяғыда әйеліме ақшаны шым-шымдап беруші едім. Ал мыналарға мың-мыңдап беретін болдым. Сонда деймін-ау,





Сандалған сауал

шет ел асып, осы тулпарды алып келе жатқанда, кеденнен өтерде, салық төлерде, заңдастырғанда біреу бірдеңе демеп еді. Ендігісі не? Бұл – тапа-талтүсте көзіңді бақырайтып қойып барымталаудың нақ өзі ғой. Баяғыда бір бейбақ «Ингенімді іздеймін деп, мінгенімнен айрылдым» деген екен. Сол айтпақшы, енді мен «інгенімнен» де, «мінгенімнен» де айырылып тұрмын.

**Сәлеммен
Асаубай АДАСҚАНҰЛЫ,
Тараз облысы,
Весы ауданы**

Құрметті маған таға болуға үмігкер Асаубай Адасқанұлы!

Шындықты айтсам, қоғамның шырқы бұзылып, өтірік айтсам, өңі кіреді. Сондықтан өңге ем болатын сөз айтайын.

Күні кешеге дейін қазақ үш жүзге бөлініп келіп еді. Енді төрт жүзге бөлінетін болды. Соңғы жүзге өзін сияқты атқа теріс мінгендер жатады. Бұл топтың мықтылығы сол – төртінші жүзге барлық ұлттар мен ұлыстар кіреді. Соған қарамастан өте ұйымшыл. Олардың ішкені де – бір, жегені де – бір, тіпті көрген түстері де – бір.

Көсемі қайда барса, шешені де, ауру-сырқаудан есені де сонда барады. Соңғы кезде олар алаңға шықпаса, алаңдайтын болып жүр. Жарғақ құлақтары жастыққа тимей, дауыстарына «усилитель» қосып айқайлайды, байғұстар. Әдетте, шындықты тек сәбилер және ақымақтар айтушы еді. Сен соңғысынан болып тұрсың ғой. «Қаңғырған қаңбақсың» демекші, әйел, бала-шағанды қаңғыртып, «мінерінді» жаңғыртып, қайда барып опа таппақ болдың? Сөйтіп отырып зәкөн қуалап, заңның «жағасынан» алғың келеді. «Өкіргенге бақырған кезігіпті» деген сөзді естіген боларсың. Сендердің тірліктерің тура сол. Ойбай-ау, жазылған заң орындала берсе, онда депутаттар не істейді? Олар бүгін жазылған заңға ертең өзгертулер енгізіп, арғы күні толықтыру үшін отырған





жоқ па?! Сондықтан заңды әбден «пісіп», жетілген кезде пайдалану керек. Шикінің аты – шикі. Кейде ол ішінді бүреді, кейде ісінді бүреді. «Мені құртқан көк шолақ» деген атақты өлеңді білмейді екенсің-ау. Енді біле жүр. «Темір көк шолақ» сені әлі талай рет құртады. Айтпақшы, «Жаяу Мұса» әнін де жаттай салшы. Бұл ән «төртінші жүздің» әнұранына айналып кетуі ғажап емес.

АДАЛДАП АЛМАҚ ОЙЫ БАР

Амансың ба, Матъшатар қайным-ау!

Мына жатысыңа қарағанда, екіаяқты пенде атаулыға алты аларың, бес берерің жоқ, төрт құбыласы түгел адамға ұқсайсың ғой. Осы жасқа келгенше талай жатыстарды көріп едім. Бірақ дәл сен сияқты қазит бетінде жатқан адамды көрсем, дальныйы күйіп, ближнийы ғана жанатын екі көзім ағып кетсін.

Жатқан жерің жайлы болғыр қайным-ау, менің шалым Алдаркөсенің алпыс алтыншы ұрпағы болып келеді. Соны пайдаланып, өзіңді сыртыңнан «қайным» деп еншілеп, әзілдеп жатқаным ғой. Артық айтсам, айып етпе. «Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма» деуші еді сүйегі әлдеқашан құрап қалған қайын аталарым. Сол айтпақшы, өзіңе хат жолдай отырып, бойымда «ұйып» қалған бұйымтайымды неге айтпасқа?!

Қазір ел-елде мен сияқты «жылжитын», жылжымайтын мүлікті заңдастыру жүріп жатыр. Тамақ ішіп, табақ босатар шалымның төсек тартып жатып қалғанына біраз жыл болды. Оның өзі қимылдамаса да, тілі «қимылдап», менің онсыз да мүкіс құлағымды жеп қойды. «Көзімнің тірісінде қорадағы малдарды, өзіңді заңдастырып қой» дейді. Оның айта алмай жатқаны мынау ғой. Кезінде Үкіметтің оншақты малы мен бірер ірі қарасын «байқамай», қораға кіргізіп жіберіпті. «Арам мал қораға артымен кіріп, алдымен шығады» деген бар емес пе еді?! Сол айтқандай, малдар біздің қораға арам болып артымен кіріп еді. Енді адал болып,





алдымен шықсын дегені ғой, байғұстың. Оның үстіне мені де кезінде ешқандай заң-зөкенсіз үйіне кіргізіп, «Тоқал» деген «атақ-дәреже» берген болатын. Адамдардың қатарынан сызылып, аруақтардың тізіміне жазылар шағымда мені де «адалдап» алмақ ойы бар. Бір аяғым төрде, бір аяғым көрде тұрған тұста енді кімге барып шағынамын?! Қайным болған соң өзіңе айрандай ақтарылып жатқан жайым бар. Бұл мәселені шешерсің, шешпессің, бірақ «көңіл кірі айтса кетеді» деген, қайным. Сол айтқандай, орыс моншасына түскендей бір жеңілдеп қалдым. Ал ендігі «көңіл кірім» жиналғанша сау боп тұр.

**Сәлеммен адамға 50 пайыз үксайтын жеңген
Заңсызкүл МҮЛІКҚЫЗЫ.
Жапан дала облысы,
«Жалғыз үй» ауылы**

ЖЫЛЖИТЫН МҮЛІК БОЛЫП ШЫҒАСЫЗ

**Армысыз, бұл жалғанда әлі де бармысыз арсыз
Заңсызкүл жеңгей!**

Жата-жата жамбасы шіріген шалыңыздың «диктовка-сымен» жазған үтір-нүктесі жоқ хатыңызды алдым. Жапан даладағы жалғыз жеңгем-ау, ең болмаса ем үшін болса да бір-екі үтір қоя салмадыңыз ба?! Сіздің хатыңызды оқимыз деп, деміміз бітіп, үзіліп кете жаздадық қой. Оның үстіне мені тірідей өлтіріп, көзімді бақырайтып жаназа оқып, «жатқан жерімді жайлы» етіп қойыпсыз. Сөйтіп отырып «аруаққа» арыз айтасыз. Мейлі, ол Сіздей арсыз жеңгелерге жарасады. Ал енді «Барсакелмеске» аттанғалы жатқан шалыңыздың аманатына келсек, оныкі – дұрыс. Бұл жалғаннан о дүниеге күнәсін жуып, «тазарып» барайын дегені шығар. Егер әрбір адам Сіздің шалыңыз сияқты тәубасына келсе, онда мына өмір құлпырып сала берер еді-ау. Қазір біз тұсақ ұрлаған ұсақ ұрыны ұстап, түрмеге қамаймыз да, «ұлы» ұрыларды бастық қылып жіберетін болдық қой. Сіздің





шалыңыз оншақты мал ұрласа, олар оншақты ферманы «жұтып», зауыт-фабрикаларды «жеп» қойған. Солар да түк болмағандай бүкіл мүлкін заңдастырып қойды. Сондықтан Сіз де әрекет жасаңыз. Қазының да қазы жегісі келетінін жақсы білесіз. Ендеше сотқа шалыңызбен бірге емес, малыңызбен бірге барыңыз. Екеу болып барып, жалғыз қайтсаңыз, бүкіл шаруаңыз ың-шыңсыз шешіліп, тасыңыз өрге домалайды. Сіз де о дүние мен бұл дүниеде заңдастырылған «жылжитын мүлік» болып шығасыз. Осы «ақылымды» алып, Алдаркөсенің алпыс алтыншы ұрпағының заңды кемпірі болған күні маған хабарласады деп үміттенемін. Жуғанның көкесін сонда көрсетеміз.



ШЕНЕУНИКТЕРДІҢ ТУЫСТАРЫ БОМЖ БА?

Бар болғыр бәтшағар, Жатқанбай балам!

Заман бұзылып бара ма, әлде адам бұзылып бара ма? Заман сол орнында тұр ғой, адам бұзылып бара жатыр-ау, шамасы. Осы «жейтін» нәрсе таппай қалғандай, адамдар бір-бірін «жеп» барады ғой, масқара! Ашаршылық кезде де мұндайды естіп-көрмеп едік. Осыған қарап, төрт аяқты есектен екі аяқты «есек» жаман ба деп қалдым ғой. О, тоба! Ақырзаман таяп қалды ма қайдам, қойға қарайды деген адамым қой терісін жамылған қасқыр болып шығады, түге. Екі адамды басқарған адам (дұрысы – надан) өзін ерекше сезініп, «әулие» боп шыға келеді. Соған қарағанда, олар «басқар» деген сөзді «бас ал» деп түсінеді-ау деймін. Өйткені іс-әрекеттерінің бәрі соған көбірек ұқсайды. Дерек-дәйек қажет пе? Айтайын... Құдай бетін ары қылсын, «бізді ұры-қарыдан сақтайды, бізге пана болады» деген аудандық полицияның бастығы наркобаронның «атасы» болып шықты. Сонда біз кімге сеніп, кімді арқа тұтып келгенбіз? «Басы ауырмастың жанында балтырың сыздамасын» дегендей, «ақ халатты абзал жандарымыз» дертке шипа емес, сау адамға ауру «жаман» беріп жүр. Ал облыстағы шенеунік Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен еңбек мүгедектеріне арналған пәтерлерді құтты бір ата-бабасынан қалған мұрадай

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





етіп, туған-туыстары мен тамыр-таныстарына «оптом» сатты. Осыған қарап «шенеуніктің туған-туыстарының бәрі бомж ба?» деп қалады екенсің. Қазір кошеден бомж көрсем, «қай шенеуніктің туысысың?» деп сұрағым кеп тұрады. Басқа – басқа. Мына ұстаздарға не жорық? Олар білім мен ілімді бір тілім «қағазға» айырбастап, дипломды базарда тұрып ет сатқандай саудалауды әдетке айналдырып алды. Ол – ол ма! Молдаларымыздың өзі күндіз имам, түнде Иван болып кетіп жүр. Астанадағы «төрелер» айына 365 мың долларды шытырлатып санап алып, оны да місе тұтпай, сыйақы дәмететін көрінеді. Сонда ол қай ата-бабасының құнын жоқтап, елге сіңірген қай еңбегін пұлдап отыр? Міне «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деген – осы.

Айтарымды айтсам да, енді қорқа бастадым. «Жұмаққа жетелеген тіл, тамұққа да тартар» демекші, өз ажалымды өзім шақырып отырған жоқпын ба? Бірақ айтылған сөз, атылған оқ. Бұл дүниенің жұмағынан о дүниенің тамұғы артық. Оң жағыма қарасам, Кираман періштем, сол жағыма қарасам, Катбин періштем қорғасын. Жаратқан Ием жұмыр басты пенделерден өзің сақтай гөр! Әумин! Ал балам, қайыр қош!

**Сәлеммен атаң
Асан ҚАЙҒЫҰЛЫ.**

(Мекен жайымды көрсетуге
қорқып отырмын).

«СӨЗ МАЙДАНЫНЫҢ ҚАҺАРМАНЫ»

Ассалаумағалейкум, Асан ата!

Сіздің жүрек жұтып бастап, зәре құтыңыз қалмай аяқтаған хатыңызды алдым. Қара қылды қак жара отырып ақиқатын айтыпсыз. Бұл ерлігіңіз үшін «Сөз майданының қаһарманы» деген алтын жұлдызды кеудеңізге қадауға әзірмін. Не болса да айтып өліңіз. Жүрегінің түбінде кір жасырмай, айтарын айтып кеткен адамда арман болушы ме еді, тәйірі!

Бұл сөзді Елбасы Қауіпсіздік Кеңесінің мәжілісінде





және халыққа жолдаған соңғы Жолдауында санасы бар адамға жететіндей етіп қатты-қатты айтты. «Мұндай адамдарды қара жер қалай көтеріп жүр?» деді. Адам өлтіретін сөз. Бірақ бұған өле қоятын сарай нөкерлерін көрген жоқпын.

Кезінде біз «Дін – апиын» деп келдік. Жо-о-қ. Дін емес, шен, билік, байлық – апиын. Биікке шыққан адамның басы айналмай тұрмайды. Ең соңында «кұсып» барып, құлайды. Қазіргі шенеуніктер әзірге әлі тыраштанып биікке өрмелеп бара жатыр. Төменге қарағысы келмейді. Егер есекке бүгін арпа берсең, ертең ол жоңышқаны ас екен демейді. Бұл да сондай нәрсе. Негізі, бастықтарда бас болу шарт емес. Соған қарамастан дүйім халықтың «басы» болғысы келеді. Парадокс деген – осы. Әгәреки әлгі «толмаған» тұлғалар мен «болмаған» билер өз еріктерімен қызметтен кетіп, олардың орнына «Елім, жерім» деген нағыз отаншыл азаматтар келіп жатса, онда алақанымызды аямай, қызарғанша, қызғанша соғар едік-ау. Бірақ оған дейін бірер ғасыр күте тұру керек болатын шығар. Оған дейін Сіз де, біз де аман болайық. Бәрінен бұрын Қазақ деген халық аман болсын. Ең бастысы – Алла, қолдап, қорғап жүре берсін! Әумин!

ҚАШАНҒЫ ШЫДАУҒА БОЛАДЫ?

– Не боса о босын! Енді жолықса тура атып өлтіремін. Қашанғы шыдауға болады?! Малдан мал, тұяқтан тұяқ қалдырмады. Түнде келеді де қырып кетеді. Күндіз жортып жүріп жойып кетеді. Көрген-баққандары менің малым болды. Қой қорам – асхана, мен – аспазшы емес шығармын оларға. Бұл тұз тағысы – қасқырларды құртатын күн туа ма, жоқ па?

Қойбағар ЖЫЛҚЫАЙДАРОВ,
Капиталистік Қазақстан облысы,
Сынақ ауданы,
Ереуіл ауылы





БІЗДІҢ ҚАСҚЫР ҚАУІПТІРЕК

– Қой-аға, қолыңыз қышып, қаныңыз ысып, ашуыңыз арнасына сыймай, асып-тасып отырғанда жазған хатыңызды алдық. Найзаның ұшында отырғандай, үркіп-шошып, қалтырап-дірілдеп, бір ысып, бір суып, қорқып отырып оқыдық. Иманды да, зәрені де опытом алдыңыз. «Ә» дегеннен жағадан алыпсыз. «Бұл кімді атып, кімді өлтіргелі отыр? Ол бағы ашылмаған сорлы кім екен?» деген сауалдар сананы соққылап, жүректі жұлқылап, өкпені езіп өтті. «Кезінде малды миллиондап қырған бұрынғы Үкімет адамдарын аямай атып тастағалы отыр ма?» деп қалдық.

«Қой көрсе, құлқыны ашылып, қозы қарны созылып, қуырдақ жегісі келіп тұратын шала сауатты, шолақ белсенді бастықсымақтың бірін жер жастандырып жүрмесін» деп қорыққанымыз да рас. «Малдан мал, тұяқтан тұяқ қалдырмады» дегеніңізге қарап, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайтын комиссияшыл шенеуніктердің тісі батты ма екен?» деген де ой келеді.

«Түнде келіп, қырып кетіп жүрген шопан түгіл, полицияның өзі қорқатын мафиоз, рэкет, қарақшылар ма, әлде жұмыссыз босып жүріп ұрыға айналған, тепсе темір үзетін ауыл жастары ма? Қайсысының жаны жаһаннамға жақын тұр?» деп жанымызды шүберек таппай, беторамалға түйгеніміз де ақиқат.

Сөйтсек, кәдімгі өзіміздің үйреніскен жау – қасқырды айтып отыр екенсіз ғой. Бразилияның «Земля любви» телесериалындағы кейіпкерлерше айтсақ: «О, Мадонна» сол да сөз боп па? Жоғарыда біз айтқан «Қасқырлар» Сіз айтқан қасқырлардан он есе, жүз есе қауіпті. Біріншіден, біздің «қасқырлардың» түр-тұлғасы, ақыл-ойы, адам сияқты бет-әлпеті, кейпі бар. Екіншіден, ақша санайтын білімі, сиырдың тіліндей дипломы, қарғаның тамырындай тамыр-таныстары, заң түгіл шаң жуымайтын шанстары бар.

Үшіншіден, зам емес, пом емес, «Самның» өзі отыратын былғарыдан жасалған креслосы бар. Осының бәріне қарап, «адам екен» деп қаласыз. Олар адамды





торғай арбаған жыланша арбап, барынды, малынды сыпырып алып, пілдей етіп, жұрдай қылады. Кешегі Балқаштағы оқ-дәрі қоймасын өртеп, жарып отырған да, пәленбай әскери ұшақты Солтүстік Кореяға сатып отырған да Сіздің емес, біздің «қасқырлар».

Қалт-құлт еткен халықтың ақшасын буып-түйіп, «шу» деп шетел асып кеткен Нұрлан Смағұлов пен Талапкер Иманбаев Сіздің қасқырдан несі кем?! Сіздің қасқырлардың бірде болмаса, бірде қарны тояды. Ал біздің «қасқырлардың» өзі тойса да көзі тоймайды.

Құран Кәрімде айтылғандай, олардың көзі тек топырақпен ғана толады. Ал жиған-терген малы шаян болып шығады. Ал біз әліптің артын бағайық. Сіз даладағы қасқырмен, біз қаладағы «қасқырмен» алысайық. Біздің жеңіске қарағанда, Сіздің жеңіс жақындау. «Бұдан да жаман күнімізде тойға барғанбыз» дегендей, біздің «қасқырлар» әлі де тойға барады. Сіз қой семіртіп, дайындап қойыңыз.

СҮЙКІМСІЗ ТОҚАЛДАН ТУДЫҚ ПА?

Гүлденген әлем, Атыраудан сәлем!

– *Жат-аға, осы әйелдердің басы алтын, кеудесі күміс, беті бриллиант па қайдам, жылы-жұмсақ тағамдар мен жалт-жұлт еткен асыл жақұттар, соңғы үлгідегі киім-кешектердің барлығы соларға арналған. Ол аз болғандай, қыз-қырқындар жігіттердің костюм-шалбары, көйлек-көнішегі, майкі-галстугі, бас киім-белдігі, ең әрісі көлігіне дейін тартып алды. Оларға арналып, «Қазақстан әйелдері», «Мода», «Ақ босаға», «Ерке-нұр», «Ақ отау», «Сырғалым» секілді газет-журналдар мен қосымшалар шығады. «Әйелдер кеңесі», «Іскер әйелдер» қоғамы сияқты толып жатқан ұйымдар көп. Соларды біреу талап-жалап, тонап-қанан, асып-басып кететіндей, сол сылқым сұлуларды демеп-желеп, қорғап-қолдап отыратын Қаулы-Қарарлар мен Өкім-*





Сандалған сауал



Үкімдердің өзі бір төбе. Әйелдердің еркектермен тең праволы екендігін Құран сүресіндеі жатқа білеміз. Тіпті олардың құқықтары 80 пайызға жақындап қалды ма деп қауіптенем. Сонда біз – еркектер сүйкімсіз тоқалдан тудың па? Әлде «Өлдің, Мамай, қор болдың!» деген осы ма?

**Бақталас КҮНДЕСҰЛЫ,
Қатын облысы,
Қалаш ауданы.**

БАҚТАЛАС БАУЫРЫМ!

Сіздің шегірткенің айғырындай «айқайлап», бордай езіліп, егіліп, борбай етің сөгіліп, іштей қан жылап отырып жазған хатыңды алдым. Әрбір сөзіңіздің астарынан қыз-қыз қайнаған қазанның елесі көріне ме, қалай? Соған қарағанда, ішіңізден пышақ айналмайды-ау, шамасы. Әлде қыз-қырқындарға кетіп қалған есеңіз бар ма еді? Қалай болғанда да алақаныңызды ашып, мұз боп қатқан жүрегіңізді жібітіп, қабағыңызды жадыратып, жүзіңізді жылытып қойсаңызшы былай...

Бәке, Сіздің сүйкімсіз тоқал емес, сүйікті бәйбішеден туғаныңызға ешқандай күмәніміз жоқ. Айтқан сөздеріңіздің бәрі қышыған, қозған жерден тиіп тұрғаны да рас. Бірақ Сіз бұл мәселеге микроскоппен қарағандай, өте мұқият әрі терең үніліп көріңізші. Бұқаралық ақпарат құралдарында қандай зат өте көп жарнамаланады? Әрине, саны көп, сапасы төмен, өтімі қиын тауарлар. Тіпті ол заттың біреуін алсаң, екіншісін тегін береді. Егер баспасөз мәліметтеріне сүйенсек, бізде еркектерге қарағанда, әйелдер 3-4 есе көп екен. Соны білетін қазекем «Бас-басына бай қайда?» деп кейітіні де сондықтан. Міне, осы себептен әйелдер әлгі тауарлар сияқты тез өтуге тырысады. Қазақтың «жаңасы» да, «жаманы» да сәл байыса, қатын алғысы келіп тұратыны белгілі жайт. Ондай шансты әйел атаулы өлсе жібере ме?! Тоқалы болса да тиіп алулары керек. Сондықтан олар басынан бастап, тырнағына дейін бояп-сылап, тәулік бойы кез

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





келген еркектің етегінен ұстап жүре беруге даяр тұрады. «Әйел өлерінде де айнаға қарап алып өледі» деген рас сөз. Сондықтан оларды үлде мен бүлдеге орап, қымбат әшекейлермен безендіріп, опа-далап жағып, газет-журналдарда жарнамалап өткізбесек, байсыз қалмай ма?! Әрі өзіміздің де құлағымыз тыныш, ұйқымыз қанық болады. Міне, қыздардың осы сырын жақсы білетін Үкімет оларға барлық жағдайды жасап, жеңілдіктер беріп қойған. Ал еркектер қашанда сұранысқа ие. Қыз-қырқынды былай қойғанда, сексеннің сеңгіріне шыққан кейуаналардың өздері «Отыз ұлымнан бұрын, осырақ шалым аман болсын» деп отырмаушы ме еді?! Құдай Сіздің кемпіріңізді солай деп айтуға жазсын. Бар болыңыз әйтеуір!



ЕРІККЕНДЕР ЕЛБАСЫ БОЛА МА?

Армысың да бармысың Жатқанбай бауырым!

Күні ертең елімізде Президент сайлауы өткелі жатқандығын қалқан құлағым шалғы орақша шалып қалды. Соны естігелі бері елден де, менен де маза кетті. Қарап отырсам, Президенттікке үміткер болуға он беске жуық адам өтініш тапсырыпты. Олардың ішінде әлі сиырдың «астынан» шығып үлгермеген әйелдерден бастап, қой қырқынында бас жүлде алған қырқынышылар да бар көрінеді. Тіпті бір отбасын басқара алмай отырып, Елбасылықтан дәметушілер де жүр ғой онда. Мен бәйбіше мен тоқалды екі отау етіп, таразының басын тең ұстап отырған, екі бірдей шаңыраққа еңбегі сіңген отағасымын. Олай болса, мен неге Елбасылыққа үміткер болмаймын? А! Бұған сен не дейсің? Бірдеңе деші ал!

**Бақталас ТАҚТАЛАСҰЛЫ,
Қызықорда қаласы**

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





ЖАРЛЫ – БАЙ, БАЙ – ҚҰДАЙ БОЛҒЫСЫ КЕЛЕДІ

– Бақ-аға! Бір бетке бес батпан ойыңызды сыйғызып жазған, астары менің әжемнің құрақ көрпесінен қалыңдау хатыңызды алдық. Қышыған жерді қаси түсіпсіз. «Біреу сөзіңді сөйлеп жатса, тілің қышып бара ма?» дейді ғой атам қазақ. Көмейіңізге кеп қалған көп сөзді енді мен тоғытайын. Сіз қызып кеткен қызыл кеңірдегіңізді суыта отырыңыз. Жаңа өзіңіз айтпақшы, ұзын құлаш тізімді оқығанда, мен де бір құлап тұрдым. Енді болмаса, Әзірейілдің тізіміне іліккендей екенмін. Көрер күніміздің, атар таңымыздың, татар дәміміздің болғаны ғой. Әйтеуір әупірімдеп аман қалыппын. Бәлкім, Сізге жауап жазуға Жаратқан Иенің өзі мұрсат берген болар. Енді негізгі әңгімеге көшейік.

Көнерген сөздер қорында: «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолынды біл!» деген сөз бар еді. Қазір сол сөз түсінетін Аяз билер кетіп, олардың орнына Таяз билер келді ғой. Олар ой бағуды, қой бағу деп түсінетін сықылды. Халыққа қарап «Қайт» деп айқайласа, кері жүре береді деп түсінеді ғой деймін. Әлде, Елбасы тағының буына мас болып отыра беремін дей ме екен, шіркіндер! Біле білген адамға патша – жердегі жарты Құдай. Ендеше Құдай патшаны өзі сүйген құлынан қояды. Оған ерекше дарын, нұр береді. Төрт құбыласын түгел етеді. Сосын барып басына бақ, астына тақ келеді. Оны түсініп жатқан пенде бар ма? Барлық жарлы – бай, одан Құдай болғысы бар. Егер Құдай көзге көрінер болса, оның да орнына сайлау өткізер едік-ау, ә! Құдай да соны білетін болуы керек, көзге көрінбейді. Баяғыда бір данышпан өлер алдында: «Дүниеден ұлы актер өтіп бара жатыр» деген екен. Сол сияқты біз бәріміз бұл өмірде актерміз. Кез келген рөлде, кез келген сахнада шамамызға қарамай ойнай бергіміз келеді. Сайлау – сахна, үміткер – актер, халық – көрермен. Ендеше Құдай бізге саяси қойылымның көрермені болуды жазсын! Әліптің артын бағайық президенттікке экс-үміткер, Бақ-аға!





ТІЛІ БАРДЫҢ БӘРІ ТІЛДЕЙДІ

Мәселені жатып шешетін Жат-аға!

Бала-шағам аштан өлсе де жұмыстан кетемін. Болды! Бітті! Осы шыдағаным да жетер. Еріккеннің ермегі болар мен емес. Қайда барсаң да Қорқыттың көрі. Тойға барсаң да еститінің – мазақ, ойға барсаң да еститінің – мазақ. ТЮЗ-да да – мазақ, түзде де – мазақ. Бұл өмір мен үшін өмір емес, жанып тұрған тозақ. «Ауруын жасырған өледі» дейді қазақ. Мен сол «ауруымды» жасырмай, жалпақ жұртқа жария етіп, одан құлантаза айыққым келеді. Құрысыншы! Бәрін басынан бастап баяндап берейін.

«Құл болу – оңай, азат болу – қиын» депті ғой бір білгіштер. Сол құлдықтың қамытын мен жұмысқа тұрған күні кидім. Қысқасы, «Көздің қарасы, таяқтың аласы жақсы» демекші, мен сол ала таяқты жақсы көретін МАИ қызметкерімін. Жұртышылап айтсам, машина аңдыған итпін. Әйтеуір, халық «ит» деп ат қойып, айдар таққан соң, итшілеп жүріп, үйдегі «күшіктердің» нәпақасын сүйрелеп алып келеміз. Одан жұмысқа барсақ, ол жақта да бізді «ит» қылған «азулы арыстандарымыз» ақырып, айбар шақырып қарсы алады. Аш адамның ашуы мұрнының ұшында тұратыны белгілі ғой. Солардың ашуын басайық, несібесін «теріп» берейік деп, қуыс-қалтарыстарға тығылып, жыбырлаған-қыбырлағандарды қалт жібермей, шалт қимылдап, шап береміз.

Кей-кейде осы құлдықтың «қамытын» кию үшін берген көк қағаздарымыз көз алдымыздан көлбеңдесе, соларды қайтару үшін «Нәпақа» операциясын ұйымдастырып, жоспарды екі есе ұлғайтамыз. Шопырлардың «қолұшын» беріп, амандасу ақысын да өсіре түсеміз. Ал мейрам, мерекелерде «арыстандарымыздың» араны ашыла түседі. Біз ондай кезде опера және балет театрының тәжірибелі балериналарындай аяқтың ұшымен жүріп, қызмет етеміз. Ондай күндері біз тоқтатып, «амандаспаған» шопыр қалмайды. Тіпті кейбіреулері екі-үш рет «жолығып» қалып, хал-жай сұрасып, «қолұшын» беріп кетеді.

Әрине, шаршаған адамның анда-санда дұрыстан





демағғысы келетіні бар. Мұндай сәттерде саунаға барып, терлеп-тепшіп, аяқ суытып, бел мен желді босатып, жеңілденіп, көңіл көтеріп, адам екеніміз есімізге түсіп, арқа-жарқа болып қаламыз. Бұл шығынды да шопырлардың есебінен өтегенді тәуір көреміз. Қарап отырсаңыз, бізде ешқандай дандайсу, шет пен шектен шығу атымен жоқ. Жазылмаған заң бойынша өмір сүріп, тірлік кешіп жатырмыз. Бізді де түсінуге болады ғой. Ж-о-о-қ. Дереве келеке ету. Мазактау. Мұқату. Тінті ел-жұрт біз туралы «МАИ-дың тоқтатқанынан дәметкені қызық» деген мақал да шығарып қойыпты. Ал ел аузындағы күлкілі анекдоттардың барлығы бізге арналған. Тілі бардың бәрі бізді тілдеп, тісі бардың бәрі тістеп алғысы келіп тұрады. Жұмыстан кетіп қалайын ба, осы? Сіз не дейсіз, Жат-аға?

Сәлеммен
Жолдыбек АРЫСТАНҚҰЛЫ.
Даңғыл облысы,
Көше ауданы,
Бұрылыс-қиылыс ауылы

ШОПЫРЛАРДЫҢ ӘУЛИЕСІНДЕЙ КӨРУШ ЕДІМ

Бауырым, оның ішіндегі тәуірім, Жолеке!

Сіздің қызмет туралы хикаятыңызды оқып отырып, іші-бауырым езіліп, жүрегім қағып кетті. Сізді дұрыс түсінгенім соншалық, темір тұлпарым болмаса да Сізге айыппұл төлегім келіп отыр. Жол бойында кожанка киіп, ақ ремен тағып, ала таяқ ұстағанға қарап, МАИ инспекторларын шопыр атаулының әулиесіндегі көруші едім. Енді көз алдыма иесіне жалтақтаған ит елестей бастады. Сіздің орныңызда біз болсақ, біз де сол кепті киеді екенбіз. Құдай оның бетін әрі қылсын. Өзіңіз айтпақшы, бізде жазылған заңға қарағанда, жазылмаған заңның күші зор ғой зор. «Платон – менің досым. Алайда ақиқат қымбат қой» деген екен Аристотель данышпан. Сол айтқандай, мен Сізге қымбат ақиқат айтайын. Бөрінің

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





артынан бөлтірік ақылды болғандықтан ермейді. Ку құлқыны үшін ереді. Сіз де бастықтарыңыздың қалтасын құрдан-құр томпитып отырған жоқсыз. Солардың арқасында өзіңіздің де әмияныңыздың бүйірі шығатынын білесіз. Өмірдің өзі «Даш на даштан» тұратынын да жақсы білсеңіз керек. Сондықтан да өз қолыңызды өзіңіз кесе алмайсыз. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың» демем пе еді хакім Абай. Соны сәл бұра айтсақ, Сіз өзіңіз үшін емес, аранын ашып отырған «арыстандардың», одан қала берсе, «күшіктерің» үшін «оттап» жүрген жоқпысың? Бекіре балық уылдырық шашар кезде мындаған шақырым ағысқа қарсы жүзіп, басын тауға да, тасқа да ұрады екен. Сол бекіре балықтан кембісіз? Оның қасында Сіз 62 айлалы түлкіні де ауға түсіретін адам емессіз бе?! Сондықтан ақ ременіңізді бекем буып, «МАИ инспекторының азығы жолда» деген қағиданы санаңызға сіндіріп, өз кәсібіңіздің «салт-дәстүрі» бойынша ғұмыр кеше беріңіз. Сіз жұмыстан кетсеңіз, қой үстіне бозторғай жұмыртқаламайды. Қоғам өзгеріп, жүйе бұзылмайды. Сіз кетсеңіз, орныңызға басқа біреу келеді. Ол да сол жазылмаған заң бойынша ғұмыр кешеді. Одан да «үйреніскен жау атыспаққа жақсы» деп, үнсіз майданда «соғысып» жүре беріңіз. Біреу жағаңыздан алып жатса, көре жатарсыз. Әрі Сіз сияқты иман жүзді бір инспектордың жол бойында қалқиып тұрғаны – шопырларға да жақсы. Бірақ қазақ әрбір сөздің астарына мән бере қараған. Сіз де қазақсыз ғой. Байқарсыз...



ҚАЗАҚША ЖАЗЫЛҒАН «МАНАС»

Саламатсыз ба, жатып алып ата беретін қасқа замандас құрдасым!

Сізге талай рет хат жазамын деп оқталдым. Бірақ қанша оқталсам да «атыла» алмадым. Бүгін тағы да «оқталып» отырмын. «Шешінген судан тайынбас» деп күшік күйеуім айтпақшы, бүгін ақыры екі төсімді бос тастап, белімді шешкен екенмін, енді бәрін түбіне дейін жеткіземін.

О қасқа, мен арыстан, жолбарыс, аю, қасқыр сияқты төрт аяқты жыртқыштардан қорықпаймын. Оларға өзің





тиіспесең, олар саған тиіспейді. Ал адам деген ат жамылып, солардың кейпіндегі екі аяқты айуандар мен надандардан қатты қорқамын. Әсіресе креслоның буына «мас» болып, көзі қанталап, араны апандай ашылып, жеген үстіне жей түссем деп құнығып, шен-шекпенге «шөгіп» жатқандарды көрсем, зәрем зәр түбіне кетеді. Ол қасқалардан үнемі алты адым алыс жүретіндігім сондықтан. Әйтпесе ол қасқалар (бұл менің «репертуарымдағы» жиі пайдаланылатын сөз) қол астындағы еркекті құл, әйелді куң етіп, жанына жарты метр жақындағанды жалшы қылып жіберуден тайынбайды. Сенбейсіз бе, Сіз де бір қасқа екенсіз. Сенбесеңіз, сексен сегіз сері мен сылқым сұлуларды куәлікке тарта аламын.

О, қасқа, сонымен негізгі әңгімеге көшейін. Менің «жалы» күдірейген, соғымға соятындай қоңды екі қоңсым бар. Екеуі де екі жерді тіреп тұрған дөй дөкей. Біздің қаланың жарты ғимараты солардың иелігінде. Сол ғимараттың ішіндегі қыбырлаған-жыбырлаған қасқалардың бәрі әлгі екеуінің ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында. Ол дене иелерінің ішінде мен қасқа да бармын. Ал Ақ Жайықтың бүкіл ұрғашы қызыл балығы сол екеуі үшін уылдырық шашады десем, суайт бола қоймаспын. Бұл қазақша «Манасты» Сізге «жырлап» отырған себебім, таяуда жаңағы айтқан көршілерім Үкіметтің жарлы-жақыбайлар мен бюджеттің емшегін емгендер үшін салған үйінен қос-қостан пәтер алды. Сөйтсем о қасқалар құжат бойынша бірі – мұғалім, екіншісі – дәрігер боп шыға келіпті. Сары қарын бәйбішелері «мейірімсіз» мейірбикелер болған тәрізді. Хатымның басында қасқа байымды «күшік күйеу» деп айтқанымның мәнісі бар. Өйткені ол қасқа менің қолыма «кіріп» алған. Сөйтіп жүріп артымызға қарамай екеуміз төрт «көшірме» жасап қойыппыз. Енді бізге Аллаға арыз айтудан басқа амал қалмады. Сол арыздың бір данасын Сізге жолдап отырмын.

Сәлеммен ұрғашы құрдасың –
Шағымкүл АРЫЗХАНҚЫЗЫ,
 Батыс облысы,
 Шығыс ауданы
 «Көмектес» мөлтекауданы





Қымбатты да сымбатты қасқа құрдасым Шағымкүл Арызханқызы!

«Манас» жырының қазақша нұсқасындай етіп Күдекене жазған хатыңыздың көшірмесін алдым. Сіз мен сияқты жантая тұрыңыз. Қазір мен Сізге депутатыққа үміткер секілді әзіл-шыны аралас, аңыз бен ақиқаттан тұратын ұзақ әңгіме айтып берейін. Қасқа кедей («Сынықтан басқаның бәрі жұғады»). Бұл – менің сөздік қорыма жаңадан енген сөз) ұрғашы құрдасым-ау, сөз саптасыңызға қарағанда, қонды қонсыларыңыздан басқа бай-манаптарды көрмеген тәріздісіз ғой. Сөйтіп отырып «Ұлы жаңалық» ашқан адамдай «қасқалайсыз». Сіздің қонды қонсыларыңыз секілді қомағай, мешкей көршілер бізде де бар. Олардың сынарлары барлық аймақта жүр. Жалпы, ондай жемқорлардың бәрі «бір мектептің» түлектер ғой. «Дәніккеннен құныққан жаман» демекші, олар «ішпесе», «жемесе», тұра алмайды. Олардың қалтасы да, малтасы да, өзі де, көзі де үнемі толып, «тойып» жүруі керек. Әйтпесе ол қасқаларға «ашаршылық» бірінші келеді. Бұл – асқынған «ауру», қатерлі «дерт». Қазір қылтамақтан жазылуға болады. Ал мына дерттен айығу мүмкін емес. Ол аурудан тек өліп құтылуға болады. Баяғыда өзі де, көзі де дүниеге тоймайтын хан болыпты. Сол тағы да бір елді жаулап алмақ болып жорыққа шығыпты. Сөйтсе ол елдің әскері басым болып, әлгі қомағай ханның ордасын күл-талқан етіп, жеңіске жетіпті. Әрине, ханның басын алған. Сол басты таразының бір жағына қойып, екінші жағына оның бүкіл алтын-күміс пен дүние-мүлкін салыпты. Сонда да жалғыз бастың салмағы ауыр түсіпті. Мұны көріп тұрған бір қария: «Бұл дүниеге адамның өзі тойғанмен, көзі тоймайды. Сондықтан екі көзіне топырақ салындар» депті. Жендеттер қарияның айтқанын дереу орындайды. Сонда ғана таразы басы көтерілген екен.

Жақында бір Аяз Ата ел-елді аралап жүріп, жетім-жесірлер мен жарлы-жақыбайларға доллар үлестірді. Оның кім екенін ешкім білмеген. Кейін белгілі болғанындай, ол миллиардер болып шықты. Сөйтсе әлгі





Аяз Ата халыққа бір миллион үш жүз мың доллар қаржы таратыпты. Оны қазақ бизнесмені екен деп қалмаңыз. Ол американдық Атымтай жомарт. Солай, қасқа құрдас! Кам жемеңіз, Сіз жалғыз емессіз. Еліміздің 70 пайызы Сіз көрген күнді көріп, Сіз жұтқан ауамен «қоректеніп» отыр. Біз де Сіз сияқты күркетауықтың ұясында Мақаш Тәтімөвтің көк көрпесін бүлкілдетіп, бірнеше ұрпақтың «іргетасын» қалағанбыз. «Дүние – тұзды тамақ, жеген сайын шөлдейсің» деп Қадыр ағамыз айтпақшы, Сіздің «Манас» жырындағы кейіпкерлер алты құрылықты «асап», төрт мұхитты тауыспай тоймайды. «Байда бәрі бар, иман жоқ, Кедейде түк жоқ, Құдайы бар» демекші, бір Аллаға сыйынып, Айдың нұры мен Күннің шуағына шомылып жүре берейік. Несібемізді Құдай тауып берсін! Сау бол, қасқа құрдасым!

ҰЛТТЫҢ ЖОҒАЛУЫ – ТІЛДІҢ ЖОҒАЛУЫНАН БАСТАЛАДЫ Шырағым, Жатыпатар!

Әй, біз түбі ел, халық болып жарытпайтын шығармыз, тәйірі! Алжиын деген тәріздімін ғой мен. Адам бола алмай отырып, қайдағы ел мен халықты айтып, сандалып отырмын мен қақбас. Басқаны айтпағанда, ас ішіп, табақ босатар адам болу үшін де біраз жыл оқып, тілін дінінен артық қастерлеп отырған елге тәжірибе алмасуға барып келу керек-ау шамасы. Әйтпесе ұлттың жер бетінен жоғалуы – тілдің жоғалуынан басталатынын қаперге алар емеспіз. «Тіл, тіл» деп қақсап келе жатқанымызға ғасырға жуық уақыт өтті. Нәтижесі құмға сіңген судай жоғалады. Не деген ынжық, болбыр ел едік! Мен «қайтыс болған» алып Отанымыздың астанасы – Мәскеуде оқыған адаммын. Шет тілдер университетін бітіріп тұрған кезімде тастап кеттім ғой сол оқуды мен бейбақ. Қайтейін, ауа-райы жақпады ғой. Ректорымыз жақсы адам еді. Ольга деген сұлу қызы болатын. Маған өлердей ғашық болды. «Боря,





Боря» деп артымнан қалмаушы еді, жаным сол. Соның бәрін тастап, елге келдім ғой. Сөздің реті келген соң айтып жатырмын, балам. Сондағы айтайын дегенім, маған қайын ата бола жаздаған ректорым да, барған жерінде бағы ашылғыр сүйікті Ольгам да менен қазақ тілін үйренді. «Абай жолын» қазақша оқыды. Үшеуіміз бір-бірімізбен қазақша сөйлесетінбіз. Сонда қазақтан бір ұл тугыр Ольганың әкесі: «Бөрібай, мен қазақ болып тумағанымға өкінем. Қазақтың тілі өте бай әрі құлаққа жағымды. Мен бірнеше тіл білемін. Бірақ қазақ тіліндей әуезді тіл естіген емеспін» деп ағынан жарылып еді, жарықтық. Ал жатақханада қай бөлмеде отырсақ, сол бөлме иесінің тілінде сөйлеуге тырысатынбыз. Міне, тілге деген құрмет. Ал біз өз елімізде жүріп өгей баланың күйін кешіп жүрміз. Не деген бейшаралық десеңші. Бізге қарағанда көкектің балапаны тәуір екен ғой. Олар өзге құстың ұясында өсіп, жетілсе де «Көкек, Көкек» деп «ата-тегінің» атын айтып зарлайды. Ендеше сен менің осы зарымды қазит бетінде жариялап, мәңгүрт бауырларымның құлағына жеткіз. Егер өз туған тілін тез арада үйренбесе, онда қазақ болып жер басып жүрмей-ақ қойсын. Өйткені тілі жоқ адамда дін де, діл де болмайды. Ал бойында осы үш «тамыры» жоқ адам — адам болып жарытушы ма еді, тәйірі! Пішту...

**Сәлеммен
Бөрібай КӨКЖАЛОВ,
Тілдіқырған қаласы**

ТІЛІ ЖОҚ АДАМ БОЛУШЫ МЕ ЕДІ?

Бармысыз, мың жасағыр, Бөрі-аға!

Бір қолыңызға қалам, бір қолыңызға қамшы ұстап отырып жазған хатыңызды алдым. Өзіңіз мойындағандай, шынында да алжиын депсіз. Біреу Сізге «біз адам боламыз» деп дауласты ма? Әрине, адам болмаймыз. Тілі жоқ адам болушы ма еді?! Осы уақытқа дейін





адам болмаған адамнан «адам болады» деп үміттену – қысыр сиырдан уыз дәмәткенмен бірдей. Айтайын деп айтпайсың. Бәріміз сол «қысылғаннан қыз болып» жүрміз ғой. Әйтпесе ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге, міне аттай 15 жыл уақыт өтті. Содан бері есік сығалап жүрген тілімізді әлі төрге оздыра алмай жүрміз. Өзіңіз айтпақшы, не деген бейшаралық десеңші. Тәуелсіздіктерін бізбен бірге алған іргеміздегі елдердің бәрі туған тілдеріне ерекше мәртебе беріп, ұлттық тілдерінде іс-қағаздарын жүргізіп, шенеуніктері шет ел түгілі, бір кездері «Мызғымас Одақтың» астанасы болған Мәскеуге барса да ана тілінде сөйлеп, тілмаш ертіп жүреді. Қарап отырып, айызың қанады. Ал біз сорлы әлі күнге дейін «айыр» тілімізді жалаңдатып, мемлекеттік тілді «запасақ» қойып, ресми тілде сайрай жөнелеміз. Құдайым-ау, жаңа туған сәби екі жасқа толмай, сөйлеп кетеді. Ал 15 жылда 15 тіл үйренуге болады ғой. Әрине, ниет болса. Мұны күні кеше Елбасы да айтты. «15 жылда аюға да тіл үйретуге болады» деді. Бұдан артық не айтуға болады! Енді елдің бәрін мемлекеттік тілді үйретуге мәжбүрлеу ғана қалды. Мынау тұрған Өзбекстанға барып, қазақша сөйлеп көріңізші, соңыңыздан ит қосып қусын. Сіздің бір-екі күнге келген қонақ екеніңізге қарамайды. Өзбек тілінде сөйлеуді талап етеді. Ал біз болсақ, Қазақстанда туып, ас-суын осы елден айырып отырған бүкіл ұлттың көңілін табамыз деп, мемлекеттік тілді үйретуге 10-15 жылдап уақыт береміз. Ол аз дегендей, айлығына үстеме ақша қосамыз. Мұндай жалпақшешей ел көрсем, соны көрген көзім ағып кетсін. Олар да біздің көңілжықпастығымызға әбден үйреніп алған. Құдды бір базарда тұрғандай бізбен «саудаласады». «Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына жылаймын» дегендей, өз қадірімізді өзіміз қашырып жүрміз ғой. Әйтпесе біреу біздің қолымызды байлап отырған жоқ. Қайта болайын деп тұрған істі өзіміздің ішімізден шыққан «керіартпалар» болдырмай отыр. Егер қазақ тілі мәртебе алып кетер болса, өзінің және ұрпағының аш қаларын, тентіреп, қоңыз теріп кетерін сезеді. Оларға сенің ұлтыңнан гөрі, аузына салып





жейтін құрты артық. Құдай біледі деп айтайын, егер Мұхтар Шаханов тіл мәселесі туралы бір жиынға бармай қойсыншы қалай сынап, сыбар едік. Сынауға келгенде алдымызға жан салмаймыз ғой, шіркін. Ал сол Шаханов бірімізді сынап көрсінші, жағасынан ала кетер едік. Құдай бізге басқаны бермесе де, көкіректі аямай берген. Жерде жығылып жатқан қазақтың көкірегіне «нан пісіріп» алуға болады. Онда да ол көкірек жеке бастың қамы үшін «қызады». Ал ұлттық мүдде үшін жұмыс істейтін «Шахановтар бар ғой» деп отыра береміз.

Тіліміздің әлі күнге дейін аяғы шықпаған баладай еңбектеп жүргені осы «қасиетіміздің» жемісі. «Жұрттың Ыбырайы – Ыбырай, ал біздің Ыбырай – сұмырай» деген екен өз бауырына көңілі толмаған бір қария. Сол айтқандай, біздің сұмырай Ыбырайларымыз көп қой. Соларды жұрттың Ыбырайындай етпей, адам, ел, халық болмайтынымыз анық.

ӘЙЕЛІМДІ АЛДАСАМ БОЛА МА?

І сәуір – күлкі күні екені мұқым елге мәлім. Бұл күні өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай етіп, жұртты алдап, күлкіге қарық болсаңыз да, Жаратқан Жаппар Иемнің өзі кешіріммен қарайтын сықылды. Осы күнді пайдаланып, әйелімнің сезім мен сенімін алдап, көзіне хотя бы, бір рет шөп сала салсам қайтеді? Ертеңгі күні үйдегі «Жалмауызым» біліп қойып, абыройым айрандай төгіліп, жағам жартылай жыртылып жатса, «Жаным-ау, І сәуір күні әйелін алдаған еркекке үлкен сауап жазылады екен» деп бір діни ғұламаға сілтеме жасай салмаймын ба? А? Мұным қалай, Жатеке?

**Айтжалған АЛДАБЕРГЕНОВ,
Күлкістан Республикасы,
Ыржақай облысы**





Қазір елді де, жерді де, қолді де, шөлді де, тілді де, пілді де сата беретін болдық қой. Баяғыда ата-бабаларымыз: «Жетім көрсең, жебей жүр» деуші еді. Енді біз: «Бала көрсең, сата бер» дегенге шықтық қой. Биыл балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан балаларды сатсақ, келер жылдары көшеден оптом ұстап алып, көгендеп сатып жіберетін шығармыз. Олардың бәрі Сұлтан Бейбарыс емес қой, барған жерін билеп, еліне еңіреп қайта беретін. Осыны ойласам, бит басымда емес, санамда жорғалайды. Сен бұған не дейсің? Есті адам есінемей тыңдайтын сөзіңді айт! Айта алмасаң, газеттің етегінде шалжиып жатып алмай, есің барда еліңе қайт! Әйтпесе жанкештілердей жатқан жеріңде жарып жіберемін.

**Сәлеммен, қойны-қонышы
минаға толы алжыған атаң —
Уайымкүл ҚАЙҒЫЖҰТОВ.**

**Жетім ауданы,
Жебе облысы**

Аса мәртебелі Уай-аға!

Көзіңіз іріндеп, саусағыңыз дірілдеп, жасыңыз сорғалап, қаламыңыз жорғалап отырып жазған SMS хатыңызды алдым. Ащы да болса, шыңғырған, шырылдаған, құлын даусы шыққан шындықты жазыпсыз. «Халық қалаулысы» деп біз депутаттарды емес, Сізді айтуымыз керек. Әрине, көпке топырақ шашуға болмас. Солардың ат төбеліндей бірен-сараны болмаса, қалғандары балаларды күзде санаған балапандай көгендеп, калькуляторларын дайындап, сейфтерін сайлап, қазынаға қанша қаржы түсерін алдын ала санап отыр. Осыған қарағанда, бизнестің «көсегесі» көгерер уақыт әлі алда. Бүгін жетімдерді, ертең еті тірі — жетілгенді сатамыз. Сосын ұрлап-жырлап сатамыз. «Тамшы тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген бар емес пе!» Сол айтқандай, сатылған ұрпақ ертең бізге тас атады. Сол тасты әлі





асатады. Болашағын сатқан елдің болашағы қандай боларын ойлап жатқан адам жоқ. Зерлі шекпен киген шенеунік пен малы да, басы да түгел әкім-қараға өзін және көзіндей болған аты мен тағын сатпасаң болғаны. Кезінде қазақтың көрнекті ақыны Жұматай Жақыпбаев «Кенежиренді Шора сатып жібергенде» деген өлеңінде:

*Кормегенің жұрттан қалған мал білем,
Жиренім жоқ енді менің қалды нем?
Жұрт ағасын айырбастай бастаса,
Шөке, сені өткізер ем алдымен, –*

деген екен. Қазанатты сатқан адамды сатқысы келген ақын, бала – болашағымызды сатып жатқан бізді көрсе, не дер еді? Бірақ бұл заманның Жұматайы тумады дейсіз бе! «Ел болған соң ер туғызбай қоймайды». Әліптің артын бағайық. Әркімдер мен әкімдер емес, дуалы ауыз – ақындар сөйлесін, зиялы қауым «үй десін, бүй десін».

МАГАН МУЖ ТАУЫП БЫРШЫ

*Гипермаркетте куты бар,
Кутынын ишінде суты бар.
Менин жазган катимды,
SMS-тан кутып ал!*

Дорогой жатип алип ата беретин агай!

Мын – Яблоко-Дедушка каласинда туип, орисша окыган казактын кызынымын. Озымнын туип алган тылымды былмыймын. Елу жыл коммунист-атеист болган атам да, шашын сарыга, ернын кызылга бояп алатын ажем де, жап-жана казак боп журген папам да, мамбеттын тылынде сойлегысы келмитын мамам да маган казакша уритпыйды. «Одан да агилишинша, китайша урын» дыйды. Казактын акыны Кадир Щедрый (Қадыр Мырза Әли дегені ғой. Е.Ш.) «Быр ауызга быр емес, бырнеше тыл сыяды. Бырак соган ана тылын сигиза алмасан, казак болмай-ак кой!» дип урыскан дисем, «олар озынын балдарин уритып алсин» дыйды. Ал





менын аузим улкен. Барлык улттын тылы сия быреды. Сын маган озымнын тылымды уритетын муж тауып быршы. Абден уренип-уренип алган сон, озине кайтарып беремын. Бай сураганыма кешырыныңыз. Сенын бытынды суйып-суйып алдим. Сенын катынды мын де сын сиякты жатип кутемын.

**с/п Дамегуль БАЙСУРАГАНОВА,
Белая могила облиси**

ТУГАН ТЫЛЫН ТОКСАН ТЫЛГЕ ТАТИДЫ

**Дорогая байсыраган, то есть
Дамегуль Байсурагановна!**

Сенын кутыны ишиндеги сутпен жазган катынды окимыз деп быздын редакциядагы журналистердын кулкиден жаткандары турип, тургандары жатип, кырылып калди. Сын оган ринжиме. Катынды от души жазганын корынып тур. Туган тылынды былмегеныне сын кыналы емессын. «Оган жетпыске келгенше жетесы кирмеген ата-ажен, бугин новый боп журген дубара папа-маман кыналы» дысем, сын де кешырыныңыз. Но сеның туып бырген тылыңде «Адаскан баранда обида жок, кайта мафиясын тапкан сон» дыген сөз бар. Сол айткандай, саган обида жок. «Тылды былмейтындер емес, тылын былгысы келмейтындер казак емес» дыген сын билетын Кадыр Щедрый акын. Так што, сын емес, сенын ата-ажен, папа-маман казак емес. Сынде казакша уринемын диген желание бар. Быз соган куанамыз. Сенын туган тылын токсан тылге татиды. Ал енды сенын туып алган тылыңды уритетын мамбет мужга килсек, быз али байларди прокатка, арендага берып, кайта алатин фирма ашкан жокпыныз. Сын сиякты туып алган тылдерын муждарынан уринетын, суйтып мамбеттын тылын аузина салгиси килетын кыздар к-о-о-о-п болса, ашатыны шыгарсынымыз.





Сандалған сауал



Дамегуль Байсурагановна!

40 жыл мамбетше сүйлеп журып, дал булай шаршамап едым. Саган 40 ауиз соз жазамин деп ш-а-а-р-ш-а-а-п кеттым. Ендыгы кутунун ишиндеги сутпен жазатин катинды мамбет мужына жаздыршы. Оны саган мын тауип беремын. Тагы да кешырыныңыз. Бызбен хабарласип, отирип, турип, жатыныңыз.

*Сандалған сауалдың б-ә-ә-ә-ә-ә-рі-не
жымшып жатып жауап берген
Ермахан Шайхыұлы*





СКЕТЧТЕП





Күйеуі: Өтінемін, таусылмашы, күнім.

Әйелі: Айым десең де айтарым – сол.

Күйеуі: Жұлдызым.

Әйелі: Құндызым де, бәрібір селт етпеймін.

Күйеуі: Жалбызым.

Әйелі: Жалғызым десең де енді мені ұстап тұра алмайсың.

Күйеуі: Бір сәт тындашы мені де. Ақындар айтысында да бір-біріне кезек береді ғой. Осыдан қара да тұр. Әлі-ақ, Тәңір тілеуімізді беріп, бақ-дәулетін үйіп-төге салар.

Әйелі: Ол күнді көрем деп жүргенде талқаным таусылып қалмаса...

Күйеуі: Олай деме, жаным. Таусылып бара жатса, менікін ала тұрарсың.

Әйелі: Сенің қайбір талқаның асып-тасып бара жатыр еді?

Күйеуі: Әй, тілің-ай осы сенің. Қой деймін мен саған. Әйтпесе ...

Әйелі: Немене. Әйтпесе косягке кіргізесің бе? Әлде учетчик қоясың ба?

Күйеуі: Сені косягқа сайтан да кіргізе алмас.

Әйелі: Мені жалаңаяқ журналистке қор қылып қойған тағдыр қандай қатал еді?! Қор болған алтын басым-ай. Басқасын айтпағанда, үстіме ілетін жөні түзу көйлек те қалмапты. Сенің айтқан бақытты күніңе жеткенше бұтымызға жапырақ байлап жүреміз бе? Жетер енді. Шыдамның да шегі бар. Кетем дегесін, кетем!

Күйеуі: Аяғыма жығыл десең, жығылайын. Тек тықылдаған тауық сияқты «кетем, кетем» демеші.

Әйелі: Мақалшылын өзінің. Мақалынды соңына дейін неге айтпайсың? «Тықылдаған тауық тумай қоймайды» деп. Мен де кетпей тынбаймын. Есітейін дегенің осы ма?

Күйеуі: Қойшы жаным, таусыла бермей. Менің дәулетті журналист болуым үшін елде егер екі құлағы таскерең болмаса, есіткен адам аһ ұрып танданатын, егер екі көзі су қараңғы соқыр болмаса, көрген адамның көзі шарасынан шығатын төтенше оқиғалар керек. Мәселен, күнде құмырсқаның илеуіндегі ығы-жығы болып жататын





базарда адамның санасы түгілі, түсіне де кірмейтін ұрлық, я болмаса қылмыс жасалса, не 30-40-қа келгенше үйленбей жүрген сұр бойдақтарды қыздар алып қашып кетіп, күйеу етіп алса, немесе мыңғырған байдың жалғыз қызы сіңірі шыққан кедейдің 15-ші баласына тұрмысқа шықса, әйтпесе жоғары оқу орындарына талапкерлердің бірде-біреуі соқыр тиын да бермей, тегін түсетін болса, ең құрығанда ғарыш адамдарымен аралас-құраласымыз нығайып, құда-жекжат болып жатсақ, онда бір сәрі. Ондайда мен онды-солды көститер едім-ай. Сен мені сонда бір сынап көр. Влад Листьев сияқты атағым шартарапқа жайылар.

Әйелі: Сосын сені де ол сияқты пых еткізбей ме?

Күйеуі: Жо-жоқ. Олар мені пых еткізе қоймас.

Әйелі: Ол қанішерлермен келісіп қойғандай сенімді сөйлейсің ғой.

Күйеуі: Өйткені жаңа мен айтқан оқиғалар біздің қоғамда жуық арада бола қоймас.

Әйелі: Бәсе, неге сонша желпініп тұр десемші. Ендеше неге маған аңыз-ертегілерінді айтып, құлағымды сарсытып тұрсын? Болды! Мен енді кетем бұл фазендадан.

Күйеуі: Сәл сабыр ет, тотым. Бізді ғаламат күндер тосып тұр. Мұның бәрі көрген түстей ұмытылады. Ертен екі қолыңды ыстық суға, әрине күйіп қалмасаң, сал-е-е-п отырасың.

Әйелі: Сенің ертенгі ғаламат күндерінді 2-3 сағатсыз келмейтін жолаушылар автобусындай күте-күте шаршадым. Саған тұрмысқа шыққалы кір жуатын машинадан аумай қалдым. Тіпті фигурадан фигура қалмады.

Күйеуі: Бұрын қай бір фигураң бар еді?

Әйелі: Алла-ай, қай бір фигураң бар еді, – дейді-ай, мына күйдіргі. Қыз күнімде қандай едім?! Кіндігімнің бар- жоғы білінбейтін.

Күйеуі: Көгершінім, жеке меншік әйелім менің. Ақылға кел. Құдай беремін десе, форточкадан, егер ол жабық тұрса, тесіктен де бере салады.

Әйелі: Жо-жоқ. Енді бір минут та кідірмеймін. Үйден нан ауыз тиіп шығатын асығыс қонақтарша саған «Чау»





деймін де әкемнің вилласына тайып тұрам. Сонымен мәңгілік Оувердезейн болады.

Күйеуі: Асықпашы. Сәл де болса сөздік қорымызды тауысайықшы. Сонан соң өзім-ақ таксимен әкеннің вилласына ма, шешеннің фазендасына ма, жоқ әлде жезденнің айылына, тіпті ағанның нақиясына болса да апарып тастаймын.

Әйелі: Айттым! Бітті! Точка! Енді запитой қоя алмаймын.

Күйеуі: Қарлығашым, туған әйелім менің.

Әйелі: Шіркіннің езіле еміренуін. «Туған әйелім» дейді. Немене асырап алған әйелің де бар ма?

Күйеуі: Болса ше. Мен сияқты тепсе темір үзетін, ұрса Мұхамед Әли түгілі, Тайсонның өзін ноғдаунтка түсіретін, күлдірсе Құдайберген Сұлтанбаевтың ішексілесін қатыратын, сөйлесе сөздің түбін түсіретін, күрессе Дәулет Тұрлыхановтің жамбасын жер иіскететін, айтысса Мұхамеджан Тазабековтің аузына құм құятын, айта берейін бе, әлде осы да жете ме, қысқасын айтқанда мендей сегіз қырлы, бір сырлы сері жігітке асырап алған әйел артықтық етеді деймісің?!

Әйелі: Сен менен де басқаға керек екенсің ғой.

Күйеуі: Неге керек болмайын?! Саған үйленбей тұрғанда қандай едім?! Суда жүзген жайындай едім. Қыз-қырқынға қырғидай тиісуші едім. Сол кезде басқа бір бұраң белді неге іліп түспедім екен?

Әйелі: Қыраным, қойшы енді.

Күйеуі: Қоймаймын. Кезінде сенің ізінді жігіттер сүйсе, сен менің ізімді сүйетін боласын. Бұл үйден сен емес, мен кетем.

Әйелі: «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» деген. Қойнымдағы байымның қадірін қалайша білмей келгем. «Отыз ұлың болғанша, осырақ шалың болсын» деп текке айтпаған екен-ау-ә. Кетпеші. Бұл өмірге менің өтінішіммен ғана келген осырақ шалым, кетпеші.

*Шымылдық
1994 жыл*





ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ

КАТЫСУШЫЛАР:

Жедел жәрдем шақырушы – НӘНӘУ

Жедел жәрдем диспетчері – БАЙСҮЙЕР

Нәнәу: – Алло, бұл жедел жәрдем бе?

Байсүйер: – Жоқ, Байсүйер.

Нәнәу: – Кешір, айналайын. Маған жедел жәрдем керек еді. Көрмейсің бе, қайдағы Байсүйерге түсіп кеткенімді?! Әй, біздің телефондар-ай.

Байсүйер: – Ағай, Сіз өзіңіз қалай-қалай сөйлейсіз? Бұл қайдағы Байсүйер емес, Сізге керек жедел жәрдем диспетчері Байсүйер қарындасыңыз.

Нәнәу: – Тағы да кешір, айналайын. Есі шығып тұрған адамнан қайбір жөні түзу сөз шыға қояр дейсің? Мен «Байсүйер» деп аталатын бойжеткендердің бай сүюіне мұрындық болатын фирма екен деп...

Байсүйер: – Ата-анамның азан шақырып қойған аты солай болса қайтейін?!

Нәнәу: – Дұрыс, айналайын. Дұрыс. Кім болсаң, ол бол! Тек маған жедел жәрдемді жедел түрде жібере қоймасаң болатын емес. Су кетіп жатыр еді.

Байсүйер: – Су кетіп жатса, водоканалға хабарласыңыз.

Нәнәу: – Водоканалы несі, қарындасым-ау? Онда әйел босандыратын бөлім бар ма еді? Су әйелімнен кетіп жатыр.

Байсүйер: – Ә, солай демейсіз бе? Мен үйлеріңіздің подвалынан су кетіп жатыр екен деп қалдым.

Нәнәу: – Деп қалсаң, деп қал, қалқам. Тек асықсаңшы.

Байсүйер: – Асыққанда қайда барам? Жұмыстың бітуіне үш, ал Құшарбекпен кездесуіме төрт сағат бар.

Нәнәу: – Қарын...

Байсүйер: – Жолы болатын жігіттің жеңгесі шығар алдынан дегендей, Сіздің звондап қалғаныңыз мұндай жақсы болар ма? Кіммен сөйлесерімді білмей, ішім пыс-ы-ып отыр еді.

Нәнәу: – Не деген заржақ қыз едің өзін? Тірідей





өлтiрейiн демесен, жiберсей әлгi жедел жәрдемiндi. Тұқымы аузына келiп қалды.

Байсүйер: – Тұқымы аузына кеп қалса, ауылыңызда кәрi-құртан кемпiрлер бар шығар. Соларды шақырсаңызшы. Олардан мықты акушер жоқ мұнда. Арқанға керiп қойса да босандырып алар.

Нәнәу: – Қалқам, мен сенен ақыл сұрап тұрғам жоқ. Жедел жәрдемiндi жiбер деп тұрмын.

Байсүйер: – Жiбере алмаймын.

Нәнәу: – Е, неге?

Байсүйер: – Жедел жәрдем шоферларының бәрi карта ойнап жатыр.

Нәнәу: – Жұмыс уақтысында карта ойнағаны қалай?

Байсүйер: – Ендi не iстейдi? Жанар май жоқ болса.

Нәнәу: – Жанар-жағармай стансаларына барып құйып алсын. Бiз жетiскенiмiзден звондап тұрғамыз жоқ қой.

Байсүйер. – Ол айтуға ғана оңай. Оларға барсан: «Свет жоқ» дейдi.

Нәнәу: – Ендеше, акушерiндi жаяу да болса жiбер.

Байсүйер: – Ол да жоқ.

Нәнәу: – Немене, оның да майы құрып қалыпты ма?

Байсүйер: – Ол базарда дәрi-дәрмек сатып отыр.

Нәнәу: – Мынау барып тұрған қылмыс қой. Мұнан артық адам өлтiрейiн деп пе едiндер?! Жұмыс уақтысында мемлекеттiң дәрi-дәрмегiн сату деген не маскара? Тәртiп қайда?

Байсүйер: – Сiз бiздiң бас дәрiгерiмiз емессiз ғой тәртiп сұрайтын.

Нәнәу: – Қазiр бас дәрiгерiне звондаймын қажет болса.

Байсүйер: – Әуре болмаңыз.

Нәнәу: – Е, неге?

Байсүйер: – Ол кеше құдалыққа кеткен.

Нәнәу: – «Балық басынан шiридi» деген – осы. Ол бас дәрiгердiң үстiнен қарайтын да мекеме бар шығар. Мен қазiр тура әкiмшiлiкке хабарласам.

Байсүйер: – Ағай, ашуыңызды басыңыз. Егер алда-жалда свет бола қалса, құдай жолымызды берiп шоферларымыз май құйып келсе, акушерiмiз дәрi-дәр-





Сандалған сауал



Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ

мектерін сатып бітсе, біз де шұғыл түрде жедел жәрдемді Сізге жібере қоямыз. Тек мекен-жайыңызды айта қойыңызшы.

Нәнәу: – Ойбай-ау, толғақ светтің келгенін, шоферларыңның май құйып алғанын, акушеріңнің дәрі сатып біткенін қарап тұрады деймісің?

Байсүйер: – «Сабақты ине сәтіммен» деген, ағай. Құдай сәтін салса, қазір-ақ жетіп барамыз. Қане, Сіз мекен-жайыңызды айта бастаңыз, мен жаза бастайын.

Нәнәу: – Е, манадан бері солай демеймісің. Тілің мен жағыңа сүйенбей.

Байсүйер: – Алдымен әйеліңіздің аты-жөнін айтыңыз.

Нәнәу: – Галина Михайловна Горбачева.

Байсүйер: – Әйеліңіз Михаил Сергеевичтің қызы ма? Бағанан бері айтпайсыз ба «Горбачевтің күйеу баласымын» деп.

Нәнәу: – Иә, Горбачевтің күйеу баласымын. Бірақ сен ойлаған емес.

Байсүйер: – Бәсе. «Оның күйеу баласы қазақ емес еді ғой» деймін.

Нәнәу: – Жарайды. Онда шаруаң болмасын. Тағы не сұрайсың? Бол тезірек, әйелім төрден есікке домалап кеп қалды.

Байсүйер: – Туған жылын айтыңыз, жылын...

Нәнәу: – 1954.

Байсүйер: – Жылқы жылы туған екен ғой. Негізі, бұл жылы туғандар талантты келеді. Әрі тың көтерген жылы туылыпты ә?

Нәнәу: Әй, саған дауа жоқ шығар.

Байсүйер: Қойдым, аға. Енді айын айтыңыз. Қай айда туған?

Нәнәу: Оны қайтесің? Рекламаға берейін деп пе едің?

Байсүйер: – Ашуланбаңыз, ағасы. Заң солай.

Нәнәу: – Қаңтар айының жиырма тоғызында.

Байсүйер: – Сукұйғыш болды ғой онда.

Нәнәу: – Онысы несі, тағы да?

Байсүйер: – Соны да білмейсіз бе? Ол жұлдызнама. Адамның туған айына қарап мінездеме береді.

Нәнәу: – Әй, қарындас, сен мені тергеп болдың ба, жоқ





па? Сен өзі тергеуші болатын қызсың ғой. Неге адасып жүрсін мұнда?

Байсүйер: – Ағай, ең бастысы әлі алда. Мен қазір жедел жәрдемді қайда жіберетінімді білуім керек қой. Сондықтан мекен-жайыңызды айтыңыз.

Нәнәу: – Подгорная көшесі...

Байсүйер: – Ойбай аға, біздің қалада тау жоқ қой.

Нәнәу: – Оны маған несіне айтасың? Онамастика комиссиясына айт.

Байсүйер: – Жарайды, аға, үйіңіздің нөмірін айтыңыз?

Нәнәу: – Үй нөмірі – 13.

Байсүйер: – Ойбай, аға, саны жаман ғой.

Нәнәу: – Сен неге мен сөйлесем ойбайлай бересің? Кімнің саны жаман? Ненің саны жаман?

Байсүйер: – 13 деген, цифрды айтам. Біздің мөлтек аудандағы нөмірі 13-ші үй газдан атылып кеткен. Содан екі жыл өтті. Әлі ешкім жөндеген жоқ. Ол үйдің тұрғындары қазір баспанасыз жүр. Туасы 13 цифрі жүрген жер оңбайды.

Нәнәу: – Енді маған қайт дейсің?! Көш деймісің. Әлде, басқа үйден пәтер тауып беремісің?

Байсүйер: – Әңгіменің орайы келіп қалған соң айтып жатқаным ғой, ағай. Пәтеріңізді айтып жіберіңізші.

Нәнәу: – Нөмірі 13-ші пәтер.

Байсүйер: – Әзілдеп тұрсыз ба, ағай?

Нәнәу: – Сен-ақ, біресе ойбайлап, біресе айғайлап шаршаттың-ау. Әйелім байғұс өлетін болды ғой. Сенімен мылжыңдасып тұрғаныма, міне ет пісірім уақыт болды. Ал сен болсаң «Әзілдеп тұрсыз ба?» дейсің. Жаның мұрнынның ұшында тұрса, көрер ем әзілдегенді.

Байсүйер: – Жаныңыз мұрныңыздың ұшында тұратындай Сіз емес қой босанайын деп жатқан. Сіркеніз су көтермейтін не деген адамсыз? Менің Сізге жаным ашып тұрса.

Нәнәу: – Сенің неге жаның аши қалды?

Байсүйер: – Қайдан білейін? Он үшінші үйдің он үшінші пәтерінде тұрады екенсіз. Оның үстіне әйеліңіз қиналып... босана...





Сандалған сауал

Нәнәу: – Сен не айтқалы тұрсың, қарындасым-ау? Әйелім неғыла алмай... нетіп... жағыңа жылан жұмырт...

Әй, тоқта, тоқта: Әйелім туды-ау деймін. Жас нәрестенің дауысы шығады. Сүйінші. Рас екен. Естимісін? Әне, інгәләп жатыр.

Байсүйер: – Естіп тұрмын, аға. Бауы берік болсын! Атын енді кім қоясыз?

Нәнәу: – Ұл болса – Жәрдем, қыз болса – Байсүйер қоямын.

Байсүйер халыққа қарап: Міне, біз осылай жедел жәрдемді әуре етпей-ақ, телефонда тудыра береміз.

ҰЛЫ АДАМ БОЛҒЫҢ КЕЛСЕ...

Қатысушылар:

БАСАЛ ШАШАЛУҒЫ – Тергеуші, милиция капитаны

МОМЫН АҢҒАЛУҒЫ – Қылмыскер.

Тергеуші: Ал, тордағы тотықұсым, сайра! Аты-жөнің кім? Неғылған пендесің?

Қылмыскер: Мен... Менің аты-жөнім Мо... Мо...

Тергеуші: Сиыр құсап неге мөңіреп тұрсың-ей?! Адам сияқты сұраққа нақты-нақты жауап бермейсің. Сенің сиырдан айырмашылығың сол емес пе?

Қылмыскер: Менің аты-жөнім – Момын Аңғалұлы. Ал, Сіздің ат...

Тергеуші: Менің аты-жөнімді қайтесің? Құда түсемісін? Әлде, жезде етемісін. Ха-ха-ха. Бәлкім, үстімнен арыз жазатын шығарсың.

Қылмыскер: О, не дегеніңіз, аға?

Тергеуші: Жарайды. Айтсам айтайын. Көңілің қалмаған бала сияқтысың. Мен – Басал Шашалұлы деген ағаң боламын. Яғни, сенің тергеушіңмін. Қарсылығың болса – айт.

Қылмыскер: Жо-жоқ, Басал аға, ешқандай да қарсылығым жоқ.

Тергеуші: Қарсы болғанда не істей қояр едің? Сенің





қарсылығың қойдың өлер алдындағы тұяқ серпігеніндей ғана ғой. Ха-ха-ха... Так, бала. Айта бер, бұл өмірге не үшін келдің? Адам өлтіру үшін бе?

Қылмыскер: Құдай сақтасын, Басал аға. Мен өмірге емес, бұл жерге не үшін келгенімді түсінбей тұрмын?

Тергеуші: Сені мен сақтасам ғана Құдай сақтайды. Сондықтан қойған сауалдарыма дұрыстап жауап бер. Айтпақшы, өтірік мәлімет бергенің үшін жауап беретінінді ескертіп қояйын. Түсіндің бе, ей?

Қылмыскер: Түсіндім, аға, түсіндім. Тек мені сақтаңызшы.

Тергеуші: Сақтауға тұратындай болсаң, сақтаймыз. Сонымен айта бер.

Қылмыскер: Мен түкке түсінбей тұрмын. Менің не кінәм бар?

Тергеуші: Бұл барлық қылмыскерлерге тән сұрақ. Олар қойдан жуас болып, дым білмеген бола қалады. Түсінбесең, түсіндірейін. Сен кеше ымырт түсе, қас қарая, яғни көз байланған кезді пайдаланып, Ажалбек Әзірейілұлын көкала қойдай етіп ұрып-сабап, итше тепкілегеніңмен қоймай, алты жерінен пышақ салып өлтіргенсің.

Қылмыскер: Қанша?

Тергеуші: Сегіз жерінен, и еше мас күйінде...

Қылмыскер: Мен өмірімде ішімдік атаулыны ұрттап көрген пенде емеспін.

Тергеуші: Сөзді бөлме, ішпесең де қылмысты өл-е-е-сі мас күйінде жасағансың.

Қылмыскер: Астапыралла!

Тергеуші: Міне, уже мойындай бастадың.

Қылмыскер: Не деп мойындаппын?

Тергеуші: Астапыралла дедің бе?

Қылмыскер: Дедім. Онда тұрған не бар?

Тергеуші: Мойындаудың көкесі осы жерде. Мен жана бұлартпас дәлелдер арқылы қылмысыңды жайып салдым ба?! Салдым! Содан үрейің ұшып кетіп, «Астапыралла» деп қылмысыңды мойындағаныңды сезбей де қалдың.

Қылмыскер: Астапыралла!





Тергеуші: Әне, көрдің бе, тағы да мойындап тұрсын. «Тергеушісіз қылмыскер де сайрамаған» деген біздің төл мақалымызды білемісін. Білмесең, жана өзің көрдің сені қалай «сайратқанымды». Біздер судан таза, сүттен ақ періштелердің өзін қылмыскер етіп, түрмеде шірітіп жібере аламыз. Хе-хе-хе... Бұл көкелеріңнің қызметі сондай.

Қылмыскер: Ағатай-ау, менің құйттай да кінәм жоқ қой. Түсінсеңізіші.

Тергеуші: Сен немене, адам өлтіргенді кінәға жатқызыбаймысың?! Мұнан артық халықты қырайын деп пе ең?

Қылмыскер: Сөзіме құлақ түріңізіші, ағажан.

Тергеуші: Ал түрдім, жоқ әлде саған құлағымды қолыммен түріп тұруым керек пе? Ал, ендеше.

Қылмыскер: Мен кеше есіктің алдында темекі тартып тұрғам.

Тергеуші: Ажалбек Әзірейілұлын өлтіріп болған соң ба?

Қылмыскер: Жо-жоқ, тамақ ішіп болған соң.

Тергеуші: Е, Ажалбек Әзірейілұлын тамаққа тойып, әлденіп барып өлтірейін деген екенсің ғой.

Қылмыскер: Жок, ол менің күнделікті әдетім...

Тергеуші: Не? Күнде адам өлтіру әдетім дейсің бе? Сен адам жанын алатын тап Әзірейілдің өзі шығарсың. Хорошо что сені во время ұстадық.

Қылмыскер: Сіз мені түсінбедіңіз, Басал аға. Күнде кешкі тамақтан соң есіктің алдында темекі тартып тұратын әдетім деймін.

Тергеуші: Бопты. Содан...

Қылмыскер: Бір кезде милітсаның сары уазигі жаныма келіп тоқтады.

Тергеуші: Сен ше... Сен не істедің? Темекі тартып мелшиіп тұра бердің бе?

Қылмыскер: Иә, басқа не істеймін?

Тергеуші: Мынау деген масқара ғой. Адам өлтіресің. И еше милітсаның машинасы дәл жаныңа келіп тоқтаса да қаққан қазықтай тұра бергенсің бе? Қашпайсың ба, былай, жұрттың қылмыскерлері сияқты.

Қылмыскер: Адам өлтірмесем, не үшін қашамын?

Тергеуші: Жарайды, содан...





Қылмыскер: Сосын уазигтің ішінен екі мілитса ытқып шықты да мені бас салды. Содан әй-шәй жоқ осында алып келді.

Тергеуші: Мілитса жазықсыз адамды алып келмейді. Ал, алып келген екен, знашит қылмыскерсің. Сосын алкоголиксің. Мен мана айттым ғой қылмысты удай мас күйінде жасағансың деп.

Қылмыскер: Құдайым-ау, мен кеше түгілі, осы ғұмырымда арақ ішіп көргем жоқ.

Тергеуші: Бәрібір, ішпесең де мас болғансың.

Қылмыскер: Ішпесем, қалай мас болам?

Тергеуші: Сен қандай адамсың өзі қасарысып қалған? Мас болу үшін міндетті түрде ішуің керек пе? Біз айтқан соң болды ғой. Бола сал. Айтпақшы, сен мүмкін наша тартып алған шығарсың.

Қылмыскер: Жоқ, аға. Кеше милітсалар тексерді ғой.

Тергеуші: Ендеше, тамырыңа былай дәрі еккенсің.

Қылмыскер: Ағасы, қарасаңызшы. Қолымда иненің ізі де жоқ қой.

Тергеуші: Бәлкім, сен иненің ізін жасырмақ боп әлгі дәріні табаныңа, мүмкін басыңның құйқасына немесе тісіннің тамырына еккен шығарсың. Бізді ақымақ қылғын келеді, ә?!

Қылмыскер: Ондайды көрсем, көзім шықсын.

Тергеуші: Әлде, кіндігің арқылы жібердің бе?

Қылмыскер: Астап...

Тергеуші: Не, тағы да дөп түстім бе?

Қылмыскер: Жоқ, ағатай. Мен байқа...

Тергеуші: Біз солай байқатпай түсіреміз. Хи-хи-хи.

Қылмыскер: Капитан аға, түсінсеңізші, қазақпыз ғой.

Тергеуші: Сен қазақ емессің. Қайта қазақтың атына кір келтіріп жүрген мазақсың.

Қылмыскер: Ағатай-ау, мен адам өлтірмек былай тұрсын, бетіме қонған шыбынды орынсыз ұшырған пенде емен. Тіпті мен ол кісіні танымаймын да.

Тергеуші: Міне, тағы да өзінді-өзің ұстап бердің. «Андамай сөйлеген, ауырмай өледі» деген — осы.

Қылмыскер: Тағы да не жазып қалдым?





Сандалған сауал

Тергеуші: Ажалбек Әзірейілулын танымаймын дедің бе?

Қылмыскер: Деп қалыппын.

Тергеуші: Деп қалсаң сол. Әккі қылмыскерлер әдейі танымайтын адамын аңдып жүріп өлтіреді. Оларды жынды деймісің, танитын адамын өлтіріп?! Бір жағынан танитын адамды өлтірудің өзі ұят қой. Простона не удобно. Ал на зло, әлгі танысы өлмей қалды делік. Сосын ол бәрін жайып салмай ма? Хе-хе-хе. Міне, логика қайда жатыр?! Бұл – уже жіптің ұшы шықты деген сөз.

Қылмыскер: Қап-аға...

Тергеуші: Қап ағаң ней сенің?

Қылмыскер: Капитан аға дегенім ғой.

Тергеуші: «Жолдас тергеуші» де, жо-жоқ, қазіргі заманға лайық «тергеуші мырза» десең де болады. Я болмаса «Басал Шашалұлы» деп былай ресми түрде айт.

Қылмыскер: Басал Шашалұлы, менің түріме қараңызшы. Адам өлтіретін ахуалым да жоқ қой.

Тергеуші: Адам өлтіру онай ма? Уайымдап-ақ азып кеткен шығарсың?

Қылмыскер: Мені бостан-босқа күйдірменізші. Жазығым жоқ қой.

Тергеуші: Сені күйдіріп отырған мен бе? Қане, айтшы: «Қылмыскер емеспін» деп.

Қылмыскер: Қылмыскер емеспін.

Тергеуші: Онда жетіскен екенсің. Осы жасқа келгенше бірде-бір қылмыс жасамаған не деген адамсың өзің? Баяғыда ата-бабамыз, «Отызында отырмасаң, қырықында қамала алмассың» деген. «Жаңылыспайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» деген де бар. Қылмыс жасай алмай жүріп өзін «адаммын» дейді еше. Осы отызында отырып қалмасаң, ертең қырықта қамала алмай қаласың. Сондықтан ойлан, бала!

Қылмыскер: Сонда не істеуім керек?

Тергеуші: Енді соны да білмеймісің? Кісі өлтір! Банкі тона! Әйелдерді жәбірле! Әйтпесе «бергеннің қолынан, бермегеннің жолынан», деп кісі затын күш көрсетіп тартып ал. Тіпті ол да қолыңнан келмесе, ешкімнен





ештеме де сұрама да, көрсетпе де, қалаған затынды ал да кет. Қазір нарық заманында қылмыс деген мода болып жатқан жоқ па, жарқыным-ау?! Егер мен айтқан бұл қылмыстарды да жасай алмайтын болсаң, маған айтшы, ашылмай жатқан қылмыстарды көтергеніңше мойнына іліп-іліп берейін.

Қылмыскер: Қажеті жоқ.

Тергеуші: Неге қажеті жоқ? Әбден қажеті бар. Сенің адам, онда да анау-мынау емес, ұлы адам болуына қажеті бар.

Қылмыскер: Қалайша?

Тергеуші: Сұрағының түрін. Сен өзі тарих, әдебиет деген пәндерді оқып пе ең?

Қылмыскер: Иә.

Тергеуші: Оларды оқу аз. Зейін қоя оқи отырып, көңілге тоқи беру керек. Байқап қарасаң, атақты, ұлы адамдардың барлығы да жер аударылған немесе түрмеге отырып шыққан. Мысалы: Ленин, Сталин, Достоевский, Солженицын, тіпті оларды айтпағанда өзіміздің небір боздақтарымыз 37 жылы сотталып, атылып кеткен жоқ па?! Не, олар шын мәнінде тыңшы, қылмыскер, халық жауы болды дейсің бе? Жоқ. Тіпті де олар халық жауы емес. Қайта олар – періштелер. Мен бағана айттым ғой, періштелердің өзін қылмыскер етіп жібереміз деп. Сонан соң оларда ұят бар. Заң қызметкерлері таққан кінәні мойындамауға олардың ар-ұяты жібермеді. Ал сенде ол да жоқ. Қылмысыңды мойнына салып тұрсақ та мойындамайсың. Қалай, жетене бірдеме барды ма? Жоқ па? Сен маған сенбесең, сотталып көрші. Мүмкін атағы жер жарған Ұлы адам боп шыға келерсің.

Қылмыскер: Ағатай-ау, жасамаған қылмысты мойныма қалай ала салам? Ақылға қонбайды ғой.

Тергеуші: Қондырамыз. Тек сен «иә» десен болды.

Қылмыскер: Сонда қанша жыл бересіздер?

Тергеуші: Көп болса 7-8 жыл. Ары кетсе, 10 жыл. Айтуға тұрмайды. Жігіт адамға сөз бе екен тәйірі?! Батырларша бір ұйықтап тұрсаң болды, өтеді де шығады. Сотталдым екен демейсің.

Қылмыскер: Жоқ, аға. Мұныңызбен келісуге болмайды.





Сандалған сауал

Тергеуші: Жарайды, ендеше. Жарайды. Адам өлтіргенді мойындамасаң, мойындама. Біз бұл қылмыс туралы 50 күдіктіні ұстап отырмыз. Бірін болмаса, бірін мойындатармыз. Ал, сен біздегі ашылмай жатқан ұсақ-түйек қылмыстардың бір-екеуін өзіне іл де кет. Құлағың бізден де, әйеліңнен де тыныш болады.

Қылмыскер: Мұныңыз барып тұрған қылмыс қой.

Тергеуші: Ал сенікі ше? Нағыз көргенсіздік. «Қазақпын ғой» дейсің. Қане, сол қазақшылығың? Қазақ өзінен үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеген. Ең болмаса, жасымды сыйласаң етті. Мейлі, хорошо, қылмыс жасамай-ақ қой. Бірақ үлкенді сыйлап, мойындай салуға болады ғой. Ұят емес пе, безеріп тұрып алғаның? Ну, көңіл үшін мойындай салсаңшы. Жоқ, обязательно нервке тию керек пе? Сен бұлай қанымды қайнатып, көзімді қарайта беретін болсаң, сенімен мен емес, резеңке таяғым сөйлесетін болады. Ол анау-мынау емес, резеңке таяғым полиглот дубинка. Кез келген тілде сөйлесе береді. Қане, айт жаныңның барында. Әйтпесе, өмір сүріп жүргеніңе өкінетін боласың.

Қылмыскер: Көндім, аға. Тек полиглот дубинкаңызды «сөйлете» көрмеңізші.

Тергеуші: Міне, енді жөнге келдің. Негізі, өзің тәрбие көрген бала сияқтысың. Мұрныңнан сәл жетектесе, адам болып кетейін деп тұрсың. Қане, өзің айта қойшы, қандай қылмысты өзіңе лайық көресің?

Қылмыскер: Біздің размерге шақтау қылмыс болса...

Тергеуші: Табамыз, мәселен орталық қойманы тонап ем дей сал.

Қылмыскер: Ойбай, болмайды. «Өз нағашысын тазға отырғызып кетіпті» деген атқа қалармын.

Тергеуші: Онда, сиыр ұрлаған болып шық. Жазасы да былай нелеу...

Қылмыскер: Осыныңыз дұрыс сияқты.

Тергеуші: Міне, жігіт деп осыны айт. Жарайсың, бауырым. Сен бізге ашылмаған қылмыс санын азайтуға көмектесіп тұрсың. Бұл «Құрық» операциясы кезінде ұпайға ұпай қосатын болды. «Сыйға – сый, сыраға – бал» деген. Мен сені бар ғой я тура бір адамдық люкс камераға





Сандалған сауал



жатқызып қоямын. Сосын темекі дейсің бе, арақ-шарап дейсің бе, шәй, тіпті нашамен де қамтамасыз етіп отыруға уәде берем.

Қылмыскер: Ағай, менікі ұлы адам болам ба деген ой ғой.

Тергеуші: Өте дұрыс. Міндетті түрде боласың. Енді сен болмағанда, түрмеге отырмаған мен болам ба? Осыдан жақсылап барып сотталып келші. Құдай біледі деп айтайын, атағы жер жарған ұлы тұлға болмасаң, маған кел. Тағы да соттап жіберейін. Айтпақшы, ұмытып барады екенмін. Осындай ұлы адам болғысы келетін жора-жолдас, таныстарың болса айт, бізге келсін. Ұлы адамдар қашан да қоғамға өте-мөте қажет.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





ШЫМЫЛДЫК



Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ





ФЕЛЬЕТОН





ҚАРҒАЙЫН ДЕСЕМ, ЖАЛҒЫЗЫМ

«Қарғайын десем, жалғызым, қарғамайын десем, жалмауызым» деген екен баяғыда бір кейуана қазақ. Қайбір жетіскеннен айтты дейсіз. Осылай демеске амал қалмаған ғой, шамасы.

Біз де, мәселен, дәл қазір осы сөзді айтуға мәжбүр болып отырмыз.

«Смағұлов и К» деген қазақты танитын шығарсыздар. Танығанда қандай?! «Атың шықпаса – жер өрте» деген пақырдың тап өзі емес пе?! Міне, сол пақыр миллиондарды қойны-қонышына тығып, айрандай ұйыған отбасынан, аяулы ата-анасынан, кіндік қаны тамған Атамекенінен, оттай ыстық Отанынан қашып кетті. Қашса да, жетім мен жесірдің көз жасын арқалап кетті. Оған қарғыс айтып, әлгі кейуанадай қарғайсың ба, қарғамайсың ба? Қарғайын десең, өз бауырың. Түрікшелеп айтсак, «бір қарыннан шыққан қарындасың». Қарғамайын десең, санасы мен ар-иманының сиқы анау. Екі қолыңызда неше саусақ бар еді? Мұны бір деп қойыңыз. Енді екінші саусағыңызды дайындай беріңіз.





Еліміз егемендік алып, етек-басымызды түзей бастадық. Мемлекеттік бүкіл дүние-байлық, зауыт-фабрика, тау-кен, шахта-бақша, кейде жылжып, кейде жылжымайтын (қырсық есек сияқты) мүлік пен денесінде жаны бар, жаны жоқ аң-құсқа дейін сатып немесе жекешелендіріп жібердік. Негізі, науқаншыл халықпыз ғой. Біреу бір тас лақтырса, біз сол жаққа қарай екі тас лақтырамыз. Мейлі ғой. Бұдан бүкіл халық байып, бүйірі тойған қозыдай томпайса, егер қарбытқаны – қазы, жұтқаны – қымыз, шұбат, мінгені – «Мерс» болса, құдайға шүкіршілік айтасың. Құрығанда, бәрі керісінше болып келеді ғой. Бұл жерде де байығандар – шала сауатты шенеуніктер, дарынды емес, қарынды бюрократтар, саналы емес, каналды сыбайлас-жемқорлар, бесіктен белі шығып үлгермеген мини-мансапқорлар. Енді үшінші саусағыңызды бүгіп, келесі дерекке назарыңызды аудара беріңіз.

Кезінде халықтың көпшілігі табанақы, маңдайтермен тапқан қаржыларын балаларының аузынан жырып, Үкіметтің банктеріне салды. Олардың мақсаты – үй салу, немесе сатып алу, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондыру, темір тұлпар міну болды. Бірақ қоғамымызда жүрек пен санасы жоқ қуыс кеуде мешкейлер жүргенде жәй пенденің дегені бола қоюшы ма еді?! Бір-ақ күнде банкте тұрған қаражатынан айрылды да қалды. Базбіреулер бұл соққыны көтере алмай о дүниелік болып кетті.

Осы тақылеттес оқиғаларды санамалай берсек, қолдағы саусақтарыңыз жетпес. Аяқта да саусақ бар дейсіз бе? Ол да жетпейді. «Аузы күйген үрлеп ішеді» дейді философ қазақ. Бірақ біз мұны күнделікті тірлікте ескере бермейтін сынайлымыз. Әйтпесе, әлгі құмға құйған судай зым-зия жоғалған банктегі ақшамыздан кейін екіншілей банктерге қаржы салар ма едік?! «Қайта шапқан жау жаман» демекші, жоғарыда айтылған «Банк операциясы» тағы да қайталанды.

Қарағанды облысының тұрғындары «Цветметбанк-тың» белгілі бір пайыз бойынша өсіріп беретін са-





Сандалған сауал



Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ

лымдарына ақшаларын салып, өз өсімдерін ала алмай жүргендеріне, міне бақандай 5 жыл болды. (Бұл деректі «Юбилей» ретінде де атап өтуге болады). Олардың арасында кәрі-құртаң, бай-манап, жетім-жесір, жаңа және шала қазақ, тіпті бұл жалғаннан озып кеткендері де бар. Осы даулы мәселеге орай бірнеше депутат тиісті мемлекеттік мекемелер мен құзырлы орындарға хат жолдап, депутаттық сауал салса да сең бұзылар емес. Тиісті банк басшылары мен құзырлы орындар сол баяғы әдеттеріне басып, салқынқандылық танытып, еріне ернін жыбырлатып, хат арқылы сылап-сипап, тасбақа тіршілік кешіп жатыр. «Көрдім. Білдім. Түсіндім. Бұл бір қиянат іс болған екен. Шара қолданамыз» деп жатқан адам жоқ. «Біреудің жоғын біреу ән салып іздеп жүр», әйтеуір. Ол – ол ма?! Алматы қаласының салымшыларынан да 2001 жылдан бастап ұйқы қашты. «Цветметбанк» сияқты «Бизнесбанк» та аяқ астынан банкрот болып шықты. «Цветметбанктің» салымшылары алдындағы қарызы 49 миллион теңге болса, «Бизнесбанктің» қарызы Ұлттық Банктің ресми құжатында 13,5 миллион теңге деп көрсетіледі. Бірақ Ұлттық Банктің Банк пен қауіпсіздендіруді бақылау департаменті директорының БАҚ-тағы мәліметіне сенсек, миллиондар емес, миллиардтар өсіп шыға келеді. Бұл іс бойынша да депутаттар Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Р.Түсіпбековке депутаттық сауал жолдап отыр. Егер осы жолы да іс насырға шауып, салымшылар жапа шексе, онда Үкіметтің халық алдында бетінен-бет қалмайтын шығар.

Баяғыда Петр бірінші Балтық жағалауындағы елдерді басып алып, бір шенеунікке сол елден жер сыйлапты. Сөйтсе, ол жер бір пақырдың жері болса керек. Әлгі батырақ арызданып жүріп патшаға да жетіпті.

– Егер мені кінәлі деп тапсаң, сотқа бер, – депті патша.

Жәбірленуші патшаны сотқа беріпті. Сот істі ары қарап, бері қарап, патшаны сотқа шақыртыпты. Патша үлкен басын кішірейтіп, сот алдына келіпті. Сонымен сот істі әлгі пақырдың пайдасына шешіп, патшаны айыпты





деп тауыпты. Сонда Петр бірінші соттың әділ шешіміне ризашылық білдіріп:

– Патша да жауап берген сотпен басқалар ойнамасын,
– деген екен.

Бұл бірнеше ғасыр бұрын болған оқиға. Ал ХХІ ғасырдың оқиғасы немен бітер екен? Біздің сана-түйсігіміз Петр біріншінің ғасырынан асып-түсіп жатса, қуанасың. Ал одан да төмен түсіп кетсе ше... Үмітсіз – шайтан.

САСҚАН ҮЙРЕК САЛЬТО ТАСТАЙДЫ

Әлқисса, жарықтық Алдаркөсе шық бермес Шығай-байға:

– Көргенімді айтайын ба, әлде естігенімді айтайын ба?
– депті. Сонда сараң бай:

– Естігенің өтірік болар, көргенінді айт, – деген екен.

Сол айтқандай, ұйыған айғақты нәрсені алдарыңызға айрандай қотарғым келіп отыр.

Елбасымыз зейнетақы мен бюджетке қарасты мекемелердің айлық жалақысы тағы да өсетіндігін айтқан жоқ па? Қуанышты хабарды естігенде, әйеліміз егіз ұл тапқандай қуандық. Елдің әлеуметтік жағдайы жақсарып, етек-жеңі жиналып, жыртығы жамалар дестік. Осы масайраудың «мастығынан» айыға алмай жүргенде, Білім және ғылым министрі, мың болғыр Шәмша Беркімбаева ханым білім саласы үшін бұрынғыға қарағанда 38,5 пайыз артық қаржы бөлуге қол жеткізгендігін мәлімдеді ме? Мәлімдеді. Бұған ұстаздар қауымы бөріктерін аспанға лақтырып, бұлт ішінен шығар күнді көргендей әсерге бөленді. «Қуаныштарыңыз ұзағынан сүйіндірсін!» дейін десек, қайын атасының алдында тілі күрмелген келіндей күй кештік. Неге? Қостанай облысының ұстаздары қара жамылып, ораздан кейін де ораза ұстайтын ниет білдіріп отыр. «Неге, байғұс-ау?» дерсіз. Сіздің негелегеніңізге біз шегелеп жауап беруге тырысып бағайық.

Қостанай облысы Мендіқара аудандық мәслихаты





Сандалған сауал



ай-күннің аманында түлен түртті ме қайдам, бюджеттің мардымсыздығына байланысты ұстаздардың еңбекақысын қысқарту қажет деп тапқан. «Енді ес жиямыз ба?» деп отырған ұстаздарды аудандық мәслихат депутаттары «шөміштен қысқаннан» басқа жол таппағаны ғой сонда. Әлде, бұл «жуас түйе жүндеуге жақсының» кері ме? Осындай ұйғарым жасап отырған халық қалаулыларын өз ұстаздарын осылай «сыйлап, құрметтеп», ұл-қыздарына үлгі, өнеге көрсетіп отыр деп түсінеміз бе? «Сасқан үйрек сальто тастайды» дейді қазіргі жастар. Сіздердің бұл «сальтоларыңызға» жол болсын, депутат мырзалар! Мұндай солақай шешім шығарып шіренгеннен депутаттар ұпай жинап, бюджет қоржыны қампаяды дегенге ешкім нана қоймас. Өткен жылдың тоғыз айы ішінде республикалық бюджеттен бір миллиард үш жүз миллион теңге ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен. Желге ұшқан, суға аққан, отқа өртенген, әйтеуір ізі-ғайым жоғалған. Одан қалса, Астанада жыл сайын ондаған миллион теңгеге «мұз қалашық» салып, әуейілетін әдетіміз бар. Сол қаржыны балабақша, мектеп, кітапхана, мәдениет, спорт, т.б. сарайлар салуға жұмсасақ, апырым-ау, діннен шығып кетеміз бе, кәнеки? Әрине, бұл пікірімізге әлгі «қолы ашық» шенеуніктер: «ол қаржы бюджет есебінен емес, бизнесмендер қалтасынан алынды» деп ақталар. Мейлі, қайдан шыкса да, қаржының игілікті іске жұмсалғаны абзал ғой.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айтсақ, егер қаржы атаулыны тиімді пайдалана отырып, жоғарыда айтқандай ысырапқа жол бермесек, ұстаздардың қалтасын қақпай-ақ, бюджеттің қарнын қампайтуға болады деп ойлаймыз. Менің бір түсінбейтінім, біз біреуді жұбату үшін, екінші біреуді жылатуға неге құмармыз? Тойып секіретін «тапқышбек» шенеуніктерді тізгіндеп, халықты сыйлауды қашан үйренер екенбіз осы?

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





АШ БОЛСА, НЕГЕ ПАЛАУ ЖЕМЕЙДІ?

1932 жылғы ашаршылық кезі болса керек. Аш-жалаңаш кедейлердің барлығы байдың есігін сығалап, итке тастаған сүйектерге таласып, жуындымен жүрек жалғап жүріпті. Осының бәрін көріп-біліп жүрген байдың ерке баласы:

— Әке, мына кедейлердің бәрі неге біздің үйдің есігінен сығалай береді? — деп сұрапты. Сонда бай:

— Е, балам, бұлар аш қой, — депті. «Белі ауырмастың нан жесін қара» демекші, мұндай ауыртпалықты бастан кешпеген баласы:

— Аш болса, неге палау жемейді? — деген екен.

Бұл ілгеріде болған оқиға. Таяуда бір курстасым менің жатақханада тұрып жатқанымды естіген соң:

— Осы уақытқа дейін жатақханада тұра бергенше, неге үй сатып алмайсың? — дейді данышпансып.

— Ойбай, атай көрме! Пәтер алған соң жұрт қатарлы еуроремонт жасау керек. Оның ай сайын төлеп тұратын пәтерақы, жылдақы, суақы, буақысы бар, одан қала берсе, күл-қоқысына дейін ақы төлейсің. Ол ақы бір орында тұрмай, жыл сайын өсетіні тағы бар емес пе?! Пәтер сатып алдым дегенше, басыма бәле сатып алдым дей бер, — деймін әзілдеп.

Ол пақыр қайдан білсін, менің соған қолым жетпей жүргенін. Менің сол жатақхананың өзінде: «басшылар қашан қуып жіберер екен?» деп қалт-құлт етіп күн кешіп жатқанымды ол пақыр жан-жүрегімен сезіне білді дейсің бе?! Жок! Тас түскен жеріне ауыр. Әркім өз басына түспей, қиыншылықты жан-жүрегімен сезіне білмейді. Содан да болар, «Неге аш болса, палау жемейді? Неге үй сатып алмайсың? Неге кедей тұрасың? Неге «Мерс» мінбейсің?» деген сауалдарды санамен, жүрекпен емес, тіл ұшымен қоя саламыз. «Тисе терекке, тимесе бұтаққаның» кері.

1992-1998 жылдар аралығында Маңғыстау облысына Түркіменстан мен Өзбекстаннан 672 отбасы (2575 адам)





квотамен көшіп келген. Олардың қоныс аударғандарына алды 10 жыл, соңы 5 жыл болса да, әлі күнге дейін тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген. 2002 жылғы «Көші-қон туралы» Заңның 29-бап, 2,4-тармақтары негізінде олар Үкімет тарапынан баспаналы болуы керек еді. Өкінішке қарай, ол заң сол жазылған жерде, жарияланған күйде қалды. «Жұрттың Ыбырайы – Ыбырай, біздің Ыбырай сұмырай» демекші, неге өзге елдің заңдары қара қылды қақ жарады, неге біздің заңдар тоқалдан туғандай жасқанып, орындалуы дәрменсіз болып келеді. Міне, осының салдарынан оралман бауырларымыздың халі мүшкіл. Олар қыс айларында тұруға бейімделген саяжайларды паналап, кейбіреулері бетіне күліп қараған ағайын-тумаларының үйіне түнеп, ал базбіреулері айына 15-20 мың теңгеге пәтер жалдап тұрып жатыр. «Жыламаған балаға емшек бермейтінін» біліп, оралмандар «Көші-қон туралы» заңның орындалуын талап етіп, бірнеше рет Көші-қон агенттігіне, Үкіметке, Президенттің әкімшілігіне арызданған. Алайда әлгі мәселе осы күнге дейін оң шешімін таппай отыр. Көшіп-қону кім-кімге де оңай емес. Әсіресе, Түркіменстаннан келген бауырларымызға өте қиын соғып отыр. Өйткені олар Түркіменстандағы үйлерін сата алмайды. Сондықтан кеткен үкіметі зар жылатып жіберсе, келген үкіметі көз жастарын сүртіп, бауырға тартып, қамқорлық жасап жатса, жараспай ма?! Біз, керісінше, «Жығылғанға жұдырық» жұмсап отырмыз.

Бұл – квотамен көшіп келген оралмандардың мұң-мұқтажы. Ал квотасыз, өз беттерімен қоныс аударған қандастарымызды қайтеміз? «Ақыры келіп қалған екенсіздер, өз күндеріңізді өздеріңіз көріңіздер» деп қол жайып отыра береміз бе? Әлде, жоғарыда айтқандай, «Неге үй сатып алып, жұмысқа тұрмайсыздар?» деп тіл ұшымен сауал тастаймыз ба? «Қотыр түлкі өз інін қабады» демекші, Көші-қон агенттігі өз заңын өзі аяққа басып, жылаған оралманды жұбатудың орнына, жұбанғанды қайта жылатып отыр.

Өткен ғасырдың елуінші жылдары біздің жақтан





үдере көшіп барған қазақтарға Түркия үкіметі құшақ жая қарсы алып, үлкен құрмет көрсетіпті. Сол кездегі Түркия мемлекетінің министрі Фатын Рушту Зорлу көшіп келген қазақтарды қарсы алып тұрып:

– «Түркия маңдайы шылқып тұрған бай ел емес. Соған қарамастан, біз сіздерге хал-қадірімізше қол ұшын береміз. Әрқайсыңа баспана береміз. Бес жыл бойы салық төлеуден босатамыз. Мемлекет иелігіндегі көліктермен ел ішінде жүріп-тұруға жеңілдік жасалады. Саудамен, қолөнермен шұғылданам деушілерге қалалық жерден тегін үй беріледі. Жұмыс істеймін деушілерге мемлекет меншігіндегі зауыт-фабрикалардан жұмыс тауып береміз» деген екен. Міне, қамқорлықтың үлгісі! Бұл – туған әкең де және біздің Көші-қон агенттігі де жасамайтын жақсылық. Пәтер бергеніне, жұмыс тауып беріп отырғанына ақы я болмаса пара сұрамайтын сауап іс. Бұл – бауырларына деген, яғни түрікшелеп айтсақ, қарындастарына деген түріктердің құрмет пен ізеті, нағыз жанашырлығы. Ал біз өз қандастарымызды қалай қарсы алып отырмыз? Қытайдан келген қазақты «қытай», моңғолдан келгенін «моңғол», Ираннан келгенін «иран» деп төмендетеміз. Куәліктерін жылдап бермей, әуре-сарсаңға саламыз. «Қазақша жазып, орысша сөйлей алмайды» деп тағы жазғырамыз.

Ол байғұстар қайда барса да «Қорқыттың көрін» дайындап қоямыз. Олар «Отаным», «Атамекенім» деп зар жылап, елге оралмап пе еді?! Осынша жапа шегетіндей не жазып қойды? Бұл қорлыққа шыдай алмай, біразы қайта көшіп кетті. Олардың обал-сауабы кімге? Әрине, осының бәрін ұйымдастырып, үйлестіре алмаған Көші-қон агенттігіне. Бұлай демеске шарамыз да жоқ. Бұл өзекті мәселе туралы Парламент мәжілісінің депутаты Қайролла Ережепов мырза Премьер-министр Даниал Кенжетайұлы Ахметов мырзаға депутаттық сауал тастады. Бұғанасы өндірісте қатып, талабы талай тартыстарда таразыланып жүрген Д.Ахметов бұл өзекті мәселенің оң шешімін табуға белсене араласады деген үміттеміз. Ал Көші-қон агенттігінің төрайымы Алтыншаш Жағанова ханым





Сандалған сауал

туралы «Жас алаш» газеті бір емес, бірнеше мәрте сын мақалалар жариялады. Одан бері де тазға шаш шығатын уақыт өтті. Ал А.Жағанова ханым тау сілемдеріндей қатып отыр. Сен қозғалар емес. Еритін кез әлі болмаған-ау, сірә?!


БІЗ НЕ КӨРМЕГЕН ХАЛЫҚПЫЗ?!

(Шартты фельетон)

Біз не көрмеген халықпыз?! Бәрін де көрген халықпыз. Шошқаны кие тұтқан елдің отары да, жат жұрттың «отаны» да болған халықпыз. Алқакөл-сұлама кезінде шабыт қысып емес, қамыт қысып, «Елім-айды» зарлап айтқан халықпыз. Қолдан жасалған «Искусственный» аштықта қыбырлаған мен жыбырлағанды талшық етіп, өзек жалғаған халықпыз. «Шетелде жұмақ бар екен» деп Асан қайғы бабамыз шақырғандай, визасыз бәріміз үдере көшкен халықпыз. Нәубетті алақайлап қарсы алып, Сталин мен Голошекиннің алдына түсіп, туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, тамыр-танысқа қарамай, қырып тастаған халықпыз. «Отандап» жүріп дзотка кеуде тосқан халықпыз. Осы көргеніміз аздай, ата-бабамыздың зиратын «уралап» жүріп талқандап, оның үстіне арпа, бидай, жүгері еккен халықпыз.

Құдай-ау, біз не көрмеген халықпыз?! Бірнеше жыл тоқырауда қалғып-мүлгіп «ұйықтап» кеткен халықпыз. Қоразша шақырып «Қайта құру» келгенде асып-сасып, кебісімізді сүйрете жүріп, біраз нәрсені қайта құртып жіберген халықпыз. 1986-ның желтоқсанында мүйіз сұрап, құлағымыздан айрылған халықпыз. Тіліміз бен дінімізден безіп, мешіттерді қиратып, киелі де қасиетті жерлерді дәретсіз кезіп кеткен халықпыз. Қарап отырсақ, біз кіріп араламаған тозақ қалмапты. Жекешелендіру кезінде колхоз-совхоз, зауыт-фабрика былай тұрсын, жылжитын, жылжымайтын мүлікті де, тау-тас, өзен-көл, су-бу, жылу, тағы не еді, ит-құс, лёд-мұз демей, тіпті әйелімізге дейін





жеке шешіндіріп, то есть, жекешелендіріп, я болмаса сатып жіберген халықпыз. Кафе-бар, казино-сауна, түнгі клуб пен сыраханаларды қаптата ашып, кітапхана мен балалар бақшасын жауып тастаған халықпыз. Шынында да, біз «мың өліп, мың тірілген» халықпыз. Біздің қасымызда бессмертный Кашейің де жіп есе алмай қалады. Ай мен Күннің тұтылғанын да көрген, мафия, рэкет, қаракшылардың менттерден оп-оңай құтылғанын да көрген халықпыз.

Бұрын базарда тұрып сауда жасаған өзбекке күліп жүруші едік, өзіміз базарды қойып, әскери ұшақтарды ондап-жүздеп шетелге сатқан халықпыз. Әскери қоймадағы оқ-дәрінің сататынын сатып, ататынын атып, отқа жаққан халықпыз. Бір отбасында он болсақ, онымыз он дінге кірген халықпыз. Алты Алаш араз болып, ауыздағыны жауға берген халықпыз. Бар бола тұрып, бай бола тұрып, жоқ-жітікке қол созбаған, созсақ та мол созбаған халықпыз. Біз қашан төрт құбыласы тең ел, ынтымақ-бірлігі мен ауызбіршілігі жарасқан халық боламыз?

Егемен еліміздің ендігі атар таңы нұрлы да жарық болғай! Ас-суға, дәм-тұзға, үй-жайға, бақ-дәулетке қарық болғай! Мереке-шаттығымыз көп, уайым-қайғымыз жоқ болғай! Алла бізге жар болғай! Әумин!






Лайықты жұмысқа
лайк басайық!



Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ





**БИТА
САДЬМ**





МАҒЫНАСЫ МАЙЫСҚАН МАҚАЛДАР

Жаңа қазақ мақтанса,
Ағылшын тілін білем дер.



Сана жеңбегенді,
Пара женеді.



Заңгерге заң жүрмейді.



Тағы бардың сағы сынбайды.



Тояр жерге туың тік.



Қызмет санасы барға емес,
«Каналы» барға келеді.



Байдың шарапаты тиер тар жерде,
МАИ-дың кесапаты тиер әр жерде.



Жаман қазақтың аузында – сүр ет,
Жаңа қазақтың алдында – күзет.





Сандалған сауал



Сақау әйелге жолама,
Сайқал сайлауға жолама.



Кәпір сало жейді,
Қазақ «Рама» жейді.



Бір қазақ «Мерс» мінсе,
Жүз қазақ кебіс киеді.



Тоқалсыз еркек –
сақалсыз теке.



Қазақтың атадан қалған еншісі –
Билік.



Журналистің жазғаны – керім,
Жегені – желім.



«Ә» десе, «мә» деген қатыннан без,
«Мә» емес, «бер» деген жақыннан без.



Мат болған кәрелден,
Шах қойған пешкі артық.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



Рәкеті жоқ базар – жетім.



Әйел жүрген жерде
шу қалады.



Мастың тіліне милиция түсінеді.



МАИ-дың тоқтатқанынан,
Дәметкені қызық.



Қатын түнде жаман емес,
Күндіз жаман.



Ашу – тапанша, Ақыл – доллар.



Қудалықта киген тон келте болмас.



Сыраhana жағалағанның шөлі канбайды.



Демеуші болмаған фирмадан,
Қаңырап тұрған ферма артық.





Сандалған сауал



Ұл өсірме, қыз өсір,
Қалыңмалы оның көл-көсір.



Өзіңе тартпаған ұлдың түбі – шикі.



Бастықты есепшісі асырайды.



Жалғыз өзім сау болғанша,
Көппен бірге «мал» болайын.



Тергеушісіз қылмыскер де
«сайрамаған».



«Әкім біледі» деген өседі.
«Өзім білемін» деген өшеді.



Лауазым иесі орнынан түссе де,
Билік айтуын қоймайды.



«Рәкет» жоқ деме, жар астында,
«Ұры жоқ» деме, тауар қасында.



Әйелдің шашы қысқа,
Құлығы мен құрығы – ұзын.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ



Қызға барсаң – қызып бар,
Қызып барсаң – қызық бар.



Бір полиция екі паракорға татиды.



Әйелге айлығыңды берсең де,
Шайлығыңды берме.



Екі бойдақ жабылса, қыздың соры.



Әйел аузы сөйлесе,
Еркек аузы жоқ болады.



Атасы бардың жорғасы бар,
Әжесі бардың дорбасы бар.
Ағасы бардың «Вольвасы» бар,
Токалы бардың сор басы бар.



Рәкеттен қорыққан,
Сауда жасамас.



Қонақ есіктен,
Ұры тесіктен кіреді.



Сандалған сауал



МАИ инспекторының азығы – жолда.



Ұры мен сатушы бұйырмағанын жейді.



Күйеуінің ішкісі келгенде,
Әйелінің тышқысы келеді.



Әп-әдемі-ақ қыз еді,
Негрге тиіп қор болды.



Бюрократтардың уайымы бір.



Шағым шын болмаса да,
Шымбайға батады.



Әйелімнің кеткеніне емес,
Құтылғанымға жылаймын.



Бір парақор қолға түссе,
Қырық парақор түс көреді.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ



Теңгеге қызыққан қыз құшады,
Жеңгеге қызыққан құзға ұшады.



Адамның басы – мафияның добы.



Саудагерде қырық кісінің ақысы бар.



Әр басшының тұсында бір арызқой.



Жолсерік бірде малды,
бірде малсыз.



Коррупция шекіспей, бекіспейді.



Ресейдің «Волгасы» озғанша,
Шетелдің «Вольвосы» озсын.



Ақша – араққа,
Тиын – тамаққа.



Кәйіп қызығын ішкен білер.



Сандалған сауал



Өлген кезінде бәрі жақсы,
Жаман адам қайдан шығады?



Екі орынбасар ерегіссе,
Бас инженер бастық болады.



Қызметкерлер шыр айналар алдында,
Креслоң болса ұсынар.



Жезөкшеден аяман жұрттың байын.



Мафияға да қорғаушы керек.



Бұзылған қыз ер таңдамайды,
Маскүнем жер таңдамайды.



Студент жоқтығын білмейді,
Бизнесмен тоқтығын білмейді.



Бұзылайын деген қыз
үйде тұрмайды.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



Әкімнің қолында мөрі бар да,
Қадірі көп.



Көріпкелдің айтқаны келмейді,
Сығанның сандырағы келеді.



Біреудің байы біреуге,
Тауар артқан КамАЗ-дай көрінеді.
Біреудің әйелі біреуге,
Мерседестей сыландайды.



Таразыдан жеген тиын,
Құйттай да болса – олжа.



Зачет ала алмай жүріп,
Сынақтан сүрінгенге күлме!



Жезөкшеде жаттық жоқ.



Айлық берген лауазым,
Байлық та, шайлық та берер.





Сандалған сауал



Торға түсер баланың қылмыспенен ісі бар,
Торға түспес баланың қылмыста не ісі бар?!



Мафияның қолтығы кең,
Құйрығы ұзын.



Алтыннан салған тісің түспесін,
Ішкі істер бөліміне ісің түспесін.



Парақор сотта тек те, кек те жоқ.



Ұры тойынған жерге өш.



Саудагер алтыннан үй салса да,
Тиын санағанын қоймайды.



Күйеуі жоқ күні,
Әйелі құтырады.



Әйелдің бажылдасқаны – ақылдасқаны.



Андамай сөйлеген косякқа кіреді.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



Бос шөлмектің қадірі жоқ.



Баға жағадан алғанда,
Рәкет етектен тартады.



Бастық күлсе,
Орынбасары езу тартады.



Адам адамнан артық емес,
Боқ байлығы болмаса.



Мастың қызуы қайтқанша,
Той тарқайды.



Долы әйелдің үйінде,
Күнде айқай, күнде шу.



Қаланың бәрі – базар,
Базардағының бәрі – тажал.



Әйел ашуын өсектен алады.





Сандалған сауал



Мафияның басы болмасам да,
Теңселген масы болайын.



Мыңның атын білгенше,
Бірдің қызметін біл.



Бұзылған қыз тумай қоймайды.



Ержеткеннің түсіне,
Бойжеткен кіреді.



Сұлу қыздың қызығы –
Неке түні өткенше.



Параны берген емес,
Алған – жомарт.



Ұлым, саған айтам,
Күйеу бала, сен тыңда!



Танысыңа сенбе,
Табысыңа сен.



Күйеу – қорқак,
Әйел – батыр.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ



Алдай білген арбайды,
Арбай білген алдайды.



Маскүнем – арақтың құлы.



Ұры тәрбиесі – тесіктен.



Сұрамаған басшыға
Пара бермейді.
Пара бермеген соң,
Бара бермейді.



Жүзің жарқын болғанша,
Тісің алтын болсын!



Ұрығың қисық болса,
Ұлыңа өкпелеме.



Әйелінің аузы жыбырласа,
Күйеуінің қолы қимылдайды.



Басшы – ұрысқак,
Хатшы – тырысқак.





Сандалған сауал



Салық көп болса,
сауда «өледі».



Ержеткеннің ойлағаны – арамдық,
Бойжеткеннің ойлағаны – амандық.



Екі бастықтың құйрығы,
Бір креслоға сыймайды.



КамаЗ-дан жүк қалмас,
Бастықтан түк қалмас.



Байы бар, байы бардың,
Оптом сатар майы бар.



МАИ-дың таяғымен
Әкімді корқытпа.



Күйеуі арақ ішсе,
Әйелі тұз жалайды.



Енеге туған күн,
Келінге де туады.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



Жақсы қатын жылда туады,
Жаман қатын белден «қуады».



Пара бермегенге,
Құдаң да қызмет бермейді.



Қатын байыса,
Байын ұрады.



Бастық бір сүрінсе,
Орынбасары қырық сүрінеді.



Бастықты алтынмен аптасаң да,
Жырымдап жеуін қоймайды.



Сыйлыққа алған «правоны»,
МАИ-дан несін аяйын?!



Ене жоқта,
Келін шығар сумандап.



Әйел тоймай,
Күйеу байымайды.





Сандалған сауал



Ене жаманға саналса да,
Адамға саналмайды.



МАИ-дан қорыққан,
Мәшине мінбес.



Мордам ужас болса да,
Фигурам прелесть.



Сырын білмеген қатынның
Қасына жатпа.



Тонналап сатсаң, құтыласың,
Грамдап сатсаң, тұтыласың.



Біздің сотта туған көп,
Туғанды сотта иман жоқ.



У ішкен бір өледі,
Арақ ішкен мың өледі.



Қатын қартайған сайын құтырады.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



МАИ-дан құтылсан,
Алдыннан кеден шығады.



Тіл – өсекші,
Көз – стукач.



Таңғы нәсіп табыстан,
Түскі асым таныстан.



Ұл берген Құдай пұл да береді.



Жоғарыда «краны» жоқтың,
Артында тірегі де болмайды.



Жұмаққа жетелеген тіл,
Тамұққа да тартар.



Парақорға бәлеқор жолығады.



МАИ-ды жамандаған жаяу қалар.



Парақор қайда болса,
Зобалаң сонда!





Сандалған сауал



Бастық байлығын білдірмес,
Елге қарап қол жаяр.



Бастықтың «жаманы» жоқ,
Дегенмен, жел сөзден аманы жоқ.



Дауыс жетпейтін жерге,
Арыз жазба.



Шолақ шенеунік алып та «жығады»,
Шалып та «жығады».



Депутат дауыс жинарда шынығады,
Мәжіліс отырысында тынығады.



Әкімнің иілгені – тынғаны.



Жаңа қазақтың қатыны –
шала қазақ.



Жаңа қазаққа сын «ауыр» тиеді,
Жаман қазаққа мін «тәуір» тиеді.



Тақ – оттан да ыстық.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



Екі тентек таласса,
Полицияға «жем» түсер.



Министрдің қанаты – «Мерс».



Барды байлық өлтірер,
Жоқты айлық өлтірер.



Шенеунік атақ үшін туады,
Билік үшін өледі.



Үкіметке халықтан
Салық қымбат.



Қырық өтірік сайлауда шығады,
Шындықты шыңырауға тығады.



Әкесі байдың –
баласы бай.



Депутатты «сайрай бер» деп дауға қой,
Министрді «сата бер» деп малға қой,
Ал халықты қару беріп жауға қой!



Төрт жылда Парламент жаңа,
Үкімет ауысса – қазан.





Үш рет депутат болсаң да,
Халықтың қарзынан құтыла алмайсың.



Браттан гөрі,
Блатың күшті болсын!



Офисте оймен ою оймаса да,
Мәжілісте сөзбен сызу сызады.



Шенеунікте шер жоқ.




Параны ала білген,
Жоғарыға бере де біледі.





Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





ӘБИМІЗ ЖАРАСА...





ӘЙЕЛІМДІ САТАМЫН

БҰЗЫЛЫП (әйелім естимесін), яғни ауырып жатқан әйелімді запчасть ретінде сатамын. Мінезіне капремонт қажет. Артық доңғалақтары, ой-б-у-у қара домалақтары жоқ. Ұрыс кезінде моторы тез оталады. Сөндіру қиын. Короткий замыканиесі ұстаса, талып қалады да радиатор-аузынан көбік шашады. Қатын – 1972 жылғы. Қыз кезінде в масле алғам. Корпусы кең. Базарға жүк тасуға жарайды. Түр-түсі шоколадный. Багажы дутый. Облицовкасы не толау демесеңіз, жалпы моторы жақсы. Ұзындығы – бір де жетпіс. Ені – бір де қырық. Салмағы – таза таразбен тарт – қанда 180 кг. Спирт, коньяк, вино, сыра және сүт қосылған шаймен, кей-кейде қара сумен де жүре береді. Бағасы – қалыңмалдан көп төмен. Басқа вариант-тарға да көнуім мүмкін. (Құтылсам болды).

ЕСКЕРТУ: Бір сатылған соң қайтып алмаймын. Айтпақшы, ұмытып барады екенмін. Алатын адамның запасной жүрегі болғаны абзал.

«ШЫҢҒЫСХАН»

ЖАРНАМАСЫНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

«ШЫҢҒЫСХАН» – жоғары сапалы әрі саналы «Жаңа қазақтарға» арналған темекі. Дәмі балықтың, ой-й-б-у-у жылқының қазысындай өте та-маша. Исі – жаныңыздағы бір қауым елді тұншықтыруға жарайды. Қорабына құны алтынмен пара-пар қара икраны салып, кез келген кеденнен кідірмей өте аласыз. Қорап сыртындағы суретпен жылаған баланы қорқытып, жұбатуға болады. Оның әрбір данасы 3 минут өміріңізді қысқартып, жұмаққа баратын уақытыңызды жеделдетеді. Бұл темекі дақылы тозақ алқабында өсіріліп, жын-шайтан дәретімен суғарылған. Осы темекіні тартқан екі аяқты еркін де тәкаппар пенделер қарсыластарын жаулап алуға бейім тұрады. Он жерден қой аузынан шөп алмайтын



жан болсаңыз да, «Шыңғысхан» темекісінің бір данасын тартқан соң «темір» Тайсонның жағасын жыртып, қолына бересіз. Испания аландарындағы қызыл көрсе, қуа жөнелетін бұқаның да қос мүйізін қанын сорғалата суырып, желкесін қиятыныңызға күмән жоқ. Бұл темекінің құны – теңгесі тасып, қайда шашарын білмей жүрген адамдарға арналған.

Сондай-ақ, «Шыңғысхан» темекісін жұма күндері адыраспан орнына түтетіп, иіс шығарсаңыз сауап аласыз.

ЕСКЕРТУ:

Оттау Қаржы министрі темекі сатып алу – отбасы қауыпсыздығына және бала-шаға несібесіне едәуір зиян келтіретінін ескертеді.

АЛҚАШТЫҢ АҚЫЛЫ

Қу құлқыңды құрғатпайтын – өзіміз.

Сондықтан: Танертең ірің басқан көзіңді тырналап ашпастан бұрын, ішінде есектің миындай миы жоқ зілбатпан басыңды құсықтың иісі сіңген жастықтан көтермей тұрып, пахмельді қайдан табатыныңды жоспарлап ал.

Өлген қойдыкіндей алайған көзіңді сексеуілдей тарбиған саусақтарыңмен уқалап, тілім-тілімі шығып кезерген ерніңді тіліңмен жібіткен соң, «жүргенге жүз грамм ілігеді» деген қағиданы қауашағыңда ұстап, базар-вокзалды адақта.

Рәпет-келбеті, бет-жүзі, морда-облицовкалары таныс адамдардың барлығынан амандықтан бұрын жүз теңге болмаса да жүз грамға жететіндей қайыр (налог десең де болады) сұра.

Арақ-шарап ішіп отырған кез келген топқа барып: «бауырым, қазақпыз ғой» деп ұлтжандылығыңды білдіріп, көкірегінді ұр.

Маскүнемнің – ұлы, арақтың – құлы, спирттің – үмбеті екенінді, әсте ұмытпа.





Шақырған жерден де, шақырмаған жерден де (соңғысы сенімділеу) қалма. Сонан соң, таяу арада той-томалақ жасайтын отбасылардың тізімін түзіп, тауықтың миындай (егер ол болса) миыңа кодтап, дер кезінде рейд жасап, сүзіп шық.

Арақ жоқ жерден алты қадам ары жүр.

Айың оңынан туып, жарып қалған күндері бөтелкелес бауырларыңды есіркеп, мүсіркеп қой. Түбі қайтарымы болады.

Қызыл шәпкіліні көргенде он жерден мас болсаң да қашпа. Алқаштық абыройың түседі. Олар қалтасында көк тиыны жоқ сені керек те етпейді. Қайта олар сенен қашсын.

Араққа «тойып» алған күндері өшіп қалмай тұрып, қоғамды түлету, реформаларды жүргізу, Үкіметті басқару жайлы «тың идея», «құнды пі-кір», «лекцияларыңды» көлденең өткен көк аттының бәріне айтып, жарнама жаса. Олар сенің «данышпан» екенінді мойындасын.

Жалғасын басың жазылған күні тауып алып оқырсын.

ҚҰТХАННЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Атамның №2 тоқалының, яғни менің әжемнің үйінде тұратын самец Қоқатай мен самка Катяға!

Асыл тұқымды паханым Қоқатай мен сүт қоректі маханым Катяны «Отау» атты совместный фирмада бастары піспей келе жатқандарына ши-рек ғасырдай уақыт толуымен по очереди құттықтаймыз!

Осы жылдар ішінде екеуі «Отау» фирмасының керегелерін талай рет керіп, уықтарын шашып, шаңырақтарын люстрадай қозғалтып, офистарының құлталқанын шығарып жүрді. Итше ырылдасып, қораздарша қоқилана шоқысты. Қатындарша без правил керісті, таэквондисше тебісті. Бірақ екеуі де «еркек» емес пе?! Жүз грамм ішіп, қайта татуласа қояды. Қысқасы, айрандай





ұйып, іркіттей іриді. Постоянно өздерін оппозицияда ұстап, бір-біріне билікті бермейді. Бір жақсысы—фирманы жауып, мені сокращениеге жіберіп, өздері ажырасып, тарап кеткен емес. «Үйренген жау алыспаққа жақсы» деген ұрандары бар.

Міне, осы айтулы датамен маманың күйеуі мен папаның әйелін тағы да өзімнің шын да таза жүрегіме, атам мен әжемнің «самопал» жүрек-терін қосып, ішек-қарнымызды араластыра отырып, өкпе-бауырды алып тастап құттықтаймыз.

ПАПАМА ақ аюдың денсаулығын, бегемоттың басын, көк қарғаның жасын, балықтың тілін, үйректің үнін, маймылдың телосын, солдаттың бельесын, қасқырдың қасиетін, қоянның жас етін, жапалақтың тәтті ұйқысын, иттің ішпейтін ащы суын тілейміз.

МАМАМА ұрғашы аюдың денсаулығын, көкектің сәнін, шегірткенің әнін, шошқаның аранын, негрдің бананын, кенгрудің дорбасын, әжемнің жылытпа сорпасын, түлкінің қулығын, тышқанның сұмдығын, тауықтың махаббатын тілей отырып, сиырдай симпотичный боп, құмырсқадай жөтелмей ойнап-күліп, байыңа ұрсып жүре беріңіз демекпіз.

Игі де ізгі и беп-белый молочный тілекпен оригинальный ұлдарың Құтхан және бессмертный атам мен әжем.



КОММЕРСАНТТЫҢ ҮШ ЖҰРТЫ

(базар тілінен қалған сөз)

Коммерсантың үш жұрты болады.

Бірінші жұрты — конкуренттері.

Екінші жұрты — оптовиктері.

Үшінші жұрты — клиенттері.

Базар тілінде мұны: конкуренттерін — күншіл, оптовиктерің — міншіл, клиенттерің — сыншыл деп те

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





мақал-мәтелдетеді. Яғни, конкурентің зор болсаң, көре алмайды, қор болсаң, бере алмайды. Дұры-сы – бермейді де. Тауарыңды сатсаң күндейді, сатпасаң жүндейді. Общым, Сізге жақсылық атаулыны тілей білмейді. Мысық тілеулес болады.

Оптовиктерің – тауарыңның сапасына қарайды, бағасына қарайды. Арзан берсең жағасың, бермесең дауға қаласың.

Клиенттерің – жолыңа, қолыңа қарайды. Бағасын түсіріп берсең, сауданды тілейді, тілеуқор болады.

САЯСИ «КҮНДЕСТІҢ» КӨҢІЛ АЙТУЫ

Америка Құрама Штаты осы ғасырдың аяғына дейін елес қуып, өзі қартайып алжығанша он бес ұлына енші бермей, бір шаңырақтың астында буындыра ұстап, сүйекке таласқан иттей бізбен ырылдасып келген, сұлу да саликалы тоқалды көре алмайтын бәйбішедей болған саяси «күндесіміз», марқұм КСРО-ның тоз-тозы шығып, тарыдай шашылуына байланысты саясат үшін амал которыйлап көңіл айтады.

ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ

Тұңғыш әйелім Сарыағашта демалып жатқан кезінде, оның жанына еркек атаулының жолауына (мейлі, дәрігер болсын), арам ниетпен амандаспақ болып қол алуына, екі жері түгілі, бір жерін ұстауға, бол-болдап қыштауға, сөз бен көз салуға, сыйлық беріп, қайта алуға, тілдесуге, кино-театрға, ресторанға жүр десуге, атын сұрауға, өзін сынауға, оны билетуге, күйлетуге, мақтауға, баптауға, ішкізуге, «кіш» дегізуге қатаң тыйым салынады.

КҮЙЕУ ӘКІМШІЛІГІ





ЖЫНИ ЖҰЛДЫЗ ЖОРАМАЛ

ТҮЛЕГЕН ТОҚТЫ. Бұл аптада бір істі бастап, аяғына дейін апармай тастап, «ни рыба, ни мясо» дегендей, не әрі емес, не бері емес, дел-сал күй кешесіз. Аптаның соңына қарай екі қолыңызды төбеңізге қойып, басыңыз ауған жаққа лағып, безіп кеткіңіз келеді. Бірақ баратын да жеріңіз жоқ қой, сорлы-ау. Сәтті күніңіз бұл аптада жоқ. Бомапты да.

ТЫРИҒАН ТОРПАҚ. Бизнестегі жолыңыз жабылғалы тұр. Ай бойы болмаған сауданыз «енді болады екен» деп дәмеленбей-ақ қойыңыз. Оңбай банкротқа ұшырайсыз. Сау адамның тамағын ішіп, жынды адамның сөзін сөйлейтін уақытыңыз алда. Процентке алған қаржыңыз күн санап өсе түсу-де. Кескен теректей күнде сұлап жататын, өзіңіз айтпақшы, «масыл байыңызды» сатсаңыз да құтыла алмайтын түріңіз бар. Сәтті күніңіз — дүйсенбі. Барахолка істемейді. Емін-еркін демаласыз.

СЕМІЗ ЕГІЗДЕР. Сізді осы аптада пара алып жатқан жеріңізден «менттер» ұстағалы жатыр. Екі шоқып, бір қарау аз, бір шоқып екі қарап, сауысқаннан сақ болыңыз. А, то олар Сізді крупно «сындырады». Лажы болса, бұл аптада қолыңыз қышып, алақаныңыз ысып, өліп бара жатса да пара алмай, әліптің артын бағыңыз.

ҚАРА ШАЯН. Ойпырм-ай, ептілігіңіз-ай, осы Сіздің. Бұл жолы да жұртты несібесінен қағып, айлықтарын айналымға салып, арсыздығыңыздың арқасында біраз пайдаға кенелгелі тұрсыз. Бұйырсын-ау. Бірақ көптің қарғысы тек кетпейтінін ескергеніңіз жөн. Қолайсыз күніңіз — жұма. Ішкен-жегеніңіз желкеніңізден шығып «құсасыз».

АЗУЛЫ АРЫСТАН. Ең болмаса, бүгін ішпей-ақ қойыңызшы. «Жаңа жылды қалай қарсы алсаң, жыл бойына сондай болып өтесің» дейді ғой, білгіштер. Бәлкім, осы аптаның басында ішпесеңіз, соңына дейін ұрттамайтын шығарсыз. Әйтпесе, аузыңыз спирттен құрғайтын емес. Дененізге шырпы тигізсе, шашлық болғалы





Сандалған сауал

тұрсыз. Баяғыда бір алқаш: «Арақты өмірімде бір-ақ рет іштім. Қалғанының бәрі пахмель» деген екен. Сіз сол алқаштан асып түспесеңіз, әзірге, «шүкір» кем емессіз. Құрғап қал-ған құлқынды жібіткен күнді – сәтті күнге есептей салыңыз.

БІРТҮРЛІ БИКЕШ. Пәнзиланың байына қылымсып, қырындағаныңызды қойыңыз. Ол Сізден күдіктеніп жүр. Ұстап алған күні шашыңызды санап, қолыңызға беру қаупі бар. Бетіңізде Пәнзиланың «қолтаңбасы» қалуы да ықтимал. Сәтті күніңіз Пәнзилаға байланысты болмақ.

«ЖЕЙТІН» ТАРАЗЫ. Бір килограмнан төрт жүз грамм жемесеңіз, ішіңіз кебетін боп жүр. «Таразыдан жеген о дүниеде тасбақа болады» деген сөзден де қорықпайсыз. Бұл дүниедегі полициямен ауыз жаласып қойғансыз. Өзіңізге сенімдісіз. Айтпады деменіз, осы аптада тәубеңізге келесіз. Бірақ бәрі кеш болады. Жақындарыңыз сотқа пара беріп, құтқарып алған күн – Сіз үшін сәтті де тәтті болатын шығар.

СТРАШНЫЙ САРЫШАЯН. Қызыңызды негрлер көп төңіректегеніне қарағанда, таяу арада Африкаға құдалыққа баратын сияқтысыз. «Костюм-шалбар киемін» деп иегіңіз қышымай-ақ қойсын. Жа-пырақ байлап келетін шығарсыз. Жираф мініп, банан жеп дегендей...

МЕРГЕНСЫМАҚ. Тамақты қарбыта бермей, тартынып ішкеніңіз дұрыс. Мезгілсіз ораза тұтсаңыз, тіпті жақсы. Табысты өзіңіз күреп тауып жатсаңыз сөз басқа. Ал әйеліңіздің базарда күнұзақ тұрып тапқан ақшасы Сіздің қарныңызға құйылуда. Соңғы кездері Сіздің «аппетитіңізге» қарап әйеліңіздің жылағысы келіп жүр. Сәтті күніңіз – сенбі. Ол күні тойға барып, тегін тамақ ішесіз.

САҚАЛ САТҚАН ТАУЕШКІ. Өткен аптада үйіңіздің төрінде қонақ боп шалжия жатып, бас жеп, арақ ішіп, киерін киіп, парасын алып, Сіздің қызметіңізді көтеретін боп кеткен лауазым иесі уәдесін жұтып, Сізді сазға отырғызып кетті. Енді одан қайран жоқ. Апта емес-ау, ай бойы ішіңіз қыз-қыз қайнап, тұз жалайсыз. Сондықтан, тікен тұз дайындаңыз. Ол әйеліңізге де жететін болсын. Сәтті күн сатып аламын десеңіз де жоқ.





ПОДХАЛИМ СУҚҰЙҒЫШ. Әй, сужұқпас-ай, сужұқпас. Бастыққа жағынамын деп өзіңізде жоқ өнерге әуессіз-ау. Оған күнді әперемін деп «күйіп» қалмаңыз. Су түбінен маржан теремін деп тұншығып өлмеңіз, әйтеуір. Әйтпесе, пенде болармысыз...

КОПЧЕННЫЙ БАЛЫҚТАР. Шөліңіз қанбай жүр. Тап бір сахарадан келген түйедейсіз. «Суаттан» бас алмайсыз. Тіпті, сыраhanaға қоныс аударып алсаңыз да болады. Қу құлқыныңыз кебеді де тұрады. «Өлген» балық та Сізден бір айрылмайтын болды. Аптаның жеті күні де Сіз үшін сәтті.

АРЫЗДЫҢ ӘЛЕГІ

Тәңірім тыныштығын берсе, бір тынығайын деп, құдамыз үйлену тойымызға алып келген диванға гүрс етіп құлағаным сол еді, туылған күніме сыйлаған басбухтын қызыл телефоны безілдеп қоя берді. Әйелімнің тұңғыш баласы телефон тұтқасын маған ұсынды да «Кім екенін білмеймін» дегендей, екі иығын қиқан еткізді. Әншейінде басбух болса, қарнын сипап, орынбасарым звондаса, басын сипап (таз екенін ескерген болар), маған алдынала ыммен түсіндіруші еді. «Бұл кім болды екен» дедім де трубканы қолыммен сығымдай түсіп, қарлыққан даусымды түзетіп алайын деп жеткірініп алдым.

- Тыңдап тұрмын.
- Қисық Танауов Сіз боларсыз?
- Болсақ болармыз.
- Сіз мені танымай тұрсыз-ау деймін.
- Ол да мүмкін.

– Әзіләлі Қалжықбасовпын ғой. Жас күнімізде бірге ойнап, бірге күліп, күлге аунап, сабақты бірге көшіруші едік қой. Тауық ұрлағанымызды да ұмытқам жоқ. (Осы жерде жақтырмай тыржың ете қалдым).

– Енді соны еске түсірудің қажеті не? – деп қиқарлана түстім. Менде бір жұмысы болса керек, орындармын атаңның басы, – деп кіжініп қойдым (ішімнен, әрине).

– Айып етпеңіз. Балалық шақ еске түсіп кеткені – деді мінгірлеп.





Сандалған сауал

– Менде қандай шаруаңыз бар, соны айтыңыз, – деп сабақ айтқан баладай тақылдай жөнелдім.

– Кешіріңіз, Сіздің мекемеден бізге арыз келіп түсіп еді. Соны тексеруді мен қолға алып едім. Соған бізге, яғни үйге келіп кетсеңіз. Екеулеп нетіп тастармыз, – деп жана оталған трактордай гүр ете түсті.

Әзіләлінің дауыс екпіні қатайған сайын, менің дауысым бәсендей-бәсендей, соңында шықпауға айналды.

– Айып етпеніз. Есіме жаңа түстіңіз. Сіз Әзіләлі Қалжыңбасов екенсіз ғой. Құдай-ау. Сізбен де сөйлесетін күн бар екен ғой, – деп жалбақтап қалдым. – Сізді тұмауратып жүр деп естіп едім. Қазір қалай тәуірсіз бе?

– Ауру-сырқаудан саумын, Қисеке.

– Ылайым солай болғай. Соңғы кезде Сізді бір көргім келіп, сағынып жүр едім. Бірақ соған қол да тие бермейді. «Әне барамын, міне барамын» деп жүргенде зырлауық күн де зырылдайды екен. Бүгін бір сәті түскен екен. Құстай ұшып қазір жетемін, – дедім де әйелімнің «үйден шықсаң, қайтіп келуші болма» деген сөзін де құлағыма аспастан, екі өкпемді қолыма ұстап жетіп бардым.

Қақпасын қолымның ауырғанына қарамай қойып-қойып жібердім, оған да төзімім жетпей қоңырауын бәзілдете бастым.

– Есік ашық, кіре беріңіз, – деген соң аулаға енгенімде, досымның пышақ қайрап, мал сойғалы жатқанын көрдім.

– Қазір екеуіміз нетіп жіберейік, – деп мүлейімсірей жүріп малды союға кірісіп кеттік. Малдың басын құбылаға қаратып шалуды да ұмытқамыз жоқ. Достым мал сою үшін жаратылғандай қас пен көздің арасында бас, сирақ, қарын, сан ет, құйрық, не керек бәрін бөлшектеп тастады. Ал мен болсам бас үйітіп, мал терісін тұздап, ұқыпты етіп орап та қойдым. Ата енем келгенде де бүйтін шала бүлініп көрмеген едім. Бүгінгі ісіме өзім де түсінбей далмын.

Дастарқанға жайғасқан соң әйелі тамақ істейін деп шығып кетісімен қозғалысы жеңіл жас баладай орнымнан ұшып тұрып, шай құюды өз қолыма алдым. Әзекең «Оныңыз не? Сіз қонақсыз ғой» деген сөзін де





құлағыма асқам жоқ. «О, не дегеніңіз. Достар үйінде қонақ болу жарас-пайды» деп данышпансыдым. Шай құйып отырғанымды біреу көріп қалса, сөз болатынын да ойлағам жоқ. Қайткенде де Әзіләліге жағып, арызды ары домалатпай, өзімізден асырмаудың амалы. Арыз иесін досым айтпаса да іштей сезіп, практикаға келген студенттердің ақшасын бермей, сіңіріп қалғанымға кеш те болса өкініп отырмын.

Табалдырық алдында менің бағалы шапқамды ауна-тып ойнап отырған 4-5 жасар баланы шақырып алып, ұршықша айналдырып, аспанға атып-атып, қағып алдым. Сонан соң балаға 3-4 түйір конфет бердім де, қалтама қолымды қалтырап сұғып, ілінген қағазды шығарып бере салдым. Көре алмаған Құдай да бір қырсықса аямайды екен. Бүгін 25 сомдықтың бала қолында кеткеніне ішім удай ашыса да сыр бермедім.

Ақшаны қолына қысқан бала айқайлап мамасына қарай жүгіре жөнелді. Мен ақша берген баладан кішісі мамасынан ақша сұрап жылай бастады.

– Қоқалай, сен де дядяна барып ақша сұра, – деп сыбырлаған Әзіләлінің әйелінің сөзін естігенде денем мұздап, мандайымның алды тершіп қоя берді. Қу досымның «тілалғыш» баласы мамасы аузын жауып үлгермей жатып қасыма жетіп келді де:

– Дядя, дай деньги, – деп қолын қалтама өзі салып жіберіп, тағы бір 25 сомдықты шығара берді. Әзіләлі баласының ептілігіне риза болған сыңай танытса да маған сыр бергісі келмеді. Бәрін көріп-біліп отырсам да түк сезбеген рай танытып:

– Бұлар тірі тұрса, сені аштан өлтірмес, – деп әзілдеген болдым. Көптен күткен сәттің туған шағы осы шығар деп әлгі арыз жайлы есіне түсіріп өттім.

Ол алдымен еденге аунай түсіп рахаттана күліп алды да менің түкке түсінбеген түріме бақылай қарап:

– Қисеке, бірге ойнап, бірге мектеп тауыссақ та сен мені ұмытып кеткен сияқтысың. Үйге кіріп шығуды да білмегенің қашан?! Сосын мына құрдасың екеуіміз (әйелін айтады) сені қорқытып, 1-сәуір болған соң алдап,





Сандалған сауал

үйге келгізіп отырмыз. Әйтпесе жуық арада келетін түрін жоқ еді, – деп күлкісін қайта жалғады.

Ал менің қандай күйде қалғанымды айтпасам да түсініп отырған шығарсыздар.

1981 жыл

БАС НЕДЕН АУЫРАДЫ?

БАС АУРУЫ – әртүрлі сырқаттардан, себеп-салдардан бола береді. Бас аурудың неше түрі барын және оның неден пайда болатынын жіліктеп шағып, дөп басып айту тым қиын. Оған Сіз бен біз түгілі таза жапон (қытай емес) компьютерінің де шамасы жетуі неғайбіл. Қысқасы, бас ауруы туралы зерттеу жүргізу – бас ауыртатын жұмыс. Сонда да болса мен аз-маз талдау жасап, әлім жеткенше жеткізуге тырысайын.

«Бас көбінесе қан тамырларының қызметі бұзылғанда миға қан біркелкі келмегендіктен ауырады» дейді дәрігер мырзалар. Дұрыс-ақ.. Бірақ «қан тамырларының қызметі неге бұзылады және әншейінде біркелкі келіп тұрған қан не себептен келмей қалады?» деген сауалдарға олар толық жауап бере алмайды. Шынын айтқанда, сау бастарына сақина тілеп, бас ауыртқылары келмейді.

Сонымен, бас ауруы күнде еститін «газ жоқ, жарық жоқ, жылу жоқ, су жоқ, бу жоқ, айлық жоқ, зейнетақы, жәрдемақы жоқ» сол сияқты «жоқтар» жүйкенізге тиген кезде, қан тамырлары түйіліп қалады да қан баратын жеріне уақтылы бара алмай қалады. Сол кезде басыңыз бірден д-ы-ы-н етеді де сыр-қ-ы-ы-р- а-а-п ауырып қоя береді.

Сондай-ақ, өзіңіз бақталас етіп алған адамдарды көре алмаушылықтан, қытай тауарын онда да, мында да тасып, өткізе алмай шаршағандықтан, «конкуренттерім озып кетеді-ау» деген қобалжудан, жіліктің майын сорғандай шылымды сорудан, шөлден қаталап келгендей спирттік ішімдіктерді ішуден, әйелдің айқайы мен бастықтың бақырғаны да нервке тиіп, басыңызды ауыртады. Ал біреуден өсімге қарыз алып, оны қайтара алмай жүрсеңіз,





ол күн санап өсіп, ішкеніңіз ірің, жегеніңіз желім болса, бас аурудың көкесін сонда көресіз.

Базардағы жерге талон, тауарға салық, патент төлеуді, рәкеттің ставкасы мен милицияның мини табысы, аты дырдай, қалтасы жұрдай небір тексерушісымақ әпербақан жандайшаптар, қайыршы, сығандар туралы айта бастасам, қаныңыз тасып, басыңыз сынып-сырқырап, солқылдап-сыздап ауыра бастайды.

Теледидардағы шоколад, сағыз, порошок, паста, олвейз прокладкалары туралы қайта-қайта көрсететін жарнамаларды есіңізге түсірмей-ақ, осы жерден тоқтайын. Әйтпесе, бұл әңгімені де сонына дейін оқымай, басыңыз ауырып лақтырып жіберерсіз.

Мен бас аурудың пайда болу себептері туралы ғана айттым. Енді одан қалай құтылуға болады дегенге бас қатырып көрейін.

Егер басыңыз үздіксіз ауыра берсе, дәрігерге қаралмастан бұрын, оның себеп-салдарын біліп алу өте-мөте қажет. Сонан соң, сол себепке байланысты ем-дом жасайсыз. Мәселен, Сіз құдалықта, я болмаса қазақтың өмір бойы бітпейтін бір тойында арақты аңсарыңыз ауа отырып, стаканды жеп қоярдай сарқа ішіп отырсаңыз, ертесіне міндетті түрде басыңыз ауырады. Мұндай жағдайда Сізге дәрігерден гөрі, түнде өзіңізбен бірге ішкен бөтелкелес досыңыз көмектесе алады. Оны әйеліңізге сездірмей, жедел жәрдем шақырған боп звондап шақырасыз да, басжазар ала келуін мықтап тапсырасыз. Егер ол әйелінен аман-сау құтылып келсе, ол әкелген арақтан 100 грам, ары кетсе 200 грам ішсеңіз, көзіңіз шайдай ашылып, жаныңыз жадырап, маңдайыңыз шыпшып терлеп, бас аурудан құлан таза айығып кетесіз. Тіпті, ән салып жіберуіңіз де ғажап емес.

Басым қатты сыздап ауырып отырғандықтан, мың сан рецепттің біреуін ғана жазуға шамам жетті. Неге екені белгісіз, қан тамырларымның қызметі бұзылып, миыма қан біркелкі келмей жатыр. Ал Сіздің басыңыз ауырып тұрған жоқ па?

1994 жыл





ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

«Жұдырықтың» жүгермегі Мұхтар Шерімше

Диктор: Қайырлы күн қадірменді теледидар сыртындағы көздері тостағандай көрермендер. Сіздерді ертенгі күні көрсететін телебағдарлама-мызбен таныстырамыз.

Алматы Алқаштар тілінде: 8.00-де «Басжазар». 8.15. Маскүнемдерге арналған мультфильм. 8.45 «Артымызда сыраhana – шегінерге жер жоқ» атты 2 шөлмекті көркем фильм. 10.00-де «Кел балалар, ішелік» Балалар бақшасының ресторандағы филиалынан хабар. 10.30-да. «Мастардың дауысы». Фильм концерт. 11.45-те Қызқырқын, қатын-қалаш, тілінде: «Әйелдер не деп жатыр» сіп-свежий өсек-аяндар. 12.00-де «Бетім-ай, Байсүйер күйеуінен ажырапты» атты абысындар тележурналы. 12.00-де Ұрдажық көкем мен Бетпақ жеңгемнің арасындағы достық төбелес. Үзілісте Ұрдажық көкем сыра ішсе, Бетпақ жеңгем құрт қайнатады. 13.00-де Әдеттегідей теледидарларыңызды быжылдатып түк көрсетпей тұрып аламыз. 15.00-де Алматы «Айқай-шу» ансамбілінің ырду-дырду мазаң кеткір ән-күйлерін назарларыңызға ұсынамыз. Сіздер бұл концертте «Төркініне қайтып келген ару». «Қара қайыстай қара кемпір», «Сары шал», «Тоқалы бар адамдар ешқашан қартаймайды», «Барып қайт балам түрмеге», «Рәкеттер маршы», т.б. әндерді тамашалайсыздар. Жалқаулар тілінде: 15.55-те «Шакалстройтрест» мекемесінің жан дегендегі жалғыз бастығы Шалашарпы Салғанбайұлы Бітпейқалғановпен сұхбат. Хабарды біздің бастығымыздың туған құда баласы, тракторист Науқасбай Сырқатұлы Кеселов жүргізбек еді. Өкінішке қарай басы сынып ауырып қалғандықтан, оның көңілдесі Мәржәпия жүргізе салады. Ғашықтар тілінде: 16.10-да «Мен сені сүйемін». Хабарды Махаббат сыйлығының иегері Ажырасқан Ғашықбекұлы Алиментшин жүргізеді. Бұл хабарда қыз бен жігіттің танысуы, үйленіп табысуы жайлы кең де ауқымды түрде сөз болады. Ажырасқан Ғашықбекұлы былай дейді: «Қазақтар егерде бір қызды сүйсе «Қарындас мен сені сүйем», орыстар





«Девучка я тебя люб-лю», Ирандар «мәніч мәнә дүчтәрім», немістер «их лебе дих», моңғолдар «бичамта хайырта», ағылшындар «айлявю», эвендер «би ханум айаврам», арабтар «ухи-бухи» дейді екен. Онымен де қоймай жігіттер былай деп өлеңдететін көрінеді:

*Шашқанменен үстіне суды құти,
Бәрімізге ортақ қой духи, сухи.
Аравияға қаишаң да қуып барам,
Ухи-бухи деймін де ухи бухи.*

*Бола ма екен қаусаған шалда жылу,
Қиянат қой өлімтік жанға қию,
Англияға қаишаң да қуып барам,
Айлявю деймін де айлявю.*

17.05. Жас мафиоздардың республикалық байқауы. 18.00 «Кездесу орнын анда-санда өзгертуге болады» атты Қазақстан сериалының 1001 сериясы. 19.30. Алтын дән – 90. Жымқырбек атаның есек арбамен бидай ұрлауы туралы хабар. Алыпсатарлар тілінде: 20.10-де «Баксың бар ма?» деректі фильм. 21.00 Жын-шайтандар әлеміне саяхат. Бұзылған қыздар тілінде: 22.00-де эфирге «Ақ көңіл келіншек» клубы шығады. Хабарға жеті рет тұрмысқа шығып келген Төркінгүл Некебұзарқызы қатысады: 22.45-те 70 жасқа дейін және одан жоғары. 23.40. Кемпір-шалдар үшін Ламбада.

Енді ертенгі күнгі ауа райымен таныстырамыз.

Ертең күн шықпайды. Күнге сеніп ұйықтап қалмаңыздар. Өкінішке қарай сіздерді оятып алатын әтеш те отпусқада жүр. Ай Күннің орнына қалып, екінші ауысымда жұмыс істейтін болды. Жұлдыздар да әдеттегідей жамырап кетпей, бір жерге шоғырланып, Күннің қызметін атқаруға тырысады. Күндіз ауаның қысымы Сіз ойлағандай болады да, түнге қарай мен ойлағандай болады. Солтүстік жақтан долы әйелдің ашуындай жел тұрып, жайылған кірлеріңізді түсіреді де қыздардың етектерін түріп кетеді. Кейбір жекелеген аудандарда қазан-ошақ үшін сиырдың тезегі жаууы ықтимал.





Осымен көрсетулерімізді аяқтаймыз. Жайлы жатып, таудан құлағандай шошып ояныңыздар. Танертең екі жамбасыңыздың бірімен тұрыңыздар.

**Телебағдарламаны оқыған абдырап қалып
диктор: Ермахан ӘБДІРАМАНОВ.
1988 жыл**

БАУЫРСАҚ ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛАДЫ?

БАУЫРСАҚ – біздің ұлттық тағамдарымыздың төресі. Ол үш бұрышты, төрт бұрышты, ұзын, қысқа, семіз, арық, сопақ, домалақ, қысқасы әртүрлі қалыпта дайындала береді. Өйткені, кейбір жеңгелеріміз қамырды арнайы қалыптан шығарса, базбір кербез жеңгелеріміз айнаға қарап, қасын тере отырып, қолындағы құралмен бөлшектей салуы ықтимал. Ал енді бірі тырнағын алып отырған қайшымен қиқалай салуы да ғажап емес. Міне, сондықтан да оның белгілі бір қалпы болмайды.

Бауырсақ негізінен сары, қызыл түсті болып келеді. Күйіп кеткендері қара болады. Жеңгемнің қолынан шыққан шикі бауырсақты «Орбит» сағызы сияқты шайнап отыра беріңіз. Сіз оны жұтқанша мен бауырсақтың қалай дайындалатынын айта тұрайын.

Бауырсақ пісіру туралы арам ойға келісімен, Сіз оң жақтағы көршіңіздің үйінен қазан сұрап әкелесіз де, олардың бір апта бұрын жеген палауының қаспағын саусағыңыз қанағанша тырналап жуып, біраз ащы теріңізді сыртқа шығарып әлекке түсесіз. Қанаған саусақтарыңызды сорып болған соң, қазанды газдың үстіне қоясыз да, дереу ток ұрғандай қайта аласыз. Себебі, газдың жоқтығы есіңізге сап ете қалады. Бірақ, оған саса-тын Сіз бе, қазанды электр пешіне әкеп қондырасыз да, шнурын қоспай тұрып, сол жақта тұратын көршіңіздің үйінен ұн сұрап әкелесіз. Ендігі қалғаны өзіңізге қарсы тұратын көршіңізден май сұрау ғана.





Оны да орындау сұраншақ қоғамның Сіз сияқты тіленшек мүшесіне түкке де тұрмайды. Дедектеп барып әкелесіз.

Тұзды суға ұн салып илеп жатқан кезіңізде ортаншы ұлыңыз пұтын бөктіріп, бүлдіріп қояды. Сіз сабыр сақтай жүріп, оның құйрығын жуып келесіз де, қол шаюды ұмытып, қамыр илеуді жалғастырасыз. Ара-тұра көзіңізге түсіп кете беретін шашыңызды қамыр-қамыр қолыңызбен қайырып отырасыз. Қамырдың иі қанды-ау деген тұста табаныңызды бір қасып барып, тұзын көресіз. Тұзы ашылау болғанымен «шай ішуге жақсы» деп, оған мән берместен, мұрныңыздың жиі ағып тұрған суын тартқылай отырып, қамырды жаюға кірісесіз. Қапелімде көзіңіз шошқадай боп өсіп кеткен тырнағыңызға түседі. Кейінге қалдыруға дәтіңіз бармай, қолыңызға қайшы алып тырнақ алуға кетесіз.

Сүт пісірім уақыт өтер-өтпесте қайтып келсеңіз еңбектеп жүрген емізулі балаңыз қамырдың үстіне келіп ұйықтап қалған екен. Жас нәресте періште емес пе?! Оның ұйқысын бұзбай, жайлап апарып бесікке бөлеп келесіз.

Қас қарайып келе жатқанын байқап, қамырды асыға-үсіге жайып, әлгі тырнақ алған қайшымен бауырсақты кесіп дайындайсыз.

Енді электр пешінде тұрған қазанға май құйып қыздырмақ болған ниетпен шнурды токқа қосасыз. Бірақ адамның дегені болушы ма еді?! Электр тогының жоқтығына ішіңіз ашып, тұз жалайсыз.

Амал қоторый, осыған душар еткен адамның бәрін қарғап-сілеп, бір сөгіп аласыз да, қазанды қазақтың үш бұтты ошағына қоясыз. Өкінішке қарай, ол да өздігінен жана бермейді. Сізден төрт үй ары тұратын сиыры бар қонсыңыздан тезек сұрап әкелуге тура келеді.

Сіз келгенше үлкен қызыңыз қазан толы майға басын сабындап жуып алып, аударып тастайды. Ал ортаншы ұлыңыз бауырсақтан ойыншық жасап, бәрін мыжғылап отыр екен.

Сіз оған да қапаланбаңыз. Екеуі де бала емес пе?!

Бала – періште. Оларды ұруға, сөуге, жылатуға болмайды. Бауырсақты бүгін болмаса, ертең, ертең





болмаса, арғы күні, арғы күні болмаса, ораза, құрбан айттары бар, тіпті болмаса қыс бар, жаз бар, түбі бір пісіретінінiзге күмәнiм жоқ.

Бауырсақ, мiне осылай дайындалады. Сiз де олақ жеңгенiң шикiлеу пiсiрген бауырсағын сағыздай соза шайнап осы әзiрде ғана жұтқан боларсыз.

P.S. Бұл рецепті отбасы тамақ министрі бекіткен.

1995 жыл

ЕТ АСА БІЛЕСІЗ БЕ?

«Ет дегенде бет бар ма?!» деген мақалды қазекем сілекейін ағыза отырып, ынта-шынтасымен айтқан. Қазіргі жастар «Ет – етке, сорпа в морду» деп әп-әжептәуір аран ашатын мақалды әзілге айналдырып жүр. Әрбір әзілдің түп төркінінде шындық жататынын ескерсек, еттің етке, сорпаның бетке құйылатыны рас.

Етті қазақ пен бас әрпі «Қ»-дан басталатын қасқырлар өте жақсы көреді. Бірақ екеуінің арасында сәл-пәл айырмашылықтар бар. Қазақ етті қазанға салып, 2-3 сағат буын бұрқырата қайнатып, қамыр салып барып жесе, қасқырлар еттің қанын сорғалата жүріп, жылыдай жегенді ұнатады.

Етті қойдың, сиырдың, жылқының, тағы басқа адал жануарлардың етінен асуға болады. Ал Жайықтың бойынан болсаңыз, онда қызыл балықтан да ет аса бересіз. Қазақ аптасына екі-үш рет ет асып жемесе, көңілі көншімейді. Тіпті базбіреулер күнде ет асып жейді десек, шындыққа қиянат жасамаймыз. Әсіресе, Қазақстанның Шығыс, Солтүстік, Батыс облыстарындағы қазақтар бір қойдың етін бір-ақ асса, оңтүстікқазақстандықтар бір қойдың етін соғым етіп, қыс бойы жапырақтап жеп шығады. Сондықтан да болар, Оңтүстік Қазақстанда туған экономистер көп. Соңғы уақытта банкротқа ұшырап жатқан банктер мен фирмалардың басшылары әлгі етті аямай асып жейтін Шығыс, Батыс, Солтүстік Қазақстаннан екендіктері шәк келтірмейді.

Қазақ сүйген қызына өлең арнаса, сүйікті асына мақал





шығарады. «Ет жесең, тісіңе кіреді, жемесең түсіңе кіреді» дейді. Нағыз пәлсафа.

Сосын қазақтың қарны ішінде емес, мына саусағының ұшында болады екен. Саусағы күймей, қарны тоймайды. Сондықтан қазақты суып қалған тағаммен алдаймын деу – бос әурешілік.

Сол секілді, қазаққа ет асуды үйрету де жұмыртқаның тауыққа ақыл айтуымен бірдей.

2004 жыл

«ҚАТЫН-ҚАЛАШ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ»

Менің Нәнәу деген досым бар. О баста Құдай оны тыңдау үшін емес, сөйлеу үшін жаратқан. Сондықтан ол отырған жерде әңгіме айтамын деп дәмеленбей-ақ қойыңыз. Оныңыз түбі жоқ шелекке су құйғанмен бірдей болып шығады. Соған қарап Жаратқан Жаббар Ием оған құлақты текке берген бе деп қаласыз. Оның білмейтіні жеті қат көк пен жеті қат жер астында. Әсіресе әйелдер тақырыбына келгенде алдына жан салмайды. Осы қасиетін елеп-ескеріп, оған «қатын-қалаш ғылымдарының докторы» деген атақты қорғатпай-ақ бере салу керек. Нәнәудің тағы бір жақсы қырын айтпай кетуге болмайды. Ол біреу сауал қойса, оның жауабын сарыла күтіп тұрмайды. Оған оның уақыты да, төзімі де жетпейді. Бет-әлпетіне, көзіне бір қарайды да өзі жауап береді. Кеше көшеде Нәнәу жолығып қалды. Аман-саулық сұрап едім, ол оған көңіл аударған жоқ. Сосын екі құлағымды «іске қосып» тұра қалдым.

– Көңіл-күйің жоқ қой, бауырым. Түрің өрт сөндіргендей. Үйдегі құрдаспен «ырылдасып» қалғаннан саумысың? Айтпай-ақ қой, бәрін біліп тұрмын. Баяғыда ата-бабаларымыз: «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деуші еді. Қазір шашы да қысқартуға ілініп кетті ғой.

– Ж-о-о-қ, олай емес, – дей беріп едім, сөзіме құлақ аспастан ары қарай лағып кетті.





Сандалған сауал

– «Үйленсең – өзін құрысын, үйленбесең – тұқымын құриды» деген рас сөз. Тұқымын үшін басыңды тауға да, тасқа да ұруға тура келеді. Бұл еркек байғұс бойдақ кезінде бойжеткеннің жүрегін жаулап алады да, сосын өмір бойы тәуелсіздік үшін күресіп өтеді. Баяғыда бір данышпан: «Қалайда үйлен, егер жақсы жар кездесе, бақытты боласың, ал жаман жар кездесе, философ боласың» деген екен жарықтық. Қазір бақыттан басы айналып жүрген еркек «Қызыл кітапқа» енген. Ал философ еркектерден аяқ алып жүре алмайсың. Бір тас лақтырсаң, екі «философтың» басы қанайды.

– Бауырым, мынауын... енді былай...

– Жоқ, сен қысылма. Мынау сен де, мен де, анау кетіп бара жатқан еркектердің бәрі де философ. Сен оған қапа болма.

– Ренжіме, мен кетемін...

– Кеткенде қайда барасың? Әйеліммен ажырассам, өмірім жұмаққа айналады деймісің. Бір «ұстаздан» кетсең, екіншісі бір философия «профессорына» жолығасың.

– Сен мені түсінбей тұрсың...

– Оның түсінетін несі бар?! Әйел – мейрамханадағы тағам сияқты. Мысалы, сен даяшыға бір тағамға тапсырыс бересің. Ол тапсырыс берген тағамды алып келеді. Сен бір-екі рет ауыз тиіп көресің. Алғашқыда дәмі тіл үйіреді. Асқазанға «ел қонғаннан» кейін әлгі тағамды жемек түгіл, «бетіне» қарай алмай қаласың. Атам қазақ: «Тоқ адам қазанға жеркеніп қарайды» деп текке айтпаған. Сосын көршіңнің тағамына көзің түсіп, тәбетің тартады да отырады. Солай емес пе? Әлде мен өтірік айтып тұрмын ба?

Мен оны құптамай құтылмасымды білдім.

– Солай..

– Міне, азамат! Осылай бір-бірімізді рухани жағынан демеп тұрмасақ болмайды. Әйтпесе еркек атаулы жүнжіп, екі қолын төбесіне қойып, безіп кетпей ме?! Айтпақшы, әйелің қыз кезінде қандай еді?

– Өте биязы болатын.

– «Қыз кезінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады» дегендей, әйелдердің бәрі қыз кезінде хор





кызындай болады. Ең алғаш танысқан кезде үнін ести алмай қор боласың. Ал тұрмысқа шығып, бір-екі бала тапқаннан кейін оның дауысын Бетпақ далада жүріп еститін боласың. Ал жақсы, бауырым, сен оған қапа болма! Өмір солай, өмір солай, се ля ви. Мен асығып тұрмын. Қайным әйелімен қырық пышақ болып ұрсысып қалыпты. Бармасам, болар емес.

ЕНЕЛЕРГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КУРСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ

ҰРЫС-КЕРІСКЕ икемі бар, дау-жанжалға жаны құмар, төбелес кезінде екі білегін сыбанып, өсек айтатын ернін шүйіріп, тікен тілін безеп, екі көзі шатынап шыға келетін «дарынды» да шалымды, болашағынан мол үміт күттіретін келіндерді «Енелерге қарсы күрес» курсына оқуға шақырамыз. Келіндердің дініне, тіліне, отау құрған жылына, жолына, жасына шек қойылмайды.

Курсқа талапкерлер тегін қабылданады. Олар стипендиямен, жатақханамен және енелерді ұрып-соғу, сабау, сондай-ақ қарсыластармен қақтығыста бронезелет секілді қорғану құралдарымен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, енемен бірге тұрған жылдарына «за вредность» төленеді.

Сабақ кезінде олар «Шымшу», «Бет жұлу», «Тырнау», «Қайын жұрт тарихы», «Ене тебу», «Таэквон-до», «Қайныата-до», «Өсек айту негіздері», «Күйеумен еркін күрес» тақылеттес дәрістер мен спорт түрлерін менгереді.

Қызығы мен қиындығы қатар тұратын бұл мамандықты ойдағыдай менгеріп, өзінің түгілі, өзгенің де енесін жұлып-жеуге қабілетті болған соң, олар шетелге, яғни Америкаға, Батыс Еуропаға, Ресейге тәжірибе алмасуға жіберіледі.

Курсты Шатақ ғылымдарының докторы, профессор, «Енелерді қан қақсату» ғылым академиясының құрметті





Сандалған сауал



академигі, Жезтырнақ сыйлығының лауреаты Долыкүл Бетпақова жүргізеді.

Біздің заманымызға сай құрылған оқу ордамыздың демеушілері – «Абысындар алқасы», «Жас келіндер» АҚ, «Ене– кене» фирмасы, «Мыстан» ЖШС, «Бізбике бикештер» кенесі.

Отбасына егемен алып, дербес өмір сүргіңіз келсе, бізге келіңіз. Біз сіздерге қашан да қол ұшын, білек күшін бере аламыз.

«Жалмауыз кемпір» атындағы Мазақ академиясы.



Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ





ЕРКЕКТЕРДІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Армысыздар ақ жаулықты аналар!

Бармысыздар ақтамақты арулар!

Қайдасыздар, қымбатты да сымбатты қыз-қырқындар!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен өкпемізді алып тастап, екі бүйірік, жалғыз жүрегімізбен қызу құттықтаймыз! Әйел – ана, әйел – ару, әйел – апа, әйел – қарындас, әйел – қыз, әйел – аспаз, әйел – қатын, то есть әйел бізге өте жақын, жалт-жұлт еткен алтын адамдар.

Сондықтан:

Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, мәнді де сәнді һәм ұзақ ғұмыр тілейміз.

Шыққандарыңыз тау, аралағандарыңыз бау, жеңгендеріңіз біз сияқты «жау» болсын!

Опа жаққан беттеріңізден әжім көрінбей, помадалы езулеріңіз жиылмасын!

Игі де ізгі тілекпен:

Кезінде жүректеріңізді жаулап алып, енді еркіндік аңсап жүрген еркін де еріккен еркектер қауымы.

*5000 000 еркектің
қолы қойылған*

ОЙАЛОГИЯ, ПІКІРИЗМ, КӨЗҚАРАСИС

Баяғыда «маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» деп айтқан менің әріптесім қайта тіріліп келсе, қазақ ақындары аһ ұрып, қолдарына көлдей беторамал ұстап, жылап жүргендерін көрер еді. Ақындары мен оқырмандары бір-бірін құшақтай көрісіп жылағанда етектері жасқа толғанын көріп таңырқар, сірә. Олардың өксігін басып, көңіл айтатын, жұбататын бір де бір сыншы, я бір де бір Одақтың табылмағанына бас шайқар, бәлкім. Енді оларға рухани емізік тауып бергеннен басқа жол жоқ шығар.

Өнере де БАЛЬЗАМСУА,
Француз жазушысы.





Сандалған сауал



Қазақ эстрадасының джазға еліктеуші әншілерін аға шопанға іні көмекші етіп қойып, дауыстарын қой қайтаруға арнаса, қазақ даласы тағы да ән салып кетер еді.

Шопен Қой БАХ,

Өнер сыншысы.

(Әкесі қазақ, шешесі неміс, өзі метис).

Ауылдық жерлерде жарық деген жарықтықтың болмауынан халық саны күрт өсті. Енді қатын-қалаштар бір-екеуді қойып, қоянша шүпірлетіп туа бастады. Кей жерлерде бала туу мода бопты деседі. Я Алла, қою қараңғыдан айырма!

Халықбай САНАҚҰЛЫ,

Демограф-ғалым.

Маған қазақ киносы Айдан орын іздеп келе жатып, шыңырау құдыққа түсіп кеткендей көрінеді.

Әлем ЖӘЛЕМ,

Француз кинорежиссері.

Қазақтар жыланның мафиясын — «ордалы жылан» деп атайды екен. Ал сол қазақ елі, «мафия, коррупция, наркомания және парнобизнестің ордасы екен-ау» деп ішегімді тартып, тандай қағып, көз жұмып, бас шайқадым. Меніңше, наркобизнес, мафия, тағы да басқа қылмыстармен күресіп әуре болудың қажеті жоқ. Қайта сол қауіпті қылмыспен күресіп жүргендердің өздерін қамау керек сияқты.

Комиссар КАТАНИҰЛЫ,

Запастағы зейнеткер.

Қазақ әдебиеті мен мәдениеті һәм өнері тума таланттар мен дарындарға өте бай. Бірақ олардың ішінде еңбектері еленіп, атақ-даңқ алғандары некен-саяқ. Оларға тиесілі сыйлықтарды еліктеушілер алған сынайлы. Таяу арада марапаттала қоймас. Себебі, олар Құдайға жазып әлі тірі жүр.

Әбу-Аяқ әл-ТАРТАРИ,

Шығыс ойшылы.

1998 жыл





ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ТІЛЕК

Ассалаумағалейкум, Аяз ата, санта Клаустай емес, Қызыр бабадай ақ сақалды аталар, қалалық крутой жігіттерше айтсақ, батялар! Амансыздар ма ақ жаулықты аналар мен он саулықты апалар!

Армысыздар өкшелі де бөкселі, айбарлы да жайдарлы һәм шалбарлы жеңгейлер мен келіндер! Бармысыздар коржынға ұлын, төсіне пұлын, қолына шылым қыстырған қылықты да шұлықты қыздар! Қайдасындар, бірінің тоқтықтан, ал енді бірінің жоқтықтан қолдары қалтыраған дара тұлғалы, барматухалы бауырлар!

Сіздерді дегбірі қашып, есікті қағып, табалдырықты эне-міне аттағалы тұрған ақ тышқан, сары тышқан, то есть жаңа заманға лайықтап айтсақ, Жерри жылымен шын жүректен құттықтаймыз, әзілі жарасқандарды тауықша қыт-қыттап қыттықтаймыз.

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Ақ, қызыл, ала сиырларыңыз сүтті болсын! Осы жылы туған ұл-қыздарыңыз мал мен нан тапқыш мықты болсын! Жымындаған жеңгейлер мен күлімдеген келіндер жыл сайын егіз бен үшемге жүкті, қойға шапқан қасқырлар «күпті» болсын! Шыққандарыңыз тау, аралағандарыңыз бау, жеңгендеріңіз жау мен дау, құрғандарыңыз ау, қысқасы дендеріңіз сау болсын! Аспанымыз ашық, бойжеткендер мен ержеткендер бір-біріне ғашық, балғындардың ойнағаны асық, әйелдердің қолында қазан, еркектердің қолында қасық, ең бастысы – бәле-жала бізден қашық болсын! Қаймағы бұзылмаған халқымызға қазанаттың шабысын, бизнесменнің табысын, күмбірлеген күйдің қағысын, жолы болғыш шенеуніктердің шансын тілейміз! Астыңызда ат, басыңызға бақ шапсын! Әумин!

Игі де ізгі тілекпен,
«ЖАТЫПАТАР»





«АЙҚЫНДЫҚТАРДЫҢ» АЙДАР АРҚЫЛЫ АЙТҚА АЙТАР АҚ ТІЛЕК, АҚ БАТАСЫ

Құрметті оқырман қауым!

«Сіз білесіз бе? Бүгін» - бүкіл мұсылман қауым үшін қасиетті де қастерлі болып саналатын Ораза айт мейрамы басталды. Сондықтан осы айт күндері мынау «Ғажайып ғалам» төрінде ақ дастарқан жайып, алты алаштың азаматтарын арқадан қағып, төс қағыстырып, «Бармысың, бауырым!» деп «Дидар» көрісіп, «Қонақкәде» жөн-жоралғасын жасағанмыз абзал. Қанша дегенмен, олар да «Жақсының көзі» ғой. Бір «Шаңырақтың» астында, «Бізде қонақта» болып кетсін. Кеңес Одағы кезінде «Айдың арғы беті» ұқсап өмір сүрді ғой. Енді «Аққудың сыңарындай» ғұмыр кешетін кез жетті. «Мәселенің мәнісін» айқындап, «Ұсыныс», «Пікір», «Дау», айтып, талай-талай «Мәселе» көтердік. «Көкейдегі сауалымызды» қойып, «Осыған орайлас ой» өрбітіп, «Төрт құрлықтың тынысын» ұлғайтуға тырысып жатырмыз. Міне, соның арқасында «Саясат» дұрысталып, «Экономика» өсіп, «Әлеумет» жақсарып, «Мәдениет» өркендеп, «Спорт» дамып келеді. «Әлем жаңалықтарын» оқып, тындап, көріп отырсаң, небір «Тосын оқиғаларды» естіп, «Суыт хабар» тыңдайсың. Бірақ «Шынның жүзінде» отырып айтайын, соңғы кезде «Жағымды жаңалықтар» көп. Сондай «Айқын ақпарат» айтайын. Келер жылы айт мерекесіне орай үш күн демалыс беріледі. Сол кезде «Жұлдызды жұп» құрып, «Саз әлеміне саяхат» жасап, «Бухгалтерия» көтерсе, «Бас Штабқа» – қара шаңыраққа соғып қайтқандарыңыз жөн. Бұл айтқанымның бәрі «Айқынның балабақшасының» әңгімесі емес. «Қыр хикаялары» деп те ойлап қалмаңыздар. «Жұлдыз-жорамалға» да жорытып отырған жоқпыз. Жылында бір келетін мұсылман



Сандалған сауал



мейрамын осылай лайықты қарсы алмасақ, кім бізге «Ойтүрткі» болады? Сонымен...

Ораза айттарыңыз құтты болсын! Сауып отырған сиырларыңыз сүтті болсын! Жігіттердің көкіректері түкті, жеңге-келіндер жүкті болсын! Ай-Күннің аманында бір-бірімізге «Ақ сөйле» деп жүрейік! «Айқынның» һәм «Жатыпатардын» әр санын оқыған сайын «Күле-е-е-е отырыңыздар». Тәуелсіз еліміздің басылымдарын оқып, сканвордын шешу – «Хоббилеріңізге» айналсын!

Әумин!



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



– Ұлы адамдар дүниеге келгенде немесе кеткенде жер бетінде бір алапаттың болатыны рас па?

– Иә, рас.

– Бәсе, анам байғұс ылғи да айтып отырушы еді «Сен туғанда жауын жауған» деп.



– Қарындас, құсым болып қолыма қоныңызшы.

– Қонар едім. Бірақ әлі ұшқан жоқпын ғой.



– Жұмыстан неге кешіктің?

– Бәрі де кемпір-шалдың кесірі.

– Неге?

– Автобуста отырсам, бір шал мінді. Орнымды кимай, көзімді жұма қойған едім. Көзім ілініп кетсе керек, төрт аялдама өтіп кетіппін.



– Жасы үлкен адамның алдында мәдениетті болғаныңыз жөн шығар.

– Қызметі үлкен болмаған соң бәрібір емес пе?!



– Мен Сізге қол ұшымды бере алмаймын.

– Сонда, тіпті менімен амандаспайсыз ба?



– Дәрігер, егер мен сәбізді көп жесем, бойым ұзара ма?

– Әрине.

– Онда неге қоянның бойы қысқа?



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



- Әже, бақыт деген не?
- Енді соны да білмедің бе? Адамның аты емес пе?!



- Әже, бұл дәрігердің кабинетіне кіру үшін карточка керек.
- Қап, мұнысын білгенде ала келер едім ғой. Өзім де базардан келе жатыр едім.



- Сіз жұбайыңызбен үйленер алдында таныстыңыз ба, әлде үйленген соң таныстыңыз ба?



- Қарындас, басыңыз бос па?
- Немене, жүк артайын деп пе едіңіз?!



- Сіз қай газетке жазылғанды жеп көресіз?
- Оның несін сұрайсыз?! Ет орауға ынғайлы, үлкенірек газетке жаза салыңызшы.



- Әже, келініңіз Сізге сәлем бере ме?
- Иә, қалқам. Күнде таңертең қолын көтеріп «прібет» дейді ғой.



- Сіз қай жерде жұмыс істеп жүрсіз?
- Ет комбинатында.
- Бәсе , еттің дүкендерде көрінбей кеткені сол екен ғой.





Сандалған сауал



– Ана парызынан Меккеге үш рет аркалап апарсаң да құтыла алмайсың.

– Ойбой, мына нарық заманында үш рет апару қайда? Ұшақтың да билеті қымбаттап кетті ғой.



Газет редакторы бір журналисті жиналысқа салып жатып:

– Әйеліңіздің айтуы бойынша Сіз соңғы уақытта үйіңізге түнемейтін көрінесіз ғой. Оныңыз қалай? Себебін түсіндіріңізші, – депті. Сонда журналист:

– Уәке, Сіз де қызық екенсіз. Күнде-күнде үйге қона беремін бе? – деген екен.



– Газет-журналдарға топтама өлендерімді беріп едім. Әлі жарыққа шықпай жатыр. Ондағылар ай қарап отыр мекен, шіркіндер.

– Бәлкім, басылымдарының құнын түсіргісі келмей отырған шығар.



– Жаным-ау, Жаңа жылға жасаған сый-сияпатым болсын, не жейсің айтшы?

– Отағасы, Сізден өнебойы таяқ жеп келе жатырмын. Соны бүгіндікке доғарсаңыз болғаны.



– Көптен күткен Жаңа жыл мейрамы да келіп жетті. Енді сара жолға түсіп, жаңа өмір бастауымыз қажет.

– Ендеше, Жаңа жылда «жаңа әйел» алуға да болатын шығар.





Сандалған сауал



– «Көгілдір от» кешінде барлығымыз да өз жанымызға жақын көретін аң- құстардың бетпердесін (маскасын) кигеніміз жөн болар. Мәселен, Сіз аюдың, Сіз қоянның, ал Сіз қасқырдың дегендей.

– Онда Сіз түлкінің бетпердесін киетін болдыңыз ғой.



– Өз ұлымның өзіме тартпағанына қайранмын.

– Иә, әйеліңіздің ақ көңілдігінен қорқып едім.



– Сіз бұрынғы директордың әйелі емессіз бе?

– Иә, дәл таптыңыз.

– Ал, қазір ше?

– Жана директордың?



– Сіз жұбайыңыздың қандай болғанын қалайсыз?

– Қарапайым Мариядай болса болғаны.

– Онда көп ұзамай, Сіз де Виктор сияқты жынданып кететін шығарсыз.



– Әже, ұлыңыз бен келінііз айдындағы аққудай жарасып қалыпты. Түбінде бақытты болсын.

– Мынау ортан қолдай ұл мен қызды апарып қайдағы құсқа тенегені несі, ей?



– Сен бұл түріңмен жақсы домбырашы бола алмайсың.

– Әрине, Сіздей ұстаздан жақсы шәкірт шығу қайда?!





Сандалған сауал



- Балаңыз қай институтта оқиды?
- Білмеймін. Әйтеуір бітірген соң директор болатын көрінеді ғой.



- Сіз өз кругозорыңыздан шығып бара жатқан адамсыз.
- Сонда мен кімнің кругозорына кіріп бара жатырмын?



- Сіз өз мақсатыңызға жеткіңіз келсе, байқап басып, ой-шұқырға түспей жүріңіз.
- Біздің қалада ой-шұқыр жоқ. Соған қарағанда диттеген мақсатыма емін-еркін жетемін-ау деймін.



- Папанды сағынып жүрген шығарсың?
- Иә, бірақ соңғы хатынан соң сағынышым басылып қалды.
- Ол хатында не депті?
- «Саған еш нәрсе ала алмадым» депті.



- Мен Қодар рөлінен бас тартамын.
- Неге?
- Қодар образы арқылы өз мінезімді көрсетіп қоямын-ау деп қауіптенем.



- Ары таза, пейілі кең адамдардың тілегі орындалары анық.
- Сіздің тілегіңіздің орындалмайтынына қайранмын.





Сандалған сауал



- Қарындас, мен Сізге өлердей ғашықпын.
- Менен басқа өліп-талған қыздарыңыз көп сияқты.
- Оған дауым жоқ. Менің жүрегім кен. Оның төрінен Сізге де орын табылады.



- Сүйінші, әйеліңіз босанды!
- Сонша неге даурығасыз? Әйел екіқабат болған соң, әйтеуір бір босанатынын өзім де білем.



- Мен сыншы ретінде Сіздің топтамаларыңызды бас алмай оқып шықтым. Негізінде шеберлік таныта білгенсіз. *«Жырымды оқып қуанса бір қыз егер.*

Онда өмірден ешқашан өштегенім» деп ақынның ақыны айтар.

- Қатты кетсем кешіресіз, сыншы болсаңыз да менің прозаик екенімді білмейді екенсіз.



- Сіздің сын мақалаңыз маған тіпті де ұнамады.
- Әбден мүмкін! Өйткені ол мақаладағы сын жебесіне Сіз де ілінгенсіз.



- Басқа мекемеден орын теуіпсіз. Алдыңғысы жайсыз болды ма?

– Е, алдыңғысы көлденең табысы жоқ, пайдасыз болды ғой.



- Балам-ау, «апа, келін түсіріп берем, екі қолыңызды ыстық суға малып отырасыз» дегенің қайда?

– Енді соны да көре алмадыңыз ба? Құдайдың құтты күні екі қолыңызды ыстық суға салып, кір жуып жүрген жоқсыз ба?



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ



– Жырлай-жырлай жауыр болған тақырып болғандықтан өлеңіңізді жариялай алмайсыз.

– Ойбай-ау, жауыр болған есекті мінген халық, жауыр өлеңді оқымаушы ма еді?!



– Басты рольдердің бірі – Қодарды Тағай ойнайды.

– Ол момын ғой. Зұлымның релін қалай ойнамақ?



– Сен оны қай уақыттан бері сүйетін едің?

– Бұрын ауылда жүргенде онша ұнатпаушы едім. КазГУ-ге түскелі қатты сүйетіндігімді сезіндім.



– Елге елеулі, халыққа қалаулы болу үшін не істеу керек?

– Әрине, пара беру қажет шығар.



– Мен онымен ажырасам.

– Не себептен?

– Ол орнынан түсіп қалды.



– Қарындас, мен Сізге ғашықпын.

– О не дегеніңіз, менің күйеуім бар.



– Онда тұрған не бар?! Мен де үйлі-баранды адам емеспін бе?!





Сандалған сауал



- Үйлену – онай, үй болу – қиын, балам.
- «Тұрғын үй-96» бағдарламасы орындалғанда, үй болу да онай болатын еді, әке.



- Қыздың қулығы қырық тракторға жүк болады. Немесе қырық том кітап болары анық.
- Иә, ол қулықты шығару да өнер ғой.



- Кедей – бай, бай – Құдай болғысы келеді
- Құдайдан үлкен ешкімнің болмағанына шүкір.



- Жалғыздың шаңы шықпайды.
- Әрине, егер ол тротуарда жүре берсе, қайдан шықсын?!.



- Әттең, оқи алмай қалдым. Егер мен оқығанда бар ғой, мектепті тура алтын медальмен бітірер едім де, университетке түсіп, оны да қызыл дипломмен аяқтар едім. Одан әрі министр болып кетуім де ғажап емес еді...

- Сіз «Әттең май жоқ. Ұн болғанда, көршімнің қазанын алып, бауырсақ пісірер едім», – дегеннің керін келтірдіңіз ғой.



- Мен Сіздің ұлыңызды көшеде мас болып жатқан жерінен көрдім.

- Ә, бәтшағар. Айлығын алған болды ғой. Әй, қайсын барсың? Біреуің барып, ағаңның қалтасындағы ақшасын алып келіндер. Жоғалтып алып жүрер.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



- Сіз өмірден өз еншіңізді алып біткен шығарсыз?!
- О, не дегенің. Әлі машина алғаным жоқ қой.



- Балам-ай, дәрігерсің ғой. Жүрегім ауырып жүр еді. Бір емін тапшы, айналайын.
- Жарайды, әже. Тек қай жүрегіңіз ауыратынын анықтап айтыңызшы.



- Өмірдің өзі – драма.
- Сонда режиссері тағдыр ма?



- Ұлым, сен туғанда қуанғандықтан болар елекпен су тасыдым. Сол еңбегімді ақтай алар ма екенсің?
- Иә, әке, ақтаймын. Егер менің ұлым дүниеге келсе, түбі жоқ шелекпен де су тасуға бармын. Бірақ ол еңбекті ұлым ақтай алса игі еді.
- Е, балам, сенің уайымың менікінен басым түсті. Тәңір тілеуінді берсін!



- Жергілікті өкілді органға өз кандидатураныңды ұсынуың ұсынып ап, қаннен қаперсіз жүргеніңіз қалай? Жұрттың бәрі дүрлігіп, үгіт-насихат жүргізіп жатқанда.
- Нағашым көмектесемін дегендей қылып еді. Ағайынның жақындығы осындайда білінбеуші ме еді?!



- Сіз бұл іске бел шешіп кірісіңіз.
- Ойбай, онда шалбарым түсіп кетеді ғой.





Сандалған сауал



- Сіз мені неге ортадан шеттетіп отырсыз?
- Ол не дегеніңіз. Егер Сізді шеттетер болсам, төрде отырмаған болар едіңіз.



- Көшеде мас болып ұйықтап жатқан жеріңізден ұлыңыз көріп, жиіркеніп өтіпті. Ұялмайсыз ба?
- Сіз де қызық екенсіз. Қорылдап ұйықтап жатсам, қалай ұялам?!



- Сіз өмірде махаббаттың бар екендігіне сенесіз бе?
- Жоқ.
- Сонда қалай? Сіз Қозы мен Баянның махаббатын да жоққа шығарғалы отырсыз ба?
- Иә, себебі Қозы мен Баянның өмірі ұзаққа созылғанда, олар да түбі ажырасып тынар еді.



- Сізбен танысқанымға өте қуаныштымын.
- Кешіріңіз, бәрібір ұлыңызды оқуға түсіре алмаймын.



- Балықтың су ішпейтіні рас па?
- Қайдам, шөміш алып, су ішіп жатқанын көргенім жоқ. Ішпесе, ішпейтін шығар.
- Міне, көрдіңіз бе? Олардың су ішпейтін себебі, көлде, теңізде жүріп, әбден мастанып кеткен. Шөлде жүрсе, көрер едім.



- Сіздің бұл сөзіңіз қышыған жерден тиді.
- Енді мен білемін ғой, қай жерде «битіңіздің» барын.





Сандалған сауал



- Әже, нанды неге мұздатқышқа салып қойғансыз?
- Қатып қалмасын дегенім ғой.



- Адам өзінің бақытты екенін қайдан білуге болады?
- Бақыты кеткен соң біледі.



- Дәрігер менің ауруымның диагнозы қандай?
- Соқыршегіңізге қатты суық тиген.



- Сен мені сүйесің бе?
- Сүйем, әрине сүйем.
- Сен мені қай кезде жақсы көріп кетесің?
- Мен сені тамақ пісіріп жатқан кезде жақ-се-е-е көріп кетем.
- Сен ойнамай, шыныңды айтшы. Сен мені қатты-қатты сүйесің бе?
- Иә, мен сені қатты-қатты сүйем.
- Менсіз саған өмір жоқ па?
- Иә, сенсіз маған өмір жоқ.
- Мен өлсем, сен де өлесің бе?
- Әрине, сен өлсең, мен де өлем.
- Қалай өлесің?
- Тамақ пісіріп беретін адамым өліп қалған соң, аштан өлетін шығармын.



- Ең алғашқы мақаласын ұсынған бір автор редакцияға:
- Мұның қаламақысын тезірек берсеңіздер екен, – дейді.
- Неге? Ең алдымен мақалаңыз газетке шықсын да. Сонан соң береміз ғой.





– Ақша сондай қажет боп тұр еді. Жақында інім үйленгелі жатыр.



– Түп, балам сені де үйрете-үйрете шаршадым ғой.

– Әке, ұйықтап дем алып тұрғаныңыз жаңа ғой.

1981-1988 жылдар

СТУДЕНТ ӘЗІЛДЕРІ

– Жылы орныңды суытып, басқа жатақханаға қоныс аударып бара жатырсың ба?

– Кім біледі? Бәлкім, көшіп бара жатқан жатақханам бұдан да жылырақ болар.



– Сен я оқуыңды оқы да немесе жұмысыңды істе. Екі кемеңің басын ұстаған су қармайды.

– Ал, егер ол балықша жүзетін болса ше?...





Сандалған сауал



– Бесінші курсты бітіргелі жатырсың. Неге үйленбей жүрсің?

– Немене, өмірге тағы бір алиментші әкені қосуға асығып жүрсің бе?

– Ә, бәтшағар, онан да әр гүлге бір қонған арамын, өз тағдырыма өзім сенбеймін десенші...



– Біздің группадағы «еті тірі» деген жігіт жалғыз сенсің, – деді Мұхтарға бір курстасы әзілдеп.

Сонда Мұхтар:

– Оны өзім де білем. Менен кейінгісі болса да сенсің ғой, – деді оған кеудесін керіп.



– Осы сендердің бөлмелеріңнің жылып, я болмаса ысып тұрғанын көрген жоқпын. Қашан көрсең «жаңғақ шағып» отырғандарың.

– Неге? Жаздың күні келші, балконыңды ашпай отыра алмайсың.



– Өмірдің өзі тарих...

– Қай тарих! Лекциясы ма, әлде семинары ма?



– Жатақханаларың суық па?

– Иә, бірақ әзірше мұз қатқан жоқ.



Студент:

– Ағай, адам түсінде не көрсе, өңінде сол бола ма?

Профессор:

– Әрине.





Студент:

– Онда маған зачет қойып беріңізші.

Профессор:

– Неге?

Студент:

– Түсімде Сізден зачет алып жүр екенмін.



– Ағай зачет қойып беріңізші.

– Зачетті университеттің дәлізінде емес, кафедрада сұрағаныңыз жөн болар. Кафедраға жүріңіз.

Екеуі кафедраға келеді.

– Зачет кітапшаңызды беріңіз.

– Мінеки, ағай.

– Аты-жөніңізді айтыңыз. Қай курста оқисыз?

– Мұхтар Атабековпын, 3 курста оқимын.

– Мұхтар, айналайын, Сіз зачетті менен алуыңыз қажет пе, әлде Мархабаевтан ба?

– Мархабаевтан.

– Онда неге маған келіп тұрсыз?

– Сіз Мархабаев емессіз бе?

– Жок, мен Қозыбаевпын.

– Кешіріңіз ағай, курстастарым «Мархабаев көзілдірік киген сары кісі» деген соң Сіз бе деп қалдым.

– Ә, бәтшағар, ең болмаса оқытушыны да танымаймын десеңізші. Сабаққа жиі келіп тұрыңыз. Сонда қателеспейсіз. Мархабаев та мен сияқты сары, көзілдірік киген кісі. Барыңыз, тауып алыңыз.



Сабаққа кешігіп келген Мұхтарға профессор:

– Деканатқа барып біліп келіңізші, бүгін коолоквиум бар ма екен? – деді.

Коолоквиум деген оқытушының фамилиясы екен деп қалған Мұхтар деканаттан келді де:

– Ағай, Коолоквиум ағай деканатта жоқ екен – деді.

1988-1993 жылдар





СОЛАҚАЙ СИНОНИМДЕР

- Сабақтан кешігіп қалды – Маубас ұйықтап қапты.
- Зачет тапсыра алмады – Екі қолын мұрнына тығып қайтты.
- Өзінен болды – Сауап.
- Екеуі семинарға дайындалып отыр – Екеуі бір-бірінен көшіріп отыр.
- Ақыл айтты – Данышпансыды.
- Қарызға ақша алды – Қайыр сұрады.
- Жиналыста сөз сөйледі – Көрініп қалғысы келді.
- Ол оны ұнатпайды – Иттің етінен жек көреді.
- Ол адам гой – Ол да бір пенде.
- Еңбекқор – Өлермен.
- Мафия – Қасқырдың апаны.
- Рәкет – «Мәдениетті» қайыршы.
- Жолсерік – Сауыншы.
- МАИ – Жол қарақшы.
- Журналист – Өсекші.
- Менің балам – Менің көшірмем.
- Жылады – Көзінің сорасы ақты.
- Қатты айқайлады – Есекше ақырды.
- Ұрысты – Күңкілдеді.
- Жеді – Жалмады.
- Әңгіме айтты – Өсек тасыды.
- Ашуланды – Жынданды.
- Мінезі жаман – Арқасы бар.
- Тік тұрып, тура жүреді – Қадалған жерден қан алады.
- Іздеді – Тіміскіледі.
- Ұрды – Быт-шытын шығарды.
- Сұрады – Қазбалады.
- Ауырып жатыр – Өлейін деп жатыр.
- Уақыты жоқ – Мұрын сіңбіре алмайды.
- Ол оның әйелі – Ол оның прицепі.
- Тамағыңды іш – Атауыңды іш.
- Көп сөйлеме – Көпірме.
- Боқауызшыл – Аузыңнан ақ ит кіріп, көк ит шығады.
- Ол жұмысты қатты істейді – Ол негр.
- Мас боп қалды – Өшіп қалды.





- Ақымақ – Милау.
- Жуас – Көнбіс.
- Ештеңе дей алмады – Аузына құм құйылды.
- Қатты сыйлады – Патхалим жасады.
- Масқара – өл-ә-ә-ә.

ҚОТЫР ҚОТАРМА

- Не пугевый – пұтсыз біреу.
- Утопист – тынған адам.
- Хватит – демал.
- Физическое лицо – физикалық тұлға.
- Хозяйственное мыло – шаруашылық сабыны.
- Пассажир поезда – жолсерік қояны.
- Гражданская оборона – Азаматпен қорғану
- Автобиография – Келікбаян
- Горячая линия – Ыстық, қызу желі
- Хозмыло – Жаман қазақтың сабыны
- Гнездо – Жетім бұрыш
- Мясо – Қазақ
- Не май месяц – Сары майлы ай емес
- Муж – Албасты
- Помой – Бомждың сүйікті асы
- Парламент – «Шешендер» одағы
- Жена – Тұсау, кісен, бұғау, шылбыр
- Водород – Ауыз су
- Авторитет – Беделді қылмыскер
- Активный – Жандайшап
- Закрытое акционерное общество – Қылмысын жасырып, жабық түрде істейтін қоғам
- Юная аудитория – Құс ұйқылы жас тыңдаушылар
- Аульный – Мәмбет





Женщина с богажом – Жүкті әйел

Батюшки – Көкелер

Баю-бай – Байысаң – байы

Мои года – Кикабидзенің «байлығы»

Брак – Ақаулы неке

Нефть – Адай

ХАЛТУРАЛЫҚ ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Сары ауруға арналған қара бит бар. 1998 жылғы. Семіз әрі қанды. Оптовиктерге жеңілдік жасалады. Үйіңізге жеткізу – тегін. Түнде біз бит қарап жатқан кезде хабарласыңыз.


Тел: 333-50-53.



Үйіңіздегі тышқандарды дәрі-дәрмек, қақпан, мысықсыз-ақ қуалап жүріп, жүрегін ұшырып өлтіремін.

Тышқан киллері.

Тел: *Мысықтан сұра.*





Сандалған сауал



Қыз дайын болса — біз дайын.

Тел: 777-66-21.

(Милицияға түсіп кете береді.)



Өте бағалы сыйлықтарыңыз болса, туған күніме келіңіздер.

Тел: *Айтуға ұялып тұрмын.*



Он күн жүгіріп, 2 килограмм салмағымды жоғалттым. Көрген-білген, тауып алған адамдарға қайтаруын сұраймын. Сүйінші сұрағанға 1 килограмм салмағымды бере салам.

Тел: $2\text{кг} - 1\text{кг} = 1\text{кг}$.



Жекешелендіріп алған әйелімді сатамын немесе айырбастаймын.

Тел: 101-99-00

(Трубканы әйелім көтерсе, қоя салыңыз.)



Егер тоназтқышыңыз бұзылып қалып, тамақтарыңыз ашып кетеді-ау, — деп қауіптенсеңіз, хабарласыңыз.

ҚазМУ қалашығы,

№5 жатақхана.

Вахта: 161-47-03.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



Күйеуімнің көзіне оптом шөп салу үшін «асарға» шақырамын. Көз байланғаннан, қораз нарек тастағанға дейін хабарласыңыздар.

Тел: 18см+02шт=0,5л.



Шойын қара әйелімді ұрып-соғуға рұқсат беретін «правомды» жоғалтып алдым. Тауып берген адамды ат орнына әжемнің арқасына мінгіземін.

Тел: істемей тұр.



Спирттің сүт сияқты ұнтағын сатамын. Оның сұйық спирттен айырмашылығы – суға салып қайнатып алған соң, шайға қосып, ақтап ішуге болады. Бір шымшым спирт ұнтағының күші – Сізді бір ай үй көрмей, тентіретіп жіберуге жарайды. Градусы тұла бойыңыздың размерінен басым болғандықтан, бір орында тұра алмай тәлтіректеп, түйседен ауғандай ауып кете бересіз. Шұбатқа ұқсас қасиеті бар. Оны ішсеніз, күні бойы тоқ жүресіз. Ғалымдар бұл спиртті, тіпті СПИД-ке қарсы қолдануға болады деп болжап отыр. Бағасы айықтырғыштың айыппұлынан көп төмен.

Тел: 40°+50°=90°.



Әртүрлі ұлттың баласын туатын универсальный әйел іздеп жүрмін. Бір босанғанда сразу екі ұлттың баласын егіз табатын болса, жүдә жақсы болар еді. Басқа да варианттарға, жаттығу, репетицияларға келісуім ықтимал.

Тел: ГР-УЗ-ИН.

Коллекционер. Гоганы сұраңыз.





Сандалған сауал



Өмірден баз кешіп, өзіне қол сала алмай жүрген сорлы пенделерге өлімнің кез келген түрімен көмектесіп, жаныңызды бір сәтте жаһаннамға жібере аламын. Таңдау – Сізден, ажал – бізден. Жаназасы мен жетісін өзім көтерімін.

Килтер. Тел: *Әзірейіл біледі.*



Спиртсмен байымның бес гектар бетін быт-шыт етіп, миының қрышқасын сырт-сырт шертіп, үнемі бoқ арылмайтын мұрнын таңкитып, араққа арналған аузын аңкитып, екі қалқан құлағын шекесіне жабыстырып, жағын қарыстырып, белін бір жаққа майыстырып қоятын спортсмен жігіттерді жалдаймын.

Тел: *аппаратты күйеуім ішіп қойған.*

Үйім арақ зауытының жанында, сырахананың түбінде.

Масханадан алыс.



Университетке оқуға түскісі келетін абитуриенттерге алдын ала орын сатылады. Әр факультеттің бағасы әртүрлі. Ол декан құлқынының размеріне байланысты ауытқып тұрады.

Тел: $1500\$ + \text{делдалға } 500\$ = \text{таза табыс } 1000\$$



№1 мөлтекаудандағы жарық, су-бу, жылу, газы жоқ пәтерімді зираттағы бір мүрделік жерге айырбастаймын.

Тел: *АТС сымын қырқып кеткен.*



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



Жыл бойына алмаған айлығымды 3-4 айда зарықтырып беретін зейнетақыға баспа-бас ауыстыруға дәмелімін?

Телефон жоқ. Үйім көршіме дуалдас.



Он бес бала-шағасы бар сіңірі шыққан кедей отбасының баласымын. Шіріген байдың жалғыз қызына эксперимент ретінде үйленгім келеді.

(Үмітімнен гөрі күдігім басым болғандықтан, мекен-жайымды көрсетпей отырмын).



Арнайы тапсырыс бойынша аудан және қала әкімін туып бере аламын. Ұлты, тілі, діні Сіздің сұранысыңызға байланысты қанағаттандырылады. Тапсырыс 9 ай 9 күн ішінде орындалады. Әмияныңыздың қалыңдығына қарай егіз әкім де туа алатынымды қаперлеріңізге саламын.

Тел: *Бал ашып тауып алыңыз.*



Паркте серуендеп жүріп, арақ ішпейтін, темекі тартпайтын, күйеу орнына күйеу болып жүрген асыл-тұқымды итімді жоғалтып алдым. Егер Граф (ит-күйеуімнің аты) менің көзіме шөп салып, басқа қаншықпен кеткен болса, ол қаншықтың иесінен алимент төлеуін сұраймын.

Тел: *Графтың мойнындағы алқада жазылған.*

Кесірнинаны сұраңыз.

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Бұқа – жігітке тана – көзімді сүзгім келеді. Бағасын бетпе-бет келісіп, қаржысын қолма-қол аламын.

Тел: 2 + 2 = \$



Кандидаттық және докторлық диссертациялар жазып бере аламын. Атағы – сенікі, шақасы – менікі болады.

Тел: *Делдалдардан алыңыз.*

КОММЕРЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

ӘЛҚИССА: Бұл коммерциялық кеңес «Жас Алаш» газетіне жазылған, «Бір түрлі бетті» үзбей оқитын адамдарға арналған. Өзгелерге оқуға тыйым салынады. Қапелімде байқамай оқып қойса, ұмыт-е-е-е-п қалсын!

- Әйеліңіз Сізге ұрса бастаса, құлағыңызға мақта тығып алыңыз. Ал егер оның түр-әлпетін көргіңіз келмесе, сварқаға қараңыз.

- Сасып кеткен етті байыңызға зақәске етіп қуырып берсеңіз, өлмейді.

- Тамағыңыз отбасына түгел жетпейді-ау деп қауіптенсеңіз, ешкім ішпейтіндей етіп, дәмсіз пісіріңіз.

- Картоп, пияз, укроп, тұз, ине-жіп, сіріңке, сабын-парошок секілді ұсақ-түйек заттарды базардан сатып алғаннан гөрі, көршіден сұрай салғаныңыз тиімді.

- Наныңыз қатып қалмасын десеңіз, түгел тауысып жеп қойыңыз.

- Басыңызға бит түссе, шашыңызға өрт қойыңыз.

- Бір литр сүтке жарты литр су қоссаңыз, сүтіңіз к-ө-ө-п болады.

- Су қосылған самопалды «арақ қосылған су» деп сатсаңыз тез өтеді.

- Күйеуіңізден алда-жалда арақ артыла қалса, итке құймаңыз. Ол бәрібір Сіздің күйеуіңіз сияқты ішпейді.

- Өлген тауықты жесеңіз ұшынып қаласыз. Сондықтан, тірідей жеуге тырысыңыз.

- Спирттік ішімдік атаулыны байыңыздың бойы түгілі,





ойы жетпейтін жерге тығып қойыңыз. Өзіңіз айтпақшы, «ол екі аяқты айуан» ішіп қоюы мүмкін.

- Жаз айларында күйеуіңіздің тер сасыған аяғына француз иіс суын сеуіп жатпасаңыз, ажалыңыздан бұрын тұншығып өлуіңіз ықтимал.

- Өтпей қалған қытай тауарларын құдалықта кит ретінде кәдеге жаратып жіберіңіз.

- Көзіңіз, құлағыңыз, тісіңіз ауырса, жұлдырып тастаңыз. Конкуренттің болмағаны жақсы.

- Егер аяқ астынан қыруар пайдаға кенеліп, байығыңыз келсе, басқа қаланың базарына барып қайыр сұраңыз.

- Газ жоқ кезде қысылып, қымтырылудың қажеті жоқ. Әркімнің есік алдында жатқан күл-қоқыстан шала жанған көмірді жинап жақсаңыз, қыстан аман шығасыз. Ал ақшаңыз әйеліңіздің төстартқышында қалады.

- Бір демделген шайды төге салмай, мұқият жинап, қорабына қайта салып, сатып жіберіңіз. Халықты қайтесіз?! Ол аңқау әрі момын.

- Үйіңізге убытишний қонақтар келетінін сезсеңіз, дереу өзіңіз де қыдырып кетіңіз. Бірақ, олар да Сіздің келетініңізді біліп қоймасын.

- Қазақтың теңгесіне АҚШ-тың долларын сатып алыңыз. Әйтпесе, теңгеңіз оңбай күнсызданып, банкротқа ұшырайсыз.

- Бір жерді тіреп тұрған бастық болсаңыз, қол астыңыздағы қызметкерлерге «емеурін» көзқараспен қараңыз. Сонда көңіліңіз бен қалтаңыз тоқ жүреді.

КЕРІ КЕҢЕС

- Қай министрдің тақтан құлап, қайсысының атқа отыратынын, қай әкімнің не «ішіп», не «жеп» қойғанын, қай дөкейдің қай қызметке кірпік қақпай көзін сүзіп, қай «акуланың» айдынында еркін жүзіп жүргені, қай шенеуніктің кіммен құда болғанын, қай әртістің кімнің соңынан қалмай, өліп-өшіп жүргенін, қай депутаттың қай жерде кіммен демалғанын бүге-шігесіне дейін білгіңіз келсе, сары басылымдардан көз жазып қалмаңыз. Олар





миға қонбайтынды емес, қонатынды, кеше болғанды емес, күні ертең дәл болатынды жазады.

Өйткені олар деректерді сенімді ақпарат көзі – әйелдерден алады.

- Бұл жалғанда опырып жегендердің о дүниеде опық жейтінін жадыңыздың бір жықпылына жасыра салыңызшы. Түбі бір кәдеге асарына сенгім келеді.

- Көк тіреп тұрған дөкей болсаңыз, ешкімнің шаруасын дереу шешіп бере салмаңыз. Күнде ертеңге сілтеп, сағызша созып жүріп алыңыз. Сізге түкке тұрмайтын жұмыс болса да, маңызды іс ретінде қараңыз. Атаңыздан артық көретін креслоңызда тербетіліп, жүргенде хан күймесіндей шайқалып, сөйлегенде адам баласы түсінбейтіндей ыңыраныңыз. Сонда атыңыз шығып, абырой-беделіңіз артады. Халық алдыңызда қоғадай жапырылады.

- Егер қоластыңыздағы қызметкерлерге емеурін білдіре сөйлеп, еміне қарасаңыз, көңіліңіз бен қалтаңыз үнемі «тоқ» жүреді.

- Көңілдесіңіздің барын әйеліңіз сезіп қоймасын десеңіз, ол күдіктенеді-ау деген «әріптестерін» ылғи да жамандап отырыңыз. Ең жаман деген ашы сөздеріңізді құран бағыштағандай соларға бағыттап, бетіңізді жиіркенгендей тыржытыңқырап қойыңыз. Әйеліңіз сонда күдіктен әбден арылады. Ал Сіз үйдей пәледен аман қаласыз. Нағыз әртіс Сіз боласыз да, кәсіби әртістер қой бағып кетеді.

- Халықты қан қақсатып, елді еңіретіп, жетім мен жесірдің соқыр теңгесін зар жылатып тартып алсаң да мал жина, дүние тап. Оны шет елге асыр, қалғанын жасыр. Үкімет тағы да рақымшылық жасайды. Арам малың «адал» болады. «Жылатып» алғаның «күліп» қайтады. Бес күн жалғанда алты күн бура боласың.

Ескерту: Осы айтқан «кеңестерімді» жадыңыздың бір жықпылына жасыра салыңызшы. Түбі бір кәдеге асарына мен кепіл.

1999 жыл





ШЫМШЫП АЛАР ШЫМШЫМАЛАР

КҮНКӨРІС

*Сауда жасап саудагер,
«Күнкөрістің, -деп қамы» .
Затын мақтап сатады,
Бір сөзінің жоқ жаны.*





ПЕРІШТЕ

*«Алтын көрсе періште,
Жолдан тайып кетеді».
Бастық қылсаң кедейді,
Бірден байып кетеді.*

МИЛИЦИЯДАН ҚОРҚАДЫ

*Мафия, Рэкет қарақшы,
Күндіз-түні жортады.
Бірақ халық-өз қорғаны,
Милициядан қорқады.*

ПАРАД

*Базар толы халықтар,
Сөмке арқалап барады.
Өтіп жатқан қалпы бар,
Дорбашылар парады.*

АЙЛЫҚ

*— Қалай көред қазақтар,
Еңбегінің рәтін?
— Насыбай берсең болғаны,
Айлығы үшін бір атым.*

КОЯН

*Поезд мінсең болғаны,
«Коян» деген өріп жүр.
Нәпақасын жолсерік,
Сол «қояннан» көріп жүр.*

МАМАНДЫҚ

*«Базар, вокзал, сарайда,
Қайыршы көп қол жайған.
— Мамандық қой, алайда,
Жүргені жоқ ол жайдан.*

ПАРАДОКС

*Базарға шығып жеңгеміз,
Бір отбасын бағып жүр.*





Сандалған сауал



*Ал ағамыз арақ ішіп,
Көше кезіп лағып жүр.*

КЕРЕМЕТ ЗАҢ

*Парламентте бекітіп,
Заң шығардық керемет.
Бірақ, заңгер сол заңды
Басты аяққа не керек?!*

ЖАРЫС

*Қанат ағам ажырасып,
Екінші рет үйленді.
Жанат жеңгем үшінші үйге
Келін болып үлгерді.*

ШЫҢ МЕН МЫҢ

*Кей еріншек
Төбені де «шың» дейді.
Кей келіншек
Бір баланы «мың» дейді.*

ҚАПАН МЕН ШОПАН

*Қарта сызып төраға Қапан жатыр,
Шөп таба алмай малына Шопан жатыр.*

АСЫЛ ЖЕҢГЕЙ

*Жүреді асыл жеңгей ойнап- күліп,
Ағамызды мұрнынан сүрліктіріп.*

ЖАРЫҚ ЖОҚ

*Қаламызда нансаңыздар,
Су-бу, жылу, жарық жоқ.
Есесіне тун аңсаған,
Жастар қалды қарық боп.*





Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





САТИРАЛЫҚ ЖАҢЫЛТПАШТАР

ІШУ МЕН ҚҰСУ

*Шонақ бір ақ ішті,
 Бір ақты бір өзі-ақ ішті.
 Шонақ ішті, құсты,
 Шонақ құсты, ішті,
 Айықтырғышқа бірақ түсті.
 Шонақтың туыстары... күшті,
 Полицияға құрақ ұшты.*

УДАЙ МАС

*Сәрсен мен Арсен
 Уыздай жас.
 Арсен мен Сарсен
 Удай мас.
 Оларды көрсең құмай қаш,
 Құмай қаш та тулай қаш.
 Сәрсен мен Арсен удай мас.*





ЭПИГРАММА





**КӘУКЕН
КЕНЖЕТАЕВҚА**

*«Кемпірім» деп, «жарым» деп,
«Базарым» деп, «бағым» деп.
Әминаға сөз салып,
Алмақшысыз «даром» кеп.*

*«Жанжарым» деп, «нәрім» деп,
«Жаным, күнім, сәнім» деп.
Қалыңмалсыз үйленіп,
Бітірмексіз бәрін тек.*

*Демес апам: «әрі кет»,
Үйлесіп тұр бәрі кеп.
Теория айтып Сіз ылғи,
Жасамайсыз әрекет.*

*«Қызда болса үмітің,
Батылдау бол, жігітім!».*

2004 жыл





АСАНӘЛІ ӘШІМОВКЕ

*Актерлардың алыбы,
Беретін көп тәлімі.
Қай жағынан алсаң да,
Айта алмайсың «жалобы».*

*Айтылды оған сын да өріп,
Қалмаңыздар шын көріп.
Сахнаның сыртында
Жазып жүр ол күнделік.*

*Көрсетпейді кісілік,
Бойында бар кішілік.
Аймановтан үлгі алып,
Кетті кино түсіріп.*

*Уәж айтудан қашалық,
Сөзге әзіл қосалық.
Жота асса да Асекең,
Жеңгей барад жасарып.*

*«Бекежан» тапты «Жібегін»,
«Жібек» тапты тірегін.
Өнер менен өмірде
Құдай берсін тілегін.*

2006 жыл





МҰХТАР МАҒАУИНГЕ

*Атым менің «Мен» дейді,
Затым менің «Мен» дейді.
«Соңғы жазған шығармам,
Күй сен, сенбе «Мен» дейді.*

*Шақырсаңыз келмейді,
Жел сөзіңе ермейді.
Газет пенен журналға,
Сыр-сұхбатын бермейді.*

*Өсек-аяң термейді,
Дерек іздеп терлейді.
«Қытығына» тисеңіз,
Ханға сәлем бермейді.*

*«Айтысқандар» жеңбейді,
Жөн сөзіңе көнбейді.
Өзі жазып шықпаса,
Тарихыңа сенбейді.*

*«Бес ғасырды» толғады,
Тіл мен ділді қорғады.
Білейікші қадірін,
Алтынның бар қолдағы.*

2006 жыл





МҰХТАР ШАХАНОВҚА

*Өз пырағын баптап алған Шаханов,
Өз жыр-әнін жаттап алған Шаханов.
Желтоқсанның ызғарынан қаймықпай,
Қазақ жұртын ақтап алған Шаханов.*

*Өзге елді елсінбеген Шаханов,
Өзге жерді жерсінбеген Шаханов.
Ел тағдыры шешілгелі тұрғанда,
Бас хатшыны менсінбеген Шаханов.*

*Тіл дауында атып тұрған Шаханов,
Діл жауын да атып ұрған Шаханов.
Қасиетті қара өлеңін қазақтың,
Біле білсек, жақұт қылған Шаханов.*

*Бақташымен танысқан да Шаханов,
Жақтасымен табысқан да Шаханов.
Шыңғысханды ар сотына берем деп,
Аттасымен алысқан да Шаханов.*

*Корген емес ешбір жерде мат алып,
Сөзінде оның болған емес қаталық.
Ақырзаман қалса-дағы тақалып,
Алған беттен қайтпайды ғой Шаханов.*

2008 жыл



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





**ЗАМАНБЕК
НҰРҚАДІЛОВКЕ**

*Әкім болып қызмет етті тақ тұрып,
Халық бірде жақтырмады, жақтырып.
Пайғамбарлық жасқа келген бұ Зәкең
Бір-ақ күнде шенді кетті лақтырып.*

2004 жыл





**НҰРЛАН
ОРАЗАЛИНГЕ**

*Келіс, мейлі, келіспе,
Жөн де, мейлі теріс де.
Жасамайды қиянат,
Жүрген ол бір періште.
Қонған басқа бағы бар,
Әдеті жоқ жағынар.
Тас атқанға ас атар,
Қасиеті тағы бар.
Ұраны оның – кеңшілік,
Сөзбен жасар емшілік.
Жіберер ме ед шетелге,
Нұрекеңді елші ғып.
Өлең – бастау бұлағы,
Драма – жаққан шырағы.
Одақ түгіл, Үкіметке
Кеңес беріп тұрады.*

2004 жыл





ҚҰДАЙБЕРГЕН СҰЛТАНБАЕВҚА

*«Тамашаның» тарланы,
Сатираның арланы.
Сахнада басты рөл,
Ойнау – оның арманы.
Шеберлігі жоғары,
Кемшілігі жоқ әлі.
Басты рөлді бермесе,
Режиссерге «обалы».
«Комик» дейді бар кісі,
«Трагик» дейді жартысы.
Әртістерден депутат,
Депутаттың әртісі.
Таудан биік талабы,
Өнері мың салалы.
Бес жыл бойғы арманы –
Театр ашса, жарады.*

2007 жыл





**АЛТЫНБЕК
ҚОРАЗБАЕВҚА**

*Сағындырған жиырма бес,
Сағым қуған жиырма бес.
Күн-түн қатып қыздарды
Жалындырған жиырма бес.*

*Жырдың аты — «Жиырма бес»,
Сырдың аты — жиырма бес.
Өнеріңді бағалап,
Қойдық саған жиырма «5».*

2004 жыл



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВҚА

*Сөйлемейді тиісін,
Көрген емес кейісін.
Ұл ма, қыз ба, бәрібір,
Амандасар сүйісін.
Ұрысқан емес «әкең» деп,
Сыйласады «Жәкең» деп.
Жинап-теріп жүреді,
«Саяси бар қатең» деп.
Ашық-жарқын жүреді,
Сөзге құлақ түреді.
Әңгіме айтып «от души»,
Аузын басып күледі.
Елтір тонның жағасы,
Қымбат болар бағасы.
Болмасаң да нағашы,
Айттым әзіл, ағасы.*

2004 жыл





НҰРТІЛЕУ ИМАНҒАЛИҰЛЫНА

*Ажалдан да қалар өзі кейде үркіп,
Ал дидарда шүйілген бір дөй бүркіт.
Қай ортада жүрсе-дағы өзінің
Аңсағаны – менмендік пен лидерлік.*

*Тоқ болушы ед айтқан әрбір сөзінде,
От болушы ед әшикі үсті көзінде.
«Бай-қуатты больңыздар» деп жүріп,
Бай-билікті болып кетті өзі де.*

2004 жыл





МӘЛСТІҢ МОНОЛОГЫ (Мәлс Елеусізовке)

*Жапырақ жүрек жас қайың,
Айтудан сыр қашпайын.
Құлақ түрсең адамша,
«Табиғат» жырын бастайын.
Тыңдайсың ба, жас қайың?
Қорған боп тұрмын сен үшін,
Қоғам да құрдым сен үшін.
Айлығым мен байлығым,
Шайлығым да сенбісің.
«Налыма, – дейсің, – күліп кел»,
Орманды кесіп құнықты ел.
Өзім емес, сен үшін,
Елбасыға болдым үміткер.
Байқамай бәлкім қалдың ба,
Көтердім жүгін нардың да.
«Қрыша» болар бір саған,
Елеусізов бар мұнда!*

2007 жыл





НҮРЛАН ӨНЕРБАЕВҚА

*Шырақ десең, шырақ бұл,
Бұлақ десең, бұлақ бұл.
Нүрекеңе ғашық боп,
Талай қыздар «құлап» жүр.
Тұлға десең, тұлға бар,
Сұлба десең, сұлба бар.
Мұндай дарын, серілік,
Айтшы қандай ұлда бар?
Мінді өнердің пырағын,
Жақты өнердің шырағын.
Ұстап отыр бұл күнде,
Мәдениеттің «құлағын».
Бәрі де бар, бәрі бар,
«Ай да, Күн де» табылар.
Қыздар ғашық болмаңдар,
Нүрекеңнің жары бар.*

2004-2007 жылдар





ТОЛЫМБЕК ӘЛІМБЕКҰЛЫНА

Әлімбекұлы Толымбек,
«Елуге міне, толдым» деп.
Кеш өткізбек сыңайлы:
«Келдім,
толдым,
болдым» деп.

Қалжың айтар көпіріп,
Тұрып,
Жатып,
Отырып.
Ат мінгізең алмақшы
Бетін басып өтірік.

Әжуасы жасындай,
Сөйлейді шындық жасырмай,
Жүрісі таудың биіктен
Домалаған тасындай.

Еріндері дүрдиген,
Арық та емес ілмиген.

Қыдыруға қырсыздау,
Табылады күнде үйден.

Арамдық жоқ ойында,
Онсыз өтпес тойың да.
Мекен-жайы әйгілі
Сол Сайынның бойында.

Сценарий жазып жүр,
Сатирасын «қазып» жүр.
Комедияға қол салып,
Киноға да әзір жүр.
Кейде әртіс боп кететін
Көшіп-қонып әзіл жүр.

Қарайлайтын көңілге,
Алуға бар, беруге...
Жаса ғұмыр, Тол-аға,
Елу қосып елуге!

2004 жыл





ҚАЙНАР ОЛЖАЙҒА

*Шықты-дағы «Президенттің пырағы»,
Жанды Олжайдың бағы менен шырағы.
Басылымда жазып-сызып жүрді де,
Өз талантын телеарнада сынады.*

*Кенде емес құрметтен де қадірден,
Ада емес жұрт көрсеткен жәбірден.
Шарайнаның ұстаса да құлағын,
Бірақ өзі көрінбейді кадрден.*

*Кенде емес иманнан да шырайдан,
Хабарлары жанған бейне шырағдан.
Бойында бар қасиеті жапонның,
Түр-әлпеті аумаса да қытайдан.*

*Жақынына берер бәрін сұратпай,
Ал жауына жауабы жоқ сұрақтай.
Басылымның майын ішкен бұл Қайнар,
Аرنаның да туын келед құлатпай.*

2007 жыл





ЕРЛАН БЕКХОЖИНГЕ

*Қазық етіп арман, мақсат, мұратын,
Медиа ашты қос газеттен тұратын.
Айтпағанда «Алтын жұлдыз», орденді,
Алды бүгін Президенттің грантын.*

*Іссапармен қай құрлыққа бармады,
Сағат санап артып барад салмағы.
Қос газеті – қос қанаты болды да,
Елбасымен дүние жүзін шарлады.*

*Күтеді оны жеңгей сақтап сары май,
Ет асады былқылдатып қазыны-ай.
Іссапарға жиі шығып жүрген соң,
Бала-шаға қалар кейде танымай.*

*Жылт етеді кейде ойда бір үміт,
Жүрген ізге қараңызшы үңіліп.
Іссапарға тағы бірде барғанда,
Ұлдар шықсын алдыңыздан жүгіріп.*

2008 жыл

Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ





НҰРТӨРЕ ЖҮСІПКЕ

*Қаламсап қыннан суырған,
Нұрымен Алла жуынған.
Нұрекең біздің о баста
Редактор боп туылған.*

*Газетті талай басқарды,
Алып жүр талай асқарды.
Ұстаздық етіп ҚазМУ-де
Тәрбиеледі жастарды.*

*Азамат болу – мәртебе,
Қажы да болу – мәртебе.
Редакторлығы бір төбе,
Аман да болсын Нұртөре!*

2008 жыл



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





САЙЫН ЕСМАҒИҒА

*Ғажапқа мынау қайран да қайран қаламын,
 Есмағиұлы ұлы ғой сайын даланың.
 Қазаққа мынау газеттер біздің жетсін деп,
 Басы-қасында жүреді барлық шараның.*

*Сапарға шықса, болмайды адам қасында,
 Таниды елдің тауын да және тасын да.
 Таралым өсіп, атағы шықса газеттің,
 Сайын ағаның еңбегі бар ғой расында.*

*Ғажапқа мынау қайран да қайран қаламын,
 Маманы болдың тарату деген саланың.
 Жарадың, Сәке, жарадың, Сәке, жарадың,
 Еңбегің жанып, жүз мыңға жетсе таралым!
 Жерұйық іздеп, жерұйық іздеп шаршаған,
 Асанқайғыдай ұжымға мынау қарадың.*

2008 жыл

Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ





МҰХТАР ШЕРІМГЕ

*Оқырманы оқиды оны сүйіп-ақ,
Жанын оның жейді қоғам күйігі-ақ.
«Оңтүстікте» жүріп құрды «Қақпанын»
Жемқорларға «Жұдырығын» түйіп-ап.*

*Арамызда жүр ғой оның Мыжбаны,
Сықақ жазса – емес шеке қызғаны.
«Барыспенен» күнде алысып жүрсе де,
Төрт том бопты жазғаны мен сызғаны.*

*Жазудан ол жалықпайды жерініп,
Жасауды да ұмытпайды серілік.
Ақын менен жазушыда Мұхтар көп,
Ал сатирик жалғыз осы – Шерімов.*

2007 жыл





ИМАНБАЙ ЖҰБАЙҒА

Кеше:

*Көкейкесті мәселесі кілең тек,
Түсіп жатыр «асауларға» жүген дөп.
Бар қазақтың жоқтаушысы секілді,
Қоғамның жүр «Бар мен жоғын» түгендеп.*

Бүгін:

*Біле білсең, саясатта бәрі сақ,
Келе жатыр бақ пенен тақ жарыс ап.
Иманбайды іздей егер қалсаңыз,
Отырады ол Елбасынан дәріс ап.*

2006 жыл





ЛЕВ ТАРАКОВҚА

*Еске салып көсемдердің үштігін,
Сталиннің қолына алды мүштігін.
Шенеуніктер рейтингісін жасайды,
Байқа енді, осалдар кім, күшті кім?*

*Бір көргенге түр-әлпеті сұсты тым,
Юраұлындай жүргізе алар істі кім?!
Ойланса да, толғанса да жұмыста,
Сталиндей тастамайды мүштігін.*

*Құтты болсын мейрам біздің салалық,
Айтуға әзіл мерекеде жаралық.
Юраұлының қазақшасын атасақ,
Аты – Арыстан, фамилиясы – Тарақов.
2008 жыл*





АЙДАРБЕК МҰХАМЕДИЕВКЕ

*Көзінде нұр, жүзінде бар ұяты,
Байқасаңыз, Атымтай жомарт сияқты.
Қоржынына қаржы келіп түссе егер,
Бәрімізге бергелі жүр сыйақы.*

*Сеніңіздер сөзімде менің жоқ аңыз,
Кешіксе айлық гүлдей семіп, соламыз,
Айдекеңді кездестірсек көшеден,
Қыдыр ата көргендей-ақ боламыз.*

*Банкроттан Құдайым бізді сақтасын,
Ал ҚТЖ қаржысымен жақтасын.
Бас бухгалтер қарыз болмай еш жерге,
Дер кезінде аударсын бізге ақшасын.
Қайтеміз сөздің басқасын.*

2008 жыл





ҚЫДЫРӘЛІ БОЛМАНОВҚА

*Жалын барда бойыңда жаншы бүгін,
Шынар болып өсе берсін тал шыбығың.
Бастық болған жақсы ғой бірақ-тағы,
Кабинетте қап кетпесін әншілігің.*

*Қарақат қыз бір сенің Күн мен Айың,
Ал өнерің – өмірің, пұл мен майың.
Жетегінде кетіп қап саясаттың,
Жетімсіреп қалмасын «Гүлдер»-айың.*

2005 жыл





Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ





ТҰРМЫСТЫҚ ПАРОДИЯ





ДЕЙМІСІҢ

(Ақтамберді жырауша)

*Қай қоғамды алмаңыз,
Нарықсыз ғой деймісің.
Базар мен жер атаулы,
Салықсыз ғой деймісің.*

*Тауары үшін коммерсант,
Арын сатпас деймісің.
Күні үшін бұл қазақ,
Малын сатпас деймісің.*

*Доллар үшін қыз-қырқын,
Тәнін сатпас деймісің.
Өтірікші, залымдар,
Жанын сатпас деймісің.*

*Сауда жасап бұл халық,
Қарық болар деймісің.
Білім қумай – болашақ,
Жарық болар деймісің.*

*Ел басқарған басшылар,
Дана еді ғой деймісің.
Жетім-жесір, халыққа,
Пана еді ғой деймісің.*

*Билікті де әкімдер,
Сатып алмас деймісің.
Шығып кеткен шығынды,
Қайтып алмас деймісің.*

*Ұл-қызымыз оқуға,
Өзі түсер деймісің.
Талантты ұлға ұстаздың,
Көзі түсер деймісің.*

*Кәметке толмаған,
Қыз тумайды деймісің.*



*Үй едені қысты күн,
Сыз болмайды деймісің.*

*Адал жүріп, тік тұрсам,
Ат мінгізер деймісің.
Шындықты айтсам – кемшілік,
Сап түзелер деймісің.*

*Осы сыннан қадірім,
Аса қояр деймісің.
Газет-журнал таласып,
Баса қояр деймісің.*

*Осыны ойлап қайтейін,
Суып кетед кейде ішім.*

1997 жыл

НАРЫҚ КЕЛДІ ДЕГЕНШЕ

(Тұманбай Молдағалиевше)

*Нарық келді дегенше,
«Жарық» өлді дегейсің.
Әрбір үйде, ендеше,
«Жарықтық» шам көбейсін.*

*Нарық келді дегенше,
Газ құрыды дегейсің.
«Ораза ұстап», ендеше,
Вообще тамақ жемейсің.*

*Нарық келді дегенше,
Жылу жоқ қой дегейсің.
Күні-түні, ендеше,
«Жаңғақ шағып» жегейсің.
Нарық келді дегенше,
Айлықты ұмыт дегейсің.*





*Дамыл таппай, ендеше,
Тер төкпесең, кедейсің.*

*Нарық келді дегенше,
Жалқау «өлді» дегейсің.
Еті тірі, ендеше,
Қазақтарым көбейсін!*

1997 жыл

НЕ ЕТЕР ЕДІҢ?

(Мұқағали Мақатаевша)

- Арақ атым жоғалса, не етер едің?
- Мәңгілік сені іздеумен өтер едім.
- Нарқымды қымбат етсе, не етер едің?
- Ас ішпей түбі саған жетер едім.
- Отбасы шырқын бұзсам не етер едің?
- Ажырасып, қол сілтеп кетер едім.
- «Самопалмен» табыстырсам не етер едің?
- Сен тұрғанда ол пәледен безер едім.
- Бас жазарда табылмасам не етер едің?
- Су көрмеген қос еріндей кезеремін.
- Қайғы әкелсем басыңа не етер едің?
- Не етер едім, амал жоқ көтеремін.

1984 жыл

МӘРЗИЯҒА!

О, Мәрзия!

Менімен егіз бе едің?

Сен мені сезесің бе, неге іздедім?

Жабылған жалалардан сені іздедім,

Жағылған қаралардан сені іздедім.

Сені іздедім отқа май құйғандардан,

Алдап-арбап ел кезген сығандардан.

Сайран салып сайқалдық құрғандардан,

Сені іздедім тәнақы жиғандардан.





*Сені іздедім өсектен, аяңнан да,
 Әз-әзілден іздедім, шаяннан да.
 Сен бе дедім, Әзірейіл таянғанда,
 Әлем-жәлем бояумен боянғанда.
 Үркіп-шошып ұйқымынан оянғанда.*

*Кафелерден іздедім, көшелерден,
 Жарықтардан іздедім өше берген.
 Бойжеткеннен іздедім төсек көрген,
 Келінішekten іздедім өсекке ерген.*

*Сені іздедім көкектей аналардан,
 Жазығы жоқ тастанды балалардан.
 Беті ашылып тырналған жаралардан,
 Аиы сумен уланған саналардан.*

*Сені іздедім олақтан, салақтан да,
 Мән-мазмұнсыз өтетін сағаттан да.
 Сені іздедім Мәрзия, тағат бар ма?
 Сені маған кейіпкер ғып жаратқан ба?*

1994 жыл

МАСКҮНЕМ БОЛЫП БАРАМЫН

(«Отыздан асып барамын» әнінің әуенімен)

*Сұқтанып тұрып жанарың,
 Мордама неге қарадың?
 Көгерген көз,
 Мас болып,
 Шекіскеннен ғой, қарағым.
 Таусылмас, сірә, арағым,
 Таңырқа мейлі, қарағым.
 «Лекция» оқып әркімге,
 Көк мылжың болып барамын.
 Тыртығы тұр ма жараның,
 Рәпәтқа несін қарадың?*





*Шрамсыз жер жоқ денемде,
Маскунем болып барамын.*

*Кәйіп боп кейде қаламын,
Шалшық су іздеп табамын.
Айықтырғыштың «қонағы»,
БІлгі да өзім боламын.*

*Басжазар қайда, қарағым,
Көзіңмен не то қарадың.
Арақтан әкем өлгендей,
Ішуден жақсы талабым.*

*Солай да солай қарағым,
Таңқиып тұр ма танауым?
Басылмай пока «алауым»,
Мастықтан қиын тарауым.
Сол болса қайтем қалауың!...*

1998 жыл

БАСТЫҚ МАҒАН НЕ БЕРДІ?

*Ойлайыншы не берді бастық маған,
«Айлық» деп қапшық берді астық салған.
Бастық маған шер берді ішке бүгер,
Бастық маған тер берді үзер күдер.*

*Ризамын дей алман бастыққа мен,
Әдісі өмір сүру мастыққа тең.
Бір шекпеннен шыққан-ау барша бастық,
Жырменен күнәларын тауса алмадық.*

*(Жалғасы Мексика телесериалындай
ақырзаманға дейін бітпейді).*

1998 жыл





НЕ ҚЫЗЫҚ?

(Тұрмағанбет Ізтілеуов ізімен)

Бұл сайлаудың қызығы —
Елден дауыс жиғанша.
Байлық, дәулет қызығы —
Араныңды тыйғанша.
Әкімдіктің қызығы —
Қолға билік жеткенше,
Сұлу қыздың қызығы —
Неке түні өткенше.
Жаңа киім қызығы —
Сән мезгілі озғанша.
Жиналыстың қызығы —
Дау-дамайы қозғанша.
Партияның қызығы —
Тақтан құлап кеткенше,
Қарсыласын жоқ етіп,
Жермен жексен еткенше.
Қаулы-Қарар қызығы —
Дауысқа әкеп салғанша.
Газеттерде басылып,
Ұмыт болып қалғанша.
Бәйбішенің қызығы —
Бір ұл туып бергенше.
Екі қатын қызығы —
Ойрандарын көргенше.
Құдалықтың қызығы —
Қалыңмалын алғанша.
Жиын-тойдың қызығы —
Ішіп, естен танғанша.

Алуан осы қызықта,
Айтыңызшы мән қанша?!

1993 жыл



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





ПАРТИЯНЫҢ АРҚАСЫ

(Әнуарбек Дүйсенбиев ізімен)

*Зауыт тоқтап, үйлер жатса салынбай,
Одақ қалса шашылған бір тарыңдай.
Көл шөл болып,
Кепсе заман аңқасы –
Коммунистік партияның арқасы.*

*Киер киім, ішер тамақ таппасаң,
Ереуілдер жасап жүріп жақпасаң,
Социализм құлап...
Қалса қаңқасы –
Бұл да әлгі партияның арқасы.*

*Тілің сынып, салт-дәстүрді ұмытсаң,
Есіктерге салынса егер құлып сан.
Кері кетсе қоғамыңның әр тасы
Коммунистік партияның арқасы.*

*Айлық алмай, теңге жүзін көрмесең,
Шетелдікке әрбір сөзің «жөн» десең,
Өгізі өліп, сынса елдің арбасы,
Бұл да әлгі партияның арқасы.*

1993 жыл





БАҚЫТ ДЕГЕН НЕМЕНЕ?

(Жүмекен Нәжімеденовше)

Бақыт деген немене?
Сауда ме екен деп қалам.
Әр килограмм үстінен,
Үш жүз грамм жеп қалған.
«Сауда бүгін жүрмеді»,
Деп ешкімді сөкпеңіз.
Алыпсатар көбейсе,
Орынсыз бұл өкпеңіз.
Бақыт деген немене?
МАИ-ме екен деп қалам.
Әр бекеттің түбіне,
КамАЗ керуен тоқтаған.
– Мені елемей жіберген
МАИ-дікі жөн емес.
– Полевальщик тұрғанда,
Өзге көлік қол емес...
Бақыт деген немене?
Рәкет пе екен деп қалам.
Теңге алмаса базардан,
Тапанишасын оқтаған.
– Рәкеттен де теңге алар,
Мафиоздар қайда екен?
– Төрт дуалы темірден,
«Демалатын» жайда екен.
Бақыт деген немене?
Жезөкше ме деп қалам.
Әр жігітпен бір жүріп,
Мың жігіттен ықпаған.
– Қанағатты білмейді,
Жаны оның темір ме?
– Ауылынан бай таппай,
Туіп кетті негрге.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ

1993 жыл





ШОЙЫН ҚАРА КЕМПІРДІҢ ЗАРЫ

*(Жақсылық Сәтібеков ізімен,
«Қара кемпірдің зары» әнімен)*

*О-о-о-о, Дүние-ай!
Қос ессіз Виноқұлым, Тостығұлым,
Бас жарып, көз шығарған қос шыбыным.
Қырық жыл аңыраған сорлы анаңның,
Зарына құлағыңды тосшы бүгін.*

*Қырық жыл тасып жүрмін шарабыңды,
Бірің де демедіңдер анам мұңды.
Спирт ап дүңгіршектен сақтап жүрмін,
Самапал улатар деп қарағымды.*

*Түрменің сендер жатқан бекеті көп,
Мың тәуба, бірақ оның рәкеті жоқ.
Қылмысты өз қолыңмен жасап алған,
Мойныңмен көтерудің сөкеті жоқ.*

*О-о-о-о, жалған-ай!
Виноқұл, Тостығұлым, қарақтарым,
Басжазар табыла ма арақтарың?
«Қос ұлым ішіп кеткен атау» ед деп,
Жүремін шөлмектердің санап бәрін.*

*Сендерсіз мына қу үй қыстай екен,
Арақты жұрт ішкенмен құспайды екен.
Зәһарды ел секілді іше алмаса,
Түрмеге жатпас бұрын қыспай ма екен?!*

*Қара шаш аппақ бүгін қырау болды,
Теңге жоқ, елден қайыр сұрау болды.
Әр күнім зона есігін көзбен «бағып»,
Әр түнім сендерді ойлап жылау болды.
О-о-о-о, жалған-ай!*





*Көңілім мұнша неге қоңырлайды,
Сен түгіл малды да олай қорымайды.
Виноны қайнататын қазандарға,
Қос қозым неге тегін шомылмайды?*

*Мен қайда, сендер жатқан қиыр қайда,
Беретін пара орнына сиыр қайда?
Рахымы түсіп кетіп Тәңірімнің,
Ертерек амнистия бұйырмай ма?*

*Қамауда қос шыбыным бұрге жоқ па,
Шығар-ау, жегендерің күнде ботқа?
Виноқұл, Тостығұлым шығып қалар,
Бір барып қайтайынышы түрме жаққа.*

1997 жыл

БАҚЫТ ДЕГЕН НЕ?

Коммерсант:

– Көтеріп тауар алу.

Кооператор:

– Мейлінше қармап қалу.

Саудагер:

– Тиыннан ақша құрау.

Қайыршы:

– Халықтан қайыр сұрау.

Дәрігер:

– Ақылы адам емдеу.

Дүкенші:

– Таразыдан мысқылдап «жем» жеу.

Жолсерік:

– «Қоянның» көп болғаны.

Жүргізуші:

– МАИ-дың жоқ болғаны.

Үкімет:

– Халықтың тоқ болғаны.

Автордан:

– Сөзімнің жоқ жалғаны.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ

1991жыл





КІМ ҚАЛАЙ СҮЙЕДІ?

*МАИ сүйер шопырын «тентегім», – деп,
– Бұл бекеттен өтеді кім тегін? – деп.
Жолсерік сүйер «қоянын» нәпақам, – деп,
– Стансаңа кез-келген апарам, – деп.*

*Негр сүйер аруды «ермегім» – деп,
– Тәнақыңды қолма-қол бергемін, – деп.
Бастық сүйер кассирін «қарағым», – деп,
– «Жылу жина» курортқа барамын, – деп.*

*Шалы сүйер тоқалын «ардағым», – деп,
– Бәйбішемді сүйген боп алдадым, – деп.
Әкім сүйер хатшысын «асылым», – деп,
– Орта жолда кездескен ғашығым, – деп.*

*Ұстаз сүйер шәкіртін «көкешім», – деп,
– Көк қағазбен сынақтан өтесің, – деп.
Рәкет сүйер базарын офисім – деп,
Саудагерге сарқытымды шоқисың деп.*

Бұл сүюден, оқырман шошисың тек.

1998 жыл





ҚАЙРАН ҚАЛАМ

(Исраил Сапарбаевтың
«Қазақ қызы» әнінің әуенімен)

*Мен қазақ басшыларға қайран қалам,
Пара алар кездерінде жайраңдаған.
Мекеме есігіне құлып салып,
Шетелде «Лимузинмен» сайрандаған.*

*Билігін бермеу үшін жатқа қолдан,
Таныспен әуірімдеп таққа қонған.
Халықта ыза-кек бар шетсіз-шексіз,
Басшы жоқ кіре-тұғын сапқа оңған.*

*Жасырмай айтар болсам жан сырымды,
Басшылар қаламыма қанша ілінді.
«Халықтың қамы ғой» деп шапқылайды,
Жарылқап қойды сонда айтшы кімді?!*

*Белгілі, жан емессің кен қазатын,
Байлықтың татып жүрсің ең ләззатын.
Бәрін айт, бірін айт та, лайықсың,
Тұрмыстық пародияға мен жазатын.*

1998 жыл

САУДАГЕРДІҢ САНАМАҒЫ

*Бір дегенім – базар,
Базар құған озар.
Екі дегенім – есеп,
Ебін тауып жесек.
Үш дегенім – үйім,
Үйімде жоқ күйім.
Төрт дегенім – тараз,
Таразға халық араз.
Бес дегенім – байлық,
Ғайып болды айлық.*





Алты дегенім – асау,
 Айламен ақша жасау.
 Жеті дегенім – желеу,
 Зат өткізу дереу.
 Сегіз дегенім – салық,
 Салыққа Үкімет қарық.
 ТОҒЫЗ дегенім – тауар,
 Қытайдан тауар жауар.
 Он дегенім – олжа,
 Олжа түбі – «Волга».

1998 жыл

КІМ АЙТТЫ?

(Табылды Досымовтың ізімен)

Атам айтты: «Егемен ел болдық» деп,
Әкем айтты: «Үй күшік ер болдық» деп.
Мен айттым: «Қатындардан кем болдық» деп,
Ұлым айтты: «Шетелге жем болдық» деп.
Бастық айтты: «Ауа да меншігім» деп,
Әулие айтты: «Рак жазар емшімін» деп.
Мен айттым: «Жаңа қоғам орнатам» деп,
Заңгер айтты: «Сорынды қайнатам» деп.
Атам айтты: «Дініміз тірілді» деп,
Әкем айтты: «Тіліміз іріді» деп.
Мен айттым: «Өзім көрем күнімді» деп,
Ұлым айтты: «Өшірер үніңді» деп.
Атам айтты: «Аруақтар жебесің» деп,
Әкем айтты: «Жер алсаң емерсің» деп.
Мен айттым: «Салықтарды төлерсің» деп,
Ұлым айтты: «Қарыз боп өлерсің» деп.
Ойым айтты: «Басқа салса көнесің» деп.

1998 жыл





ПАРОДИЯ



©





ЕГЕР...

*Бұлтқа айналып кетсем, шіркін мен егер,
Тұрар едім жаңбыр болып себелеп.
Гүлге айналып кетсем, шіркін мен егер,
Қонар еді небір әсем көбелек...*

*Найзағайға кетсем егер айналып,
Біреулерге келемін-ау, қайғы алып.
Құсқа айналсам, қырғауылға, мысалы
Жан-жағымның болар бәрі құс әні...*

*Бірақ, бірақ...
Найзағай боп не керек?!
Қырғауыл боп не керек?!
Не ғылайын жаңбыр болы себелеп?!
Неге қажет ұшып қонған көбелек?!
Жарық дүние ақыл-оймен өлшенбек,
...Соның бәрі армандайтын шығар-ау...
«Шіркін, АДАМ болсам!» деп,*

**Ибрагим ИСА,
«Жас алаш» 10-қаңтар,
1992 жыл.**

*Жырға айналып кетсем, шіркін мен егер,
Оқырманым кетер еді сын тағып.
Сынға айналып кетсем шіркін мен егер,
Өз-өзіме қалар едім шын налып.*

*Сыншыларға кетсем егер айналып,
Ақындарға келемін-ау қайғы алып.
Осы өлең гонорарға айналып,
Авторына қайтар еді-ау пайда алып.*

*Бірақ, бірақ... Жырға айналып не керек?!
Сынға айналып не керек?!
Неге қажет оқырыманды жындантып?!*



*Не ғылайын өз-өзіме шын налып?!
Шығармалар ақыл-оймен өлшенбек,
Соның бәрі армандайтын шығар-ау,
«Нағыз АҚЫН болсам!» деп.*

КЕНТАУЫМ — ШЫМКЕНТТИҢ ІНІСІНДЕЙ

*Шын қыран болсаң қырдан жыр шаласың,
Көз салып қадамыма тұршы, алашым!
Кереметтер көрмесі секілденген,
Қазақтың мекен еттім үр қаласын.*

*Құйқалы қыратының торғын үсті.
Ұланы саумал жұтып, мөлдір ішті.
Кентауым — Шымкенттің інісіндей,
Салдарлы, сан-саналы өндірісті.*

*Шетінен ту көтерген алып бәрі,
Сапалы фабрика, зауыттары.
Шахтасы әрбір жылы рекордпен,
Әлемге атақ-даңқы шарықтады.*

*Ел болдық егеменді жайған жиек,
Мол ырыс ынтымақсыз қайдан келмек?
Ағаға Шымкенттегі арқа сүйеп,
Бұл Кентау гүлдей бермек, жайнай бермек.*

Қуандық
МЫРЗАҚАСЫМОВ.

«Мүшәйра — 92» жинағы, 57 бет.

«Қосай» баспа фирмасы, 1993 ж.

*Шын сыншы болсаң жырдан сын шаласың,
Әрбір өлең, теңеуден мін табасың.
Ағасы бар Шымкенттей, Алматыдай,
Кентау іні ақын етті бір баласын.*





*Шетінен ақындардың алып бәрі,
Тұшымды жыр бірақ жазып жарытпады.
Ошақтарын өндіріс мақтайды кеп,
Тұрса-дағы қаңтарылып зауыттары.*

*Шахта менен зауыттар тоқтап күшті,
Жұмыссыздар наша тартып, «ақтан» ішті.
Кентауым — жұмыссыздар ордасындай.
Көрмедім сіз айтқандай мақтау істі.*

*Шын ақын болсаң жырдан сын шаласың,
Көз салып Қуандыққа тұршы, алашым!
Елімізде ағасы көп қала ақыны
Ресейдің де аға етпесін бір қаласын.*

ТӨРТТАҒАН

*Ойсыз жырын оқуына кім себеп?
Мен ойладым «жайына бұл жүрсе» деп.
Ашығып кеп, дәмді тамақ орнына,
Су ішкендей болады адам бір шелек.*

**Тұрсынзада
ЕСІМЖАНОВ,**

**«Ұрпақ анты», өлеңдер мен поэмалар жинағы,
195-бет, «Жалын», 1986 жыл.**

*Ойсыз жырын жариялауға кім себеп?
Мен ойладым «сынишы қаптап жүрсе» деп,
Толғам, толғау, төрттағандар орнына.
Жыр жазыпсыз «пародистер күлсе» деп.*

*Мәнсіз жырды жариялауға кім себеп?
Жарияланар,
Тамыр-таныс жүрсе тек.
Құрт жеп тұрып, сыра ішудің орнына,
Су ішкендей болдық біз де бір шелек.*





ЧАРЛЬСТОН

*Чарльстон! Чарльстон!
«Көңілді би» дейді.
Тебініп бар күшпен,
Емініп билейді.
Ызалы ыршып тән,
Шоршиды жалықпай,
Аудан тұншыққан,
Ақтыкөз балықтай.
Құлақты қабады.
Жабыршақ жәбір үн...
Білмейді балықтар,
Ауаның қадірін.*

Дүйсенбек ҚАНАТБАЕВ.
«Таңның атысы, күннің батысы»
жинағы, 28 бет.
«Жалын» баспасы,
1989 жыл.

* * *

*Балықтар билейді,
Шоршып кеп бар күшпен.
«Көңілді би» дейді.
Чарльстон! Чарльстон!
Дүйсеке ып-ырас.
Сөздің жоқ жалғаны.
Ауаның ып-ылас,
Қадірі қалмады.
Теңеуді таба алдың,
Жаз өлең, жалықпа!
Қадірі ауаның,
Қажет пе балыққа?!*





ТАҢДАНУ

*Таңданам құбылыстың бәріне де,
Табиғаттың алуан әріне де,
Таңданам сылқым сиқыр сұлуға да,
Таңданам сәбиге де, кәріге де.*

*Қайран қалам,
Есінен шықса қайғы,
Өздерін жұрттың бәрі нық санайды.
Таң қалам
Жер бетінде сан топас бар,
Олар да бір-біріне ұқсамайды.*

Қайрат ЖҰМАҒАЛИЕВ,
Қазақ совет поэзиясының антологиясы, II том. 383 бет,
«Жазушы» баспасы, 1977 жыл.

* * *

*Таңданам ақындардың бәріне де,
Қайреке, өлеңіңнің мәні неде?
Таңданасың сылқым сиқыр сұлуға да,
Таңданасың сәбиге, кәріге де.*

*Нашар өлең жинаққа тықпалайды,
Ақындар және өздерін нық санайды.
Таңқалам, ақын жазған осы бір жыр,
Жүректен шықты деуге ұқсамайды.*

ЕГІЗ ШУМАҚТАР

*Білмейсің ызғарлы,
Мінезін еркектің
Жел-етек қыздарды.
Келеді бір тепкім!
Жақсы да сезім — гүл,*





Жайнаған кезің бұл,
Жалғассаң өзің біл,
Жармассаң өзің біл!

Әмзе ҚАЛМЫРЗАЕВ,
«Арман қуып адассам кешір мені» жинағы.
43-бет, Алматы,
«Демеу» баспасы, 1991 жыл.

Білемін ызғарлы,
Мінезін ақынның.
Тебем деп қыздарды
Бұл сынға шатылды.

«Сүйем» деп құлаттың,
«Күйем» деп жылаттың,
Бір теуіп сұлаттың,
Тәртіпке дәл мұндай
Көнеді бірақ кім?
Ақыннан тумақ па?
Талаптан жырақ тым
Ортанқол шумаққа.
Түреді құлақ кім?!

Жақсы да сезім – гүл,
Шабытты кезің бұл.
Төнсең де өзің біл,
Көнсең де өзің біл!

ТУҒАН ЕЛ

Ақтарыла айтам деймін ашылып,
Туған елім, тек өзіңе бас ұрып.
Айтарыңды айт дегендей жасырмай,
Соқты жүрек дүрс-дүрс етіп асығып.

Гүлсім СЕЙІЛЖАНОВА,
«Жүрегімнің айнасы» жинағы, 87 бет,
«Жазушы» баспасы, 1986 ж.





* * *

*Жырға деген ынтық жігер басылып,
Жүрміз мықты теңеулерге «ашығып».
Өлең шіркін туса екен жүректен,
Соқса- дағы дүрс-дүрс етіп асығып.
Табынбаймыз нәрсіз жырға бас ұрып.*

ӨСІРГЕН МЕНІ ПАҢ ДАЛАМ!

*Өмірге келді, өмірге келді сан бала,
Тылсым дүниенің есігін ашты таңдана...
Мені де анам әкелді жарық әлемге.
Бірақ та мені өсірді мынау паң далам,*

*Күн мені сүйіп: «Аппағым, — деді, — аппағым!»
Қытықтап самал, бесікте тыным таппадым.
«Туіл» деп алғаш ұмтылдым мұнар тауларға,
Тәй-тәй адымдап даланың шөбін таптадым.*

*Кұлынмен шауып, ақша бұлтыңмен жарыстым,
От алдым өткір көзінен қайсар барыстың.
Үлгі алып өстім құдірет тұнған жартастан,
Содан ба бәлкім көзімде менің бар ұшқын.*

*Туды ғой анам, өсірген бірақ паң дала,
Жақсылықтарды ұмытар, бәлкім аң ғана.
«Қай бала мынау?» деп сұрап жатса әлдекім.
«Дала қызымын» дегім келеді паңдана.*

**Танакөз ІЛИЯСОВА,
«Жас алаш», 29 қараша 1994 жыл**





*Өмірге келді, өмірге келді сан бала,
Дүние есігін ашты ұры адамдай таңдана...
Мені де біреу тастаған екен детдомға,
Мені де бірақ өсірді сол паң дала.*

*Қарғалар сүйіп «Аппағым, — деді, — аппағым!»
Ламбада билеп, бесікте тыныш жатпадым.
«Долямды бер» деп рекеттерге ұмтылдым,
Шөпті айтасың-ау, долларды мен таптадым.*

*Ботамен шауып, тарелкалармен жарыстым,
Шылым тұтаттым көзінен өткір барыстың.
Үлгі алып өстім жарқ-жүрқ еткен жасыннан,
Содан ба бәлкім көзімде менің бар ұшқын.*

*Туды ғой анам, өсірген бірақ паң дала,
Жақсылықтарды ұмытар, бәлкім аң ғана.
«Қай бала мынау?» деп сұраса оқырман,
«Ақын қызбын» деп қалма, жаным паңдана.*

КІМГЕ ЖАҢЫЛЫСПАУ КЕРЕК?

*Есеп шығарып тұрған мұғалім жаңылысты,
Қайтесің?*

Түзетсін дедік қатесін.

Сауда жасап тұрған сатушы жаңылысты.

Қайтесің?

Түзетсін дедік қатесін.

Шахмат ойнап отырған шахматшы жаңылысты.

Қайтесің?

Түзетсін дедік қатесін.

Машинка басып отырған машинистка жаңылысты.

Қайтесің?

Түзетсін дедік қатесін.

Жол жүріп келе жатқан шофер жаңылысты.





*Қайтесің?
Түзетсін дедік қатесін,
Түзете алмайды ол қатесін, опат болды.
Демек,
Шоферге еш жаңылыспау керек.*

**Ескен ЕЛУБАЕВ,
«Жетісу» газеті, 28 қараша 1991 жыл.**

* * *

*Өлең жазып отырған Ақын жаңылысты,
Қайтесің?
Түзетсін дедік қатесін.
Машинка басып отырған машинистка жаңылысты.
Қайтесің?
Түзете алмайды ол ақын қатесін.
Өлеңді терімге жіберген Редактор жаңылысты.
Қайтесің?
Түзету керек еді қатесін.
Өлеңді оқып отырған пародист жаңылысты,
Не етесіз?
Пародия жазбаған пародист те онда жетесіз.
Демек,
Ақынға еш жаңылыспау керек.*

ҚАРАУЫЛ – ҚАРА ОЙ

*...Қарауыл – Қараой. Қарой – Қарауыл,
Қара ауыл – қара ой,
Қара ой – қара ауыл!..*

Мейірхан АҚДӘУЛЕТҰЛЫ
«Дәруішнама» жинағы, 105 бет.
«Ғылым» баспасы, 1996 жыл.





ЖАҢЫЛТПАШ

Қараөлең – Қарой, Қарой – Қараөлең,
Қара өлең – қара ой.
Қара ой – қара өлең!..
Мейғаға өлеңін
Жұмбақап жазады.
Оқырман керегін
Қай ойдан «қазады»
Мен бірақ сенемін.
Жоқ ақын шатағы.
Қара өлең – қара ой,
Қара ой – қара өлең!..
Шумақ пен шатпақтың,
Жаңылтпаш – бәрі өлең.





Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ





ӨРІП ӘЛЕМІ

(Тіл сындыру)



6





АЛТЫ АЛАШТЫҢ АТПАЛ АЗАМАТЫ

Ассалаумағалейкум, арыстандай айбатты, абадандай ардақты, айдауылдай айбарлы, алдаспандай айбынды, алты алаштың атпал азаматы – Айтмахан Абдраманұлы Ахметжан!

Асқар Алатау аумағындағы Алматыдан арқар ауған арқадағы Астанаға ауысыпсыз. Алматыда айбалта асынып, айдарлы адам атанғаныңызбен, ажуашыл айлакер адамдар айдаһардай аранын ашып, адымыңызды аштырмады. Адал ағартушы, асыл адамзатты адуынды адамдар азғырып, азаптағаны айқын. Ал арайлы Астанада атақ-абыройыңыз артатыны анық. Алайда айдың аманында ағайынды адастырып, артынып-тартынып, абылып-сабылып арқаға ауғаныңызға ауылдың ақсақалдары, аймақтың абыздары, ардақты ажалары, айтулы азаматтары, ата-аналар, ажарлы абысын-ажындар айтарлықтай абыржулы. Ағымдағы азын-аулақ ақпаратты айбақ-сайбақ, ағал-сағал, айғыз-айғыз автографпен айшықтағанымды айыптамаңыз. Аманатты авиабайланыс арқылы аттандырамын. Алда-жалда аманатты алмасаңыз, айтарсыз.

Айтпақшы, абжыландай адыраңбай адамдардан азаттық алғаныңыз айрықша абырой. Асылында, арандатушылардан аулақтағаныңыз абзал. Айыпкер-арызқойлар анықталып, айтыс-тартыс аяқталады. Айтақшыл арам адамдар айдаланы айкезбедей айналып, абыройдан, абиырдан айрылады. Айтса айтқандай, азғындарды аластағаныңызға ақсарбас атаңыз.

Аспандағы айдай асыл азамат Айтмахан Абдраманұлы!

Адал, ақылгөй, азулы ақсүйек адамсыз. Аса Асанқайғыланбаңыз. Ауыл-аймақтың арыстай, алпамсадай арлы





азаматтары аламандап, Алматыға алдыратыны Аллаға аян. Абыройыңыз асқақтап, аспандасын! Айтқаным айдай анықталсын! Аумин!

**Аманатты А-мен айшықтаған
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**



ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН ӘУЕЛЕТ

- Әй, Әмина!
- Әу, Әлима әже.
- Әудемде әбдестені әкелші.
- Әзиз әжеме әбдестені әкелуге әлекедей әзірмін.
- Әуеле, әкем! Әрдайым әженді әспеттейсің. Әрқашан әулетің әлейленсін! Әлләу Әқбар!
- Әмин, әже!
- Әзірет әулетінді әлемге әйгілесін!
- Әмин, Әлима әже!
- Әкебас, әбдіредегі әмиянымды әперші.
- Әзір, әже.
- Әп-сәтте әкелдің, әкежан. Әрі әдемі, әрі әсем, әрі әселдей Әминама әйбат әшекей, Әйгерімдікіндей әліппе, әтір, әткеншек, әңгелек әперемін.
- Әуреленбеніз, әже.
- Әрине, әуреленбеймін. Әжең әлі әлеуетті, әлді, әнжемді. Әнегүні Әсия әумесер әрең-әрең, әнтек-тәнтектеп, әкімді әрекелеуге әрекеттенді. Әсия – әлимсақтан әуейі, әдепсіз, әңгүдік.
- Әсия – әпербақан әже.
- Әлбетте. Әркез әркімге әңкілдеп, әңгіреді, әкірендейді.
- Әшіркүл әжеймен әмпей-жәмпей.
- Әзелден әкей-үкей әм әріптес, әзәзіл әрі әздек. Әй-буу, әрнені әңгімелегенім әбестік.





Сандалған сауал



- Әй, Әмина, энебіреу, ә-ә-әлгі...
- Әсте, Әмір әкем...
- Әй, Әмірмісің?
- Әбдібектің Әмірімін, әже.
- Әссалам...
- Әлейкүмсалам.
- Әл-қуаттысындар...
- Әл-ауқаттымыз. Әйтеуір әлейім-тәлейім, әлім-берім, әлек-шәлек, әбігер әлем.
- Әлі әділқазымысың, әлде әккі әкімбісің?
- Әлхамдиллә, әділ әкіммін, әділетгімін.
- Әйдай, әйткенмен әкендей әйдіксің. Әсте-әсте әлемге әйгіленесің. Әруақытта әлеуметтің әлеуетін әуелетіп, әркез әлсіздерді, әлжуаздарды әспетте, әдепті әз әйелдерді әлпеште. Әсіресе әулие-әнбиелерді әлемге әйгіле.
- Әумин, әже. Әманда Әқбардың әмірімен әлденіп, әдеміленіп, әрленіңіз.
- Әмин, Әмір, әкем!

Әңгімені Ә-мен әрлеген
Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ



БИ-БАТЫРЛАР БАЯНЫ

Бөгенбай, Болатбек, Болысхан, Бегімтай, Білөл, Батыржан, Бекназар – бәрі Бөкейхан Байтұрсынұлының бауырлары. Бұлардың бабалары – Бекарыс Бақкелдіұлы. Бұның бабасы баяғыда бай, бек, би, батыр, болыс болыпты. Бас-аяғы балғадай бұл батырлар – бас-басына бастық, байбатша болған бағландар. Бекзадалардың бет-бейнесін баяндап берейін.

Бөгенбай – бүгінде белгілі бір басылымның бастығы. Бұрын бірнеше баспаларды басқарған. Баспасөз





беттерінде бірнеше батыл бастамалары басылды. Байсалды бәйбішесі Баршагүлден бес баласы бар. Бақыты баянды болсын, бұдан бөлек, бес баланы басыбайлы бауырына басты. Боздақтарының бәрі білімді, бәденді . Бір баласы – бәдізші . Бейбарысы бәйгені бермейді. Босағасына бекеуіл .

Болатбек – беделді бір биржаның басшысы. Бағамды, байыпты, бақуатты. Байғұс Бәтима бәйбішесі бедеу, бірақ балажанды болатын. Бақсы-балгерлерге барып, бір бала босанып, бақытқа бөленді. Бұйырса, барынша балалы болуға бел буды. Бүлдіршіні «Балапан» балабақшасына барады. Басқа-басқа, бұл бәйбішенің бітім-болмысы бөлек. Басжақсының барлығы – Бәтима бәйбішенікі. Басына бақ байлансын!

Болысхан – бажыханада бақандай бажгер . Балқадиша бәйбішесі байының бабын біледі. Балдырғандары – бойдақ, бойжеткендері – болымды, биязы. Бай-манап бабалары бата берген. Балағат, бақастық, бақталастық, басбұзарлықтан бейхабар.

Бегімтай – банкнот басатын баспахананың бастығы. Бес баласының бес баспанасы бар. Бау-бақшасы, бильярдныйы, бассейні бөлек. Басында бағы бар Балжан, баспанасында байы болмағанда, бәйбішелерге барымен базарлатып бастаңғы береді. Базбіреулердей бақшаңдап, бақырып, бақылдап, байбаламдап, бажылдап, базданбайды. Бәрін боямасыз байымдап, бағамдайды.

Біләл – Батағаның басшысы. Бақ-берекелі, бейнетқор, баталы бала. Бекіре баптайтын бекінісі бабында. Бет-беделі, бет-бедері бекем болсын! Балымша бәйбішесінің бірнеше бөбектері бар. Балдыз-бажалары баршылық.

Батыржан – білімді, білікті банкир. Бет-бейнесі белсенділігінен беп-белгілі. Бар болғыр, барша бауырларына, бағусыз-қағусыз балдырғандарға барқадырынша байлығымен бөлісіп, бас-көз болды. Балақайларға базарлыққа байрақ, байдарқа, банан, балмұздақ, батсайы , батпырауық, байпақ, барабан, бауырсақ берді. Бәрекелді! Бірнеше бапандай балғындары бар. Банкісі банкрот болмасын!





Бекназар – бетегеден биік, бесаспап базарком. Болмыс-бітімінде бекзадалық бар. Балауса бәйбішесінен бекбикелік білінеді.

Боларда-болмай барлық балаларына «Болашақ» бағдарламасы бойынша Британияда білім бергізді. Бойжеткендерінің бірі – биші, бірі – балерина. Балиғаттағы бикештері бейуақта бөтен босағаға бармайды. Бақ-берекесі берік болсын!

Бөкейхан Байтұрсынұлы бауырларының босағасына бақыт бұйырсын!

**Б-мен баяндаған
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**



ҒҰМЫРЫ ҒИБРАТТЫ ҒҰЛАМА ҒАЛЫМДАР

Ғабит Ғайсаұлы Ғафур, Ғаббас Ғабиденұлы Ғұбайдолла, Ғазиз Ғайыпзадаұлы Ғалиакбар, Ғани Ғафуұлы Ғұмар – ғасырлас ғалымдар.

Ғабит Ғайсаұлы Ғафур – ғұлама ғалым. Ғұмыры ғибратты ғалымның ғылыми-көпшілік, ғылыми-техникалық, ғылыми-фантастикалары ғаламат. Ғарыш, ғарышайлақ, ғарышжай, ғарышкер, ғарыштық, ғарышкерлік ғылымдары, ғарышнамадары ғажап.

Ғаббас Ғабиденұлы Ғұбайдолланың ғаламдық, ғайыптық ғазалдары ғажайып. Ғаббастың Ғайып ерен, ғайыбана, ғайыптық ғазалдары ғаламға ғарыштады. Ғылымды ғалым.

Ғазиз Ғайыпзадаұлы Ғалиакбардың ғазуат, ғарасаттық, ғұрыптық ғақлиялары ғанибет. Ғылыми ғимарат, ғибратхана, ғибадатханаларды ғибадаттау – ғұрпы.





Ғани Ғафуұлы Ғұмардың ғибадаттық, ғұламалық, ғұрыпшылдық ғылыми-зерттеулері ғылымпаздарға ғибрат.

Ғұмыры ғибратты ғасырлас ғұлама ғалымдардың ғазал, ғақлиялары ғылымға, ғаламға ғинаят . Ғалам ғалымдары ғажаптанды .

**Ғ-мен ғажайыптаған
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**



ДӘРІСІ – ДӘРУ, ДӘРМЕГІ – ДАУА

Дайрабай Досмырзаұлы, Дүйсенқұл Даниялұлы, Дархан Дәулетиярұлы, Дастан Досанұлы, Дәрмен Дәулеткерейұлы, Дамир Дінмұхаммедұлы, Дәуітбек Дулатұлы, Дүрәлі Дулығаұлы – дәуірлік дос-жарандар.

Дайрабай Досмырзаұлы – дана да дара депутат. Денелі, дидарлы. Даңқты, дақпыртты, дәулетгілермен дос. Дүлей, дүмбілез, даукес, дарақы, делқұлылармен дүрдараз. Депутаттардың дарабозы.

Дәуіріміздегі девальвация дүйім депутатты дүрліктірді. Демократия дегенмен, депутаттардың дау-дамайға дәті дауаламайды.

Дағдарыс дамыған дәй державаларды да дінкелетті. Дуалы диктаторлар да дегдар, деркүмәнді.

Дүйсенқұл Даниялұлы – Делиде дипломат. Дүниетанымы дамыған, дипломатиялық дәреже-деңгейі дардай. Дау-жанжалды дауылдатпай, достықты дамытуға дәйекті, дәрменді.

Дархан Дәулетиярұлы – дырдай дәрігер, дерматология доценті, докторлық диссертациясы дайын. Дерттің диагнозын дақпа-дақ, дәлме-дәл долбарлайды. Дәріханада дәрмене , долана, дерменеден дәрі-дәрмек дайындайды. Дәйім, дәрісі – дәру, дәрмегі – дауа. Диеталық дәмханадан дәмденеді.

Дастан Досанұлы – депоның дардай директоры.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал



Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ

Дағдарысқа дейін Дастанның да, депоның да даңқы дүрілдеді, дүркіреді. Депо директорына дұшпандары дінгірлеп, дікендеді. Дүлейлер ділмарланды. Дүмшелер дікілдеді, дікектеді. Дару-дарымшылар дуалады. Дайынсыздар дандайсыды. Доылар долданды. Дарылдақтар дарылдады. Дарақылар даурықты, доңайбаттанды. Дөрекілер дөкірленді. Дос-дұшпан дүрлігісті. Даугерлер де, даукестер де дерек-дәлелсіз даурығып, далақтағандары даусыз.

Дастан дабдырады, дамылсыз дайрақтады, дедектеді. Денсаулығы дімкәстанды. Дәуде, датқаларға дәлелді дәйектемелер дайындап, діттегенін дөптеді, дәлелдеді. Даруғашы да, Датқалар да Дастанды демеді. Депо директорының дәурені демде дәуірледі. Дені дереу диланды.

Дәрмен Дәулеткерейұлы – даңқты да дарынды дирижер. Даңғыр-дүңгір, даң-дүн, дағыра, дудыға, дутар, духовой, джаз, даңғыраға даңғайыр. Дубайдағы дирижерлер додасының дүлдүлі. Дамаск, Душанбедегі дүбірлі додалардың додагері.

Дамир Дінмұхаммедұлы – діндар, дін департаментінің директоры. Ділі, діні – дүрдей, дыңдай. Дін департаменті – диуана, дәруіштердің дәнекері, демеушісі. Дамирдің дұғасы – дуалы да дауалы.

Динар, доллар, ділдә, дүние-мүлікке дүрдараз. Дап-дайын дәруіш.

Дәуітбек Дулатұлы – дарынды да дара драматург. Драмалық дүниелері – деректі, дәйекті, дәлелді. «Дағдарыс», «Дәуірнама» деген дилогиясы дилы. Дәуітбек даңктан дәмелі.

Декабрьдің дүйсенбісінде дала данышпандарымен, данагөйлерімен, дүйім дуанбасылармен дидарласты.

Дәуітбектің достары «Дарынды драматург» деген диафильм дайындапты. Диас датқа дастарқан даярлады.

Дүрәлі Дулығаұлы – дәмата. Дәулескер домбырашы. Доха, Детройт, Джакартадағы додалардың дүркін-дүркін дипломаты. Дәмханадағы ду-думандарды, ду-дүрмектерді дүркіретіп, дүрілдетіп, дуылдатып, дүбірлетуге дәндеді.





Дайым, думан-дырдуларда дәстүрді дәріптейді. Дүйсенбіде думан-той доғарылады, Дүрәлі де демалады.

Дәуірлік дос-жоралар дулы да дүбірлі, дөңгеленген дүниеде ду-дулап, думандатсын!

**Д-мен дөңгелете дайындаған
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**



ЕЛ ЕРІН ЕСІРКЕСІН!

Ержан Ернұрұлы Ернар – еңбекпен ерте есейген, елге елеулі, еңбегі еленген есіл ер. Егемен еліміздің еңбек екпіндісі. Ежелден егістікте егін егіп, ешқашан ешкіммен есептеспей, елден ерек еңбек етті, ерекше ебсектеді. Елдің ертеніне елендеді. Ешбір ескерту естіген емес.

Еңбекқор Ержан Ернар ерке-тотай, елірме, ез, есепшіл, ебдейсіз, есерсоқ, есалаң, езбе, езмалта, еміншек, есер емес. Екібастан егдем , егей , елгезек. Ешкімге едірейіп, ежірейіп, екіленіп, еліріп, ежелеспейді .

Егіндікте ешкісабақ, егеуқұйрық, ешкісасыр, ешкітал, есекқұрт, ешкіөлмес, есекмия, ешкібұршақ, ешкіемер есепсіз екен, екі еселеніпті. Еңгезердей еңбекшіл ер ежабыл, ебіл-себіл ебелектеді, егейлесті. Ел ерлері елендеп, елбесіп-селбесіп ебсектеді, елпендеді. Есекмияның, ешкібұршақтың егістікте ендігәрі екі еселенуі – екіталай. Енді егін едәуір ен-тегінденеді. Елдің естияр ерлері, есті егейлері Ержан Ернұрұлының ерен еңбегін ескеріп, Елбегі етті. Емендей еңселі еңбекқор ер ерледі. Елі – еріне, ері – еліне елжіреп, еміренді, еметайы езілді.

Егемен еліміздің ертеңі – Елбасымен, Еңбек Ерлерімен еңселі екенін ескерейік. Ендеше ел ерін, ер елін еркелетсін, есіркесін!

**Е-мен елеп-екшеген
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**





Ж

ЖАЛҒЫЗДЫҚ ЖАРАТҚАНҒА ЖАРАСҚАН

Жидебайдағы жылқышы Жұмағұл Жұбанұлы Жандарбек жаздың жанға жайлы жылысында жылқыларын жайлауда жаяды. Жайдақ жерге жылқы жайылмайды. Жұмағұлдың жайлауласы – Жандос жылқыларын жапсарлас жайластырды. Жайлаудың жері – жәннаттай жанға жайлы. Жазғытұры жылқышылар жайлауға жата жабысты. Жұмағұлды, Жандосты жамандаған жансыздар, жадыгөйлер жағы жағына жүкпады, жала жапты, жан-жақтап жанжалдасты. Жасаған жап-жасыл жерді Жұмағұлға, Жандосқа жаратыпты.

Жалпы, Жұмағұл Жұбанұлы – жүзі жарқын, жайма-шуақ, жайдары, жайсан, жомарт жан. Жұртқа жалынып-жалпайғанды, жалбарынғанды, жағынғанды, жағымпазданғанды жаратпайды.

Жалғыздық Жаратқанға жарасқан. Жұмағұлдың жалғызсырайтын жөні жоқ. Жабығып-жабырқамайды, жансебіл. Жан-жары Жазира Жолтайқызы – жап-жас, жарқылдаған, жайрандаған, жайдарман жан. Жақсы-жайсандармен жылы кымылып жүреді. Жұмағұл – Жазира – жарасымды жұп және жақсылы-жаманды жақын-жарандары, жора-жолдастары, жегжат-жұрағаттары, жиен-жиеншарлары, жалпы жанашыр жамағаты жетеді.

Жұмағұл жиын-тойларда жентті, жаубүйректі, жеміс-жидекті, жүзімді, жүгеріні, жержаңғақты, жал-жаяны жалап-жұқтап жақсы жейді.

Жұмағұлды жазықсыздан-жазықсыз жазғыратын жаман-жәутік жайына жүрсін!

Жылқышының жанұясы жетістікке жайлы жүріп, жақсы жетсін!

Жұмағұл – Жазираның жарасымды жұбын Жаратушы желеп-жебеп, жарылқасын!

Ж-мен желімдеген
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





3

ЗАМАНДАСТАР ЗАМАНДЫ ЗОРАЙТАДЫ

Забира Заттыбекқызы Зейнолла – заңгер, зайырлы , зейінді. Заты – зипалы . Зады – зада .

Зайыбы – Заңғар Замирұлы Заманхан – зергер. Зуһра, зеризаларды зерлейді. Заңғар – зерек, зиятты , зиялы, зерделі.

Задында, Зиягүл, Зина, Зибаш, Зейнеп, Зарипа, Зағипа – Забира Заттыбекқызының замандастары.

Зиягүл – заңқой. Зымиян, зәлім, зуылдақ, зэнталақ, зэндем , зиянкес, заржақ, зарлауық, зұлымдарға зәрлі, зарарлы. Зиялыларға зәрсіз, залалсыз, зілсіз.

Зина зоологияны зерттейді. Зайыры , зерттеуден зерікпейді. Зерттеу зонасы – зообак. Зебра, зубр, зоркиіктерді зерттеп, зерделейді.

Зибаш зауытта звеновой. Зауыт Зибаштай зәңгілерге зәру.

Зейнеп – зәузатымен зоотехник. Зейнептің зүрияты зоотехниктіктен зауықты .

Зарипа зарзаман, зобалаң, зұлматтағы заманхаттарды, зарқұмдарды зәуімен зерделейді.

Зағипа – забойшы. Забой – залалды, зардапты, зәулі зона. Зағипаның зәуде зақымданбасы зайыр . Зады, Зағипа Забойға зембілмен зулайды, заулайды, зымьрайды. Зембілді зорсынбайды, зорықпайды.

Забира Заттыбекқызының замандастары заманды зорайтатыны зайыр.

Зиялы, зайырлы замандастар заузада зәулім зираттарды зияраттап, зияпаттады .

Зауым зікірленгендерің, зекеттегендерің зият . Зайыры , заматта зейнеттенесіңдер.

3-мен зерлеген
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





ИМАНҒАЛИ – ИСЛАМ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ИМПЕРАТОРЫ

Иманғали Икрамұлы, Ибрагим Исаұлы, Игенбай Изатбекұлы, Идаят Имантайұлы, Инаят Исалыұлы – нықтас , имандостар .

Иманғали Икрамұлы – инабатты, иманды имам. Иншалла, исі исламды имандылыққа иландырып, игілікке иектеп, икемдеп, иманшартқа иілдірді, идірді. Иманғали – ислам империясының императоры.

Ибрагим Исаұлы – ибалы, иманжүзді ишан. Илаһи, Иранбақтың игілігін иеленсін!

Игенбай Изатбекұлы – иші, ихананың иесі. Инеліктей иліккіш, илалап интернетті игерді. Ию-кию ит-өмірге икемделді. Итжеккенге итермелегендерді илеудей иледі.

Идаят Имантайұлы – Италия, Иордания, Испания, Исландия, Индия инвестициясын иемденген инвестор. Индустриялық-инновациялық игіліктерді илалап, икемдеп, игеріп, импорттауға итінді . Идаят – иен инстинктің иегері.

Инфляция итпектетіп , итырықтағанмен, ипподромды иемденді.

Инаят Исалыұлы – идеологиялық институттың инспекторы. Игі идеялардың иесі. Имандостарды идеясына иландыруға икемді.

И-мен иіріп, иректеген Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





КЕЛІСІМХАТ Кинотанушы көкелер!

Кеше кешқұрым кереуетке көлденеңнен керіліп, көкжәшікке көгенделіп, көрмейкеткір көзіммен «Күлімбикенің күйеуі Кәрімбектің келешегі кемел» кинокомедиясын көрдім. Кинокомедиялық киноның кескін-келбеті келіспеген кейіпкерлері – көкмылжын, көғауыз, кекеш, кетік, кісікиік, кербез, кеудемсоқ. Кадрден көргеніміз – көбіне-көп келеңсіз, кедір, көпірме, көбік көріністер. Кешіріңіздер, кәдімгідей кейіп, күмілжіп, күйіп кеттім. Кейінгі кезде көгілдір көкжәшікте кәріп көріністер, көркемсіз кинолар, кем-кетігі, кемшілігі көптен-көп кесел кадрлер көбелектей көл-бендеп, көбейіп кетті. Көрерменнің көңілін көтеретін кинокомедия кемде-кем. Күнұзақ кертартпа, көңілжықпас, көзбаяушылық көріністерді көруге көнтерілі көрермен көнді. Киногерлердің көпе-көрінеу кері кеткендеріне киелі көрермендердің көңілі күпті. Көрсетілімнің көбісі көккөзді кө-рермендерге көрсетіледі. Кірме көрерменнің кебін кидік. Келешекте күлкіге көмілген кесек-кесек көріністі кинокомедиялар көргіміз келеді. Киностудия-дағы кежегесі кейін кеткен кейбіреулердің, кедергі келтіретін кімкөрінгендердің кебісін кері кигізіп, кинокорпорацияның көлеңкесін көр-сетпеу керек. Керек кезінде, керісінше кәсіби, кәнігі киногерлерді киностудияға кезек күттірмей көгендеу – келешегіміздің көсегесін көгерту-дің кепілі. Кабельді, кабельсіз кеңарналарды кеңейтіп, кеңформатты, кеңэкранды, кеңөрісті, кеңтынысты кинокомедия, киножарнама, киножыл-нама, киношежіре, кинобайқау кейіпті коммерциялық кешенді көрсетілім-дерді кезең-кезеңімен көбейтіп, келісілген кестемен көрермендерге көрсететін кез келді. Көркемдік кеңес күзде, көктемде күллі





кеңесшілерімен кеңесіп, келісіп, күлкімен көмкерілген керемет кинокомедияларды көбей-туді көздесе, көрермендердің күдігі кесілмейтіні кәдік. Келісімшартқа келіссеңіздер, келешекте кинотуындыларда кемшілік кездеспейді. Кө-рермен көңілі кірлемесін, келбет-кепиеттерінен күлкі кетпесін! Кәнеки, кешікпей кірісейік!

**К-мен көгендеген
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**



ҚАЗАҚ ҚҰДАСЫН ҚҰДАЙЫНДАЙ ҚАДІРЛЕГЕН

Құрметті қызметкерлер!

Қансонардың қарсаңында қадірменді қонағымызды қоңырқай қонақүйде қабақ қақпай қабылдауымыз қажет. Қонақ – қымбатты қамқор-шымыз, құрылтайшымыз Қалдан Қамбарұлы Қарабайдың құрдасы, қандасы. Қадірлі қонағымыздың қасына құдасы Қондыбай, құдағиы Қалдықыз, құдашасы Қаламқас, қатыны Қалима, қызы Қыдырқұл, қарындасы Қатира, қоңсысы Қалдыбек қосылыпты. Құлақтарыңызға қорғасындай құямын, қапысыз, қамсыз қалмаңыздар. Құдайы қонақтарды қазақы қонақжайлықпен қарсылап, құда-құдағи, құдашаға қазы-қарта, қозықұйрық, қуырдақ, құйрық-жал, құйрық-бауыр, қымыз, қымыран қойыңыздар.

Қондыбай құда – қағазбасты, қалам-қарындашпен қаруланған қарымды, қабырғалы қаламгер. Құда-құдағиға қылған қызметіміз Құдайдан қайтады. Қазақ қашанда құдасын Құдайындай қадірлеп, қастерлеген, құрметтеген. Қондыбай құда Қарағандыға қазанатпен, құдағи-құдаша қамзолмен қайтсын. Құрметті қолдап-қуаттаушымыз Қалдан Қамбарұлы құдасының Қарағандыға қазұялы қамшысыз қайтпауын қалайды, қажет қылса, қатты

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





қадағалайды. Қондыбай құда қикар, қызбалау, Қалдықыз құдағи қазымырлау құсайды. Құданың Қыдыркүл қызына қолайна, Қатира қарындасына қолсағат, Қалима қатынына қашарды, Қалдыбек қоңсысына қозылы қойды қиыңыздар. Қалғандарының қолына қаржы-қаражат қыстырыңыздар. Қарсыласса, қоярда-қоймай қинаңыздар. Қоразша қоқиланып, қоқиқазша қоқандаса, қызбалабаньыздар. Құдаларды Қарағандыға қауіп-қатерсіз, қауымдасып қайтарайық. Құдай Қалдан қожайынымызды құдаларға қарыз қылмасын. Қызметтеріңізді Қалдан Қамбарұлы Қарабай қашанда қайтарады.

Қ-мен қиыстырған
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ



МАЙТАЛМАНДАРДЫ МАРАПАТТАДЫ

Мұзафар Марғұлұлы Мардан – маңайына мақтаулы манап, маңдайалды маман. Мінезі – майдай, мамыражай, марайма, мазалы, майпаң. Мүсіні – мақаттай, мауыздай.

Мамырда мереке-мейрам мол. Мұзафар Марғұлұлы Мақаншыны мекендеген майталмандар мен майдангерлерді «Мәдениет майданының майталманы» медалімен марапаттады. Мейрамда майдангерлер мәресіре мамырласты.

Мағауия Мансұрұлы Мақаншының марқасқалары мен машайықтарын, мақтаныштарын мәлімдеп, мадақтады. Мағауияның мағлұмхат мәтіні – мазмұнды, мағыналы. Мақалы мен мәтелі мәнді.

Майдангерлер мен майталмандар марқайып, масайрап, мез-мейрамданып, масаттанды.

Марапаттаушылар Марат Мекемтасұлының





майдангерлер мен майталмандарды мақтаған мақаласына мезденді.

Мұндағы мәтінде майор Михаил Матвейұлының майтабан, маймақ, мылқау, мақауларды машиналарды майлауға мәжбүрлегені мәлімделген. Майданда малғұн, мақұлық мәнзелдес мәжнүндер мәремденді .

Мақаншыны мекендеген майдангерлер мен майталмандарды марапаттау – Мұзафар Марғұланұлы Марданға мәртебе.

**М-мен мөрлеген
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**



НҰРЛЫБЕК НҰРТӨРЕҰЛЫ – НАРҚАСҚА НОЯН

Нұрлыбек Нұртөреұлы Нұртас – нарқасқа ноян, нардай нөкер, нұсқалы, намысқой нотариус.

Нарботадай Нұрлыбек – нағыз нигилист . Нарық нақыштарына наразы. Негізі, надандарға, нақұрыстарға, нансоғарларға, нарау-нәрегейлерге , найсаптарға, настарға, наушылдарға , нашакорларға, насыбайшыларға, нәмәрттарға , нойыстарға, ноқайларға, ноқаттарға налалы, нәумез .

Нұрлыбектің низамнама нұсқасы – нұрлы, нокталы, нақтылы, нанымды. Насихаты нашар. Нұрлыбек Нұртастың нәсіп, несібесі – нотариустікте.

Нартұлғалы Нұржан Нұрханұлы Нұрмұхаммед – Нұрлыбек Нұртөреұлы Нұртастың нағашысы.

Нұрлыбектің нәті – Найман. Найманнан – Нұрмолда. Намазшыл Нұрмолда нәпіл намазға ниеттеніп, насаттаныпты. Нәпсісін нығыртқаны – нарлық . Нұрмолдадан – Нұрхат. Нұрхаттың немере, неменелері нешеме?! Нұрқаттан – Нысанбай, Нысанбайдан –





Нұрқабыл. Нұрқабылдан – Нұркен. Нұркеннен – Нұрбақыт. Нұрбақыт нақақтан-нақақ нәубеттенді. Нұрбақыттан – Нұрбак. Нұрбақтан – Нұртөре. Нұртөреден – Нұрлыбек.

Науша Нұрлыбектің нақсүйері – Набат – нәркес , нәзік, назды, нақылшыл. Нақылдары нәрлі. Нәсілі – ноғай. Намы – Набат Нармаханқызы Нариман. Натуралистіктен нәпақаланып, нәрленеді. Нұрлыбек Набатқа наурызда некелесті. Некеқиярда Нұрлыбектің, Набаттың нағашылары, немерелестері, нәсілдестері нысап-ниеттерін немеурінмен нығайтты. Некелесу нұршашумен нәштеліп, нүктеленді.

**Н-мен нақыштаған
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**



ОЗАТ ОРАҚШЫЛАР

Омар, Оспан, Отарбай, Оймауыт, Орынбасар, Оразак, Орынбек, Орысхан, Оңғарәлі Ожауғалиұлдары Оңтүстік облыста орақ орды. Облыстың ойшаң, озық ойлы ояздары орақ оруды осыншалықты оңтайлы орайластырды. Озат орақшылардың оптимистік, отаншылдық ойлары осылай оңынан орындалды. Ошарлы отбасының отағасы Ожауғали Ошақжанұлы ондаған оғландарымен онжылдық олжаны оп-оңай, оп-оңды олжалады.

Оллаһи, олда-білда, олардың, ойбууу, Ожауғалидың отбасы – оңды, от-жігерлі, оразды . Ол оқшау отбасының он оғланының омырауын он орденмен оқалаған орынды.

Озат орақшылардың осынау озық оқиғасын Орда озаншылары одалап , орамды ойлармен очерктегені – облыс оқырмандарына опалы . Осындай ой-өрісті образдарды оқырмандар оқулықтан оқтын-оқтын оқығаны оңды.





Ожауғалидың он оғландарын оқалауға орайластырған облыс орталығындағы отырысқа Осетиядан оқымысты Оғызэли, Омбыдан оқыған-тоқығаны орасан Омаш, Оралдан Олимпиадасы Орманкүл, ойлампаз Орынша, ойшыл Ойса оралады.

Ортадағы орынға оқу ордаларынан оқушылар, оқытушылар орнықты. Ол отырыста одыраймай, ожарланбай, оғаштанбай, ожыраймай, ойбайламай, ойқастамай, ойнақтамай, ойрандамай, ойдағыдай отырындар, орны-орнымен овацияландар, оркестрде ойнандар.

Озат орақшы Ожауғали Ошақжанұлының оймақтай отауын оймалы ою-өрнекпен оқаландар.

Ойбай, Ордабай, Олжас, Оңал, Оразақандарды оятындар. Олар Ожау-ғалидың отауына отын-су, ошақ ойластырсын.

Оңтүстік облыс оғландары, оянындар!

**О-мен ою-өрнектеп орайластырған
Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ**



ӨРІМДЕЙ ӨРЕНДЕРДІҢ ӨНЕРІ ӨНЕГЕ

Өмірғазы Өтешұлы, Өтеген Өтетілеуұлы, Өскенбай Өсерханұлы – Өскеменнің өте-мөте өнерлі өрендері. Өсіп-өркендеген өлке өнерпаздарының өнегелі өмірбаянын өрелік.

Өмірғазы Өтешұлы – өлеңнен өзгеше өрнек өретін өндірдей өнерпаз. Өзі өжет, өзгелерден өктем. Өтірік өлеңдерді өрмекшідей өрнектеп, өрелі өрген. Өлең-жырлары – өзекті, өткір, өміршен. Өлеңі өрттей Өмірғазы – өсіп-өнген Өрентайдың өбересі. Өтпелі өмір өтер, өлең, өнер өлмейді, өшпейді.

Өтеген Өтетілеуұлы – өнері өзгереді, өр-мінезді өрімші,





өрмеші, өрнекші. Өзі – өп-өңді. Өскелең өспірім өңкей өрмелі өрнек өреді. Өрімдей өреннің өмірлік өнімдері Өскемен өңірінде өтімді. Өлкенің өкілетті өкілдері Өтегеннің өзегі өрілген өрнекті өнімдерін өйтіп-бүйтіп өзге өңірге өткізеді. Өрлі өскіннің өнері өркендеді, өрге өрледі. Өмірі өнермен, өнері өмірмен өрілген Өтегеннің өркені өссін!

Өскенбай Өсерханұлы – өрелі өнертанушы, өзекжарды өлкетанушы. Өскемен өңірінің өнерпаздарын, өлкенің өткен-кеткен өмірін өлермендікпен өрнектеді. Өрелі өнертанушының өкіметке өтілі өтті. Өтемақысы өлшеусіз, өтеусіз. Өскенбай Өсерханұлы – өз өмірі өнер өлкесінде өткеніне өкінбейді.

Өкшелес, өрелес өрен-жарандардың өмірі, өнері – өзгелерге өнеге. Өскемендіктер өрелі өрендерінің өнерлеріне өліп-талып, өліп-өшеді, өбектейді. Өйткенмен, өңшең өзімшіл, өкпешіл, өркеуде, өркөкірек есекшілердің өзеурепп, өрекліп, өңмендей өршеленгендері өкінішті.

Өршіл өскіндердің өнері өрге өрлесін, өркендесін!

**Ө-мен өрнектеп өрген
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**



ПАТШАНЫҢ ПІКІРІ ПАЙЫМДЫ

Пірімбек Пернебайұлы Пұсырман – прозашы, публицист. Пайғамбардай парасатты, пайымды. Патшағарың пәниде пәк, пірәдар, пейіштің періштесіне, пендесіне пара-пар. Пісмiлләлап пұлсыз пұшмандарды пітірлеп, пидалайды . Пәруадiгердi пірлейдi, пәмлейдi .

Пірімбек Пернебайұлының пьеса, поэма, повесть, памфлет, пародияларына патша-падишалар, пақырлардың пікірлері пайымды. Поэзиясының



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





поэтикасы, позициясы, палитрасы, пафосы парықты.

Прозаның патриархтары, портфельді пәленше-түгеншелер Пірімбек Пернебайұлының пьесасын пансионатта премьералауға пәтуаласты.

Пьесаның персонаждары – пайдақұмар, парақор, пәлеқор, пасықтар, перғауын, пәруана, перілер, пәленпәштуандар, паразиттер.

Пазылбек, Пердеш, Паңгерей – Пірімбектің перзенттері.

Пазылбек – Павлодарда прокурор. Пошым-пішімі помещиктей, паң. Прокурорлық процестерде принципшіл. Паңсыған погондыларға, пәруайсыз пақырларға пысқырмайды.

Пердеш – полиция полковнигі, патриот. Полигонда плаш-палатканы паналайды.

Президент Пердеш Пірімбекұлына Пролетариат проспектісінде полктің парадтауын пәрмендеді. Премьер-министр, парламентшілер, партияластар, пресс-атташелер, папахалы полковниктер, пропоршиктер пәрменінше парадтап, парқадарланды.

Паңгерей – педагог, пәруэр, пединституттың профессоры, проректор, полиглот.

Пірімбектің періштедей Перизаты – перзентханада педиатр. Пәруадігер Пірімбекті Перизатқа парықтап, парлаған. Пысықтың пысығы. Пациенттерге пейіл, пиғылы пәк. Пыш-пыштаған, пыштыңдағандарды пыштулап, піштулеп пышырады, піспектейді. Пәлелі пәлектерге пысты.

Перизат практиканттарды процедуралық палаталарда пардалап, пайдаланады.

Пайғамбардай парасатты Пірімбек Пернебайұлының перзенттерін, періштедей Перизатын пұшпақтау – парыз.

**П-мен пышыратпай пайымдап, перделеген
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**





РАББЫМЫЗ РАДИОЖУРНАЛИСТЕРДІ РИЗЫҚТАНДЫРЫП, РУХТАНДЫРСЫН!

Рахман Рахым – «Рауан» радиосының рақымды, ризықты, райлы райсы, режиссері. Редакциядағы рияшылдық, рәсуашылдық, репетсіздік рәуішті ретсіздіктерді реттеуші, реформашы. Репутациясы – риясыз, рауалы. Региондағы репортерлердің ресми, рухани, романтикалық радиороманс, радиоочерк, радиоспектакль, радиорепортаждарын редакциялайды.

«Рауан» радиосы – рационалды, рентабельді. Расымен, Рахман Рахым региондарды радиоландырды. «Рауан» редакциясының резиденциясы рабатты.

Радиожурналистер рауаятты, рәпатты, репетті райыстарына разы.

Расул Разақұлы – рухты, ренді, рауанды, рәсімшіл радиожурналист. «Рауан» радиосының редакторы. Расында, Расул Разақұлының радиорепортаж, радиоочерк, радиопьеса, радиожурнал, радиохабарларына радиостанса, радиокомитет, редалка, редакция райыстары риза.

Райымбек Рамазанұлы, Рахима Рүстемқызы, Рабиға Рауанқызы, Рабия Рашидқызы, Рәзия Ринатқызы – «Рауан» радиосының радиожурналистері, радиокомментаторлары. Редакция редакторларының радиоөнімдері – риторикалы, ритмді, рухты.

Рақымшыл Раббымыз «Рауан» радиосының райыс, редактор, режиссер, радиожурналистерін ризықтандырып, рухтандырсын!

Р-мен реттеген
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





САЛ-СЕРІЛЕР САҚАДАЙ САЙ

Саршатамыздың сенбісінде Сламханның Сұлтанханы сүйікті Сұлушашының Сарыағаштағы сіңлісі Сабинаныкіне сапарлады. Сабина Сағатбеккеліні сәрсенбінің сәтінде сүткенжесі Саматты сүндеттемек.

Саматтың сүндеттойына Семейден Серікқазы, Серікзат, Санат, Сейділла, Сейітжан, Сарқаннан Санжар, Сәндібек, Сейілхан, Сайрамнан Сағындық, Сұлтанәлі, Сәбит, Сарысудан Сәрсенбай, Сейсенбек, Сенбек, Созақтан Созақбай, Сартай, Саттархан, сол сияқты сайдақ-саңлақтар сабылады.

Сәулетті салтанат сарайындағы сүндеттойда сауықтап, сайрандауға сайқымазақтар, сал-серілер сақадай сай.

Сәтжан Сыздықұлы – Сабинаның сүйкімді саһары, сүйеушісі, сүйікті сарбазы.

Сәтжан – сарабдал, салмақты, салиқалы, сайдауыл сардар, сакидың сакиы . Сүйріктей сұлу Сабинаға сапфирлі сакина, саф сағат, сапалы сырға, сәнді сарафан, сап-сары самаурын сыйлады.

Сәтжан Саматтың сүндеттойында сақуатты сайыпқырандарды, сақа сайыпкерлерді, сайрампаздарды, сайраншылдарды, сазгерлерді сайдақтап, сайысқа салды.

Саксафон, сырнайшылардың сазы сай-сүйекті сырқыратты. Стадионда сәйгүліктер сайысты, салым салынды. Сайыпқырандардың сайыста сағы сынбады.

Салқар, самаладай салтанат сарайындағы сүндеттойда Сабина самбырлап, сарнап-сампылдап сөйлеп, Сәтжанға самсам-қылыш, семсер, садақ, сайгез, сауыт-сайман, самұрық сыйлады.

Сабадай Сәнімгүл саданы сазарып, сазбеттеніп, сайқалданып, себеп-салдарсыз сандырақтап, салғыласты. Сайдақыланып санаға сыймайтын сөз саптады. Сөйтіп Сәтжанның сақтасы суыды. Сұңғат Сәтжанның сойылын соқты. Сәнімгүл Сабинадан салғаннан сәлем-сауқат,





сарқыт, сыбаға сұрады. Соңынан Сабинаны сіңлілері сауқымдады .

Сақаршам сәресіне созылған Саматтың сүндеттойын Сауытбек сайтқа салды.

Саматтың сүндеттойынан соң, сиыр сәскеде Сүйіндік Сарыағаштағы сабантойды сәрсенбінің сәттісінен сенбіге сырғытты.

**С-мен сәндеп сүйкеген
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**



ТӨРЕ ТҰҚЫМЫНА ТӘН ТҰЛҒА

«Таң» телекорпорациясының тележурналисі, тау тұлғалы Төреғали Тәліпұлы Тәшен тамыры терең, тарихы тағылымды Түркістанда, тамыздың төртінде туған.

Төреғали Тәліпұлы – тума талант, талабы таудай тархан . Толғам-толғау, төрттаған, терме, триптих, трактат, телеочерк, телетеатрдағы туындыларының таңдамалысын топ-толық төрт томға топтастырып, типографияда түптеді, таралымын тиянақтап, түгендеді.

Төрт томдық таңдамалыны тележурналистиканың теоретиктері, телевизияның тирандары, телестудияның тектілері, телеарна төреғалары, теледидар төрелері, телестанса текесақалдары таласа-тартыса талқылады, талдады, тесіле тексерді.

Төреғали Тәшеннің тұрғылас-тұстастары төрт томдықты төрт тарапқа, тоқсан тоғыз торапқа тегін таратты.

Тележурналист Төреғали Тәліпұлының түрлі телеарналардан тараған телерепартаждары, телеспектакльдері татымды, тартымды. Тақырыптары тамаша. Телекөрермендерді тартып тұрады. Төреғалимен терезесі тең тележурналистер, тамам тізгіншілер таңырқайды.





Тәлім-тәрбиеге, тағылымға толы телехабарларға телекөрермендер табандап телміреді, тобықтай түйініне тұшынады, танданады, тамсанады. Төтеннен төпелеген түйткілді топтамалары талапкерлердің талас-тартыстарында талай-талай топжарды.

Төрәғали Тәшен түркі тілдес туған-туысқандарға «Түрік», «Тұран» телекомпанияларынан тараған туындыларымен танымал. Талай түркі тілдес туыстардың тілшілерімен тізе түйістіріп, телехабарлар таратты, тумалардың тыныс-тіршілігімен, тұрмысымен таныстырды. Түрік, Түркімен, Тува тілшілерімен тіл табысты, табақтасты, татуласты.

Тегі, Төрәғали – тіп-титтейінен тілмаш, тілалғыш, тауанды, табанды, тоқмейіл, талапты, тапқыр, талғампаз, тәртіпті, тәрбиелі, тоқетері текті тастүлек.

Тілім тасқа, Тәліптің тоқалы – Тоқсұлудан туған тоғыз түлектің тірегі, таянышы, тілектесі, тілеуқоры.

Тәкаппар, тілазар, тарпаң, телі-тентектерді тізгіндеп, тәк-тәктап тыйып тастайды, темекі тартқызбайды. Туған-туыс, тамыр-таныс, туажаттармен тату-тәтті тұрады. Тектен-тек тыраштанбайды, тығырыққа тірелмейді, тайсалмайды, тайынбайды.

Тегінде, Төрәғали Тәшен – төре тұқымына тән тұлға. Таяуда «Таң» телеарнасының төрағалығына тағайындалды.

Түркістандықтар Төрәғали Тәліпұлының толағай табыстарына тәнті. Торқалы тойында тарту-таралғы табыстап, темір тұлпарды тізгіндетті.

**Тақырыпты Т-мен тізбектеп терген
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**





Ұ

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Ұзақбай Ұйықбайұлы – ұлағатты, ұстамды ұстаз. Ұдайы ұлтымыздың ұлы ұжданын, ұлылардың ұлағатын ұлықтаушы. Ұстаздар ұжымының ұқсатушысы, ұйымдастырушысы. Ұлттарды, ұлыстарды ұйытқыдай ұйыстырушы.

Ұлағатты ұстаз Ұзақбай Ұйықбайұлы – ұлт ұясы – Ұлытаудың ұланы.

Ұлар, Ұлан, Ұлас, Ұлықбек, Ұлбала, Ұлжан, Ұлбике, Ұлғанай, Ұлтай, Ұлдай, Ұлдыш, Ұлпа, Ұлфат, Ұркия, Ұмсынай – Ұзақбай Ұйықбайұлының ұл-қыздары. Ұлдары – ұлылы-кішілі ұлықтар. Ұп-ұзын, ұп-ұяң. Ұлары – ұшқыш, Ұланы – ұста, Ұласы – ұстаз, Ұлықбегі – Ұлттық ұланда. Ұзақбайдың ұрпақтары ұлтжанды, ұқыпты, ұшқыр, ұтқыр, ұғымтал, ұйымшыл. Ұдайы ұлтымызды ұрандап, ұлықтайды.

Ұзақбай Ұйықбайұлы Ұлар, Ұлан, Ұлас, Ұлықбек ұлдарын ұяластырып, Ұлбала, Ұлжан, Ұлбике, Ұлтай, Ұлдайды ұзатты. Ұлағатты ұстаздың ұрпақтары ұлан-байтақ, ұлан-ғайыр ұлы ұяда ұйып, ұйысты.

Ұлтжанды ұстаз ұры-қары, ұртты, ұрыншақ, ұшпа, ұрысқақ, ұркөппе, ұсақшыл, ұшкалақ, ұятсыздарды ұнатпайды.

Ұлпа-отанымен ұлтжанды Ұзақбай Ұйықбайұлының ұясын ұдайы ұлықтайық. Ұрпақтарымыз Ұзақбайдың ұнамды, ұрангер ұлдарына ұқсауға ұмтылсын!

Ұ-мен ұйқастырған
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Ҷ

ҮКІМЕТТИҢ ҮЙІНЕН ҮМІТКЕР

Үдербай, Үсен, Үмбетияр, Үсіпбек, Үмбетәлі, Үркімбай – Үлесханның үкілеген үрім-бұтақтары.

Үдербайдың үйі – Үржарда, Үсендікі – Үшаралда, Үмбетиярдікі – Үшқоңырда, Үсіпбектікі – Үсіктаста, Үмбетәлінікі – Үлбіде, Үркімбайдікі – Үштөбеде.

Үдербай – үбірлі-шүбірлі, үдделі-бүдделі. Үй-жайы – Үржардың үйегінде . Үлкен-кішілерді үшкіріп-түшкіреді. Үкелеріне үйретері – үлгі-өнеге.

Үсен – үйелмелі-сүйелмелі. Үй-жайлары үйлесімді. Үлесханның үрім-бұтақтарына үйірмді . Үйі – үнемі үймежүйме . Үрдісті үйрететін үйірмелерге үйір. Үкіметтегі үкімшіліктен үмітті. Үдемелі үдерістерге үйірсек.

Үмбетияр – үйелменді. Үйірімен үштоғыз , үйіршіл. Үш сайыстың үздігі. Үп-үлкен үлек . Үстемірдің үлпершектей Үнзирасына үттің үшінде үйленді. Үлесханның үрім-бұтақтарымен үркердей үйлесімді. Үмбетиярдың үшемдері – үшеу.

Үсіпбек – үйлі-күйлі, үнемшіл, үйкүшік. Үбіғалидың үлдірдей Үриясын үкіледі. Үсіктастықтарға үлгілі. Үкімі, үзірі – үстем. Үміті – үкілі. Үзенгілестеріне үсініп-қабынып, үстемсиді.

Үмбетәлі – үйлі-баранды. Үкіметтің үйінен үміткер. Үмітін үнемі үзбейді. Үкіметтегі үлесі үлпершекті .

Үркімбай Үлгілімалшыдағы Үбәйданың үлбіреген Үмігүлсіміне үйленді. Үй-мүліктері үйлесті. Үштөбедегі үйін үкелерімен үмеледі. Үркімбай – үлкендерден үйренгіш, үкелеріне үйреткіш. Үкелерін үй-жайларын үйтіп-бүйтіп үмелеуге үйретеді, үйлестіреді. Үкіметтен, үлкендерден үрияттануға үнемі үндейді. Үгіт-насихатты үйіп-төгеді.

Үлесханның үрім-бұтағын үздіксіз үгіттеу – үддеміз.

Ү-мен үзбектеген

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ.





ХАС ХИКАЯТТАРДЫ ХАТТАҒАНЫНА ХОШТАНДЫ

Хабиба Хайдарқызы Хантөре – хүснихатшы.

Халфе Хафиз Ханифаұлы Халелдің «Хақ», «Хадистер», «Хатым», «Хазіреттер», «Халифалар», «Хақназар хандығы», «Хансұлтан хәкім», «Хулагу хан», «Хасан ханзада», «Хауана», «Хадиша ханым», «Хансұлу ханша», «Хижра» хикаяттарын, хат-хабар, хабар-ошарларын халқадірінше хроникалап, хүснилеп хаттады.

Хикаяттардың хатталғаны «Хабардан» хабарланды, халық хоштады.

Хабиба Хайдарқызы халфе Хафиз Ханифаұлының хас хикаяттарын хаттағанына хоштанды.

Х-мен хүснилеп хаттаған Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ



ШЫМКЕНТТЕН ШЫҚҚАН ШАЙЫРЛАР ШЕКСІЗ

Шымкенттен шыққан шалқар шабытты шайырлар, шалымды шабандоздар , шалғыр шешендер шексіз.

Шабдан Шаханұлы Шерхан – Шымқаладан шыққан шағыр. Шығармалары – шынайы. Шабытты шақта шиырлағаны шәксіз.

Шалғай-шалыс , шып-шымыр шумақтары шабан , шошақай, шадыр-шайпау, шатаққұмар, шалдуар, шалдыр-шүлдір, шалжақ-шолжан, шыртетпе, шығайбай, шіренген шенеуніктер, шайтандарға шаншардай, шаншудай шаншылады, шұжықтай шыжғырады, шыбықпен шыкпыртады.



Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Сандалған сауал

Шәлдір-бүлдір, шәлкем-шалыс, шалдыр-шатпақтарды шимайламайды.

Шынтуайтында, Шабдан Шаханұлы шартарапты шарласа, шұрайлы шығармалары шартарапты, шарайнаны шарпыды.

Шырайлы Шымкент шаһарының шахы Шайхы Шәкәрімұлы Шұға шахбибісімен шәрідегі шарада Шабдан Шаханұлын шен-шекпендеп, шікірейтті. Шатшадыман шарада шаһардың шахы Шабданмен шаппа-шап шұрқырасып, шүйіркелесті, шауқымдасты .

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





Шараға шақырылған шабандоздар, шал-шақпыт, шал-шауқан шама-шарқынша шалықтады. Шеберлер шаңқобыз, шертер шертті.

Шымқаланың шахы – шапағатты, шарапатты шүлен .

Шәрінің шахы Шайхы Шәкәрімұлының шарапат-шапағатына шараға шақырылған шайырлар, шешендер, шоралар, шортандар, шонжарлар, шондар шексіз шүйіркенді.

Шүкір, Шабдан Шаханұлының Шығыста, шеткей-шеткеріде, шетелде шұғылалы, шуақты, шырақты шәкірттері шексіз.

Шашубай Шәдіұлы, Шәмші Шәкірұлы, Шәріп Шегебайұлы, Шернияз Шерубайұлы, Шона Шорабекұлы – Шабданның шәкірттері.

Шабдан Шаханұлының шәкірттері шабыттана шежіре шерткенде шетінен шебер. Шумақтан шашау шығармайды, шашыратпайды, шатып-бұтып шашалмайды. Шындығында, шаһбаздарың шайқап-шайқап шумақтан шашу шашады, шабысы, шабыты шыңға шырқайды.

Шараптың шабыт шақырмайтыны шүбәсіз. Шаб-аған шәкірттерін шекесінен шертпегенімен, шараптан шектеді.

Шабдан Шаханұлының шөбере-шөпшегіне шейін шешен, шайыр.

Шымкенттік шабандоздың шуақты шаңырағында шабыт шалқысын!

**Ш-мен шимайлап, шиырлаған
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**





76

ЫРҒЫЗДЫҚ ЫҚПАЛДЫ ЫҒАЙ-СЫҒАЙЛАР

Ыбырай Ыдырысұлы, Ырысдәулет Ықсанұлы, Ырыс-келді Ысқақұлы, Ысмағұл Ысмағазыұлы – ырғыздық ықпалды ығай-сығайлар.

Ыбырай Ыдырысұлы – ырысты, ынталы, ынтымақты. Ырду-дырдуға ынтызар Ырысбаласын ырғалтып-жырғалтты. Ырғыздықтармен ынтымақ-бірлікті, ықыласы ып-ыстық.

Ырысдәулет Ықсанұлы – ықтиятты, ызасыз, ынта-зейінді, ымарашыл, ысқаяқ, ылдым-жылдым. Ылғи ымдасып-жымдасып, ымыраласады. Ындыны – ыңғайлы.

Ыржақай, ысқит, ысқақтау, ыржыңшыл, ылбырап, ылжырап, ыбылжыған, ыңқылдап-мыңқылдап, ырбыңдап-жырбындаған, ыздиғандарға ысқырынып, ытырынып, ысқыртады, ышқынады, ызбарланады.

Ырыскелді Ысқақұлы – ырыс-берекелі, ықыласты, ынта-жігерлі, ырымшыл. Ықылымнан ызақор, ынжық, ыза-кекшіл, ысырапқор, ызғарлы, ызыншыл, ырбаңшыл, ыржақшылдармен ымырасыз.

Ысмағұл Ысмағазыұлы – ырыс-дәулетті, ынсапты, ықпалды. Ырысбикесімен ырыс-несібиесін, ырыс-нәсібін ырғап-жырғады. Ынтымақшыларға ыстық ықыласымен, ынты-шынтысымен ынтық.

Ырғыздықтардың ықпалды ығай-сығайларға ықылас-ынталары, ықылас-ілтиспаттары, ықылас-ниеттері ыстық.

**Ы-мен ықшамдап, ынты-шынтысымен
ысқыртқан Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**





ІЛКІМДІ ІСТЕРІ ІЛГЕРІЛЕСІН!

Ізетжан Ізқұттыұлы – ішкі істерде ізші . Ізгілікті, іздемпаз, ізетті, ізшіл. Ізсіз, іздеусіз, із-түзсіздерді іздейді. Ішімдік ішпейді, ішіп-жемейді.

Ізтай, Ізімғали, Ілес, Іргебай, Інжу – Ізетжанның іні-қарындастары. Ізетжан – ізашар, іні-қарындастары – ізбасар. Інілері ірі, іргелі істерде іріктелді. Ізетжанның





Сандалған сауал



іні-қарындастарынсыз ішкені – ірің. Іштей ішті-тысты .
Іргелестерін іліп-қақпайды, ілініспейді.

Ізбай – іждағатты, ілгір . Ізгі істерді істеуге іңкәр.

Ізімғали – Ізетжанның іштартатын інісі, іскер.
Ілгеріде істері ілгері-кейінді ілбіді. Іле-шала іс-әрекеттері
ілгеріледі.

Ілес – ілім ізденуші. Ілім-білімсіз, іс-міссіз, іссапарсыз
істері ілгерілемейтін іспетті.

Іргебай – Ізетжанның ізіне ілесті, ілтипатты, іп-ірі.
Ірілі-ұсақты, ірілі-уақты істері ілкімді.

Інжу – ісмер, ісқұмар, ішен, ішіл. Іс-қимылдары
ілгері. Інжугүл, інжірге інжуандай іңкәр.

Ізетжан Ізқұттыұлының іні-қарындастарының ілкімді,
ізгі істері ілгерілесін!

**І-мен іліп-шалып, іркес-тіркестірген
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ**

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ





КІШКЕНТАЙ АЙТҚЫШТАР





Сандалған сауал

Менің 5 жасар Руслан атты жиен інім бар. Оны бала демесеңіз, кейбір сөздері мірдің оғындай нысанаға дәп тиіп жатады. Тілі ерте шыққандықтан, базбір сауалдарыңызға ұтымды жауап беріп жатса, кей тұстарда бала түсінігі арқылы езуіңізге күлкі үйірер сәттері де аз емес. Оның және сол секілді сәбилердің әзілге бергісіз іс-әрекеттерін «Кішкентай айтқыштар» деген айдар тағып, қағазға түсіргенді жөн көрдім. Бәлкім, мұндай айтқыштар сіздердің де отбасыларыңызда бар шығар. Сонымен...

«ӘЛ-ФАРАБИ КЕТПІП БАРАДЫ»

Еліміз егемендік алып, өзінің төл теңгелерінің бетіне халқымыздың біртуар дарын иелерінің бет-бейнесін бедерлегені мәлім. Сол теңгелерден әл-Фарабидің бейнесін жақсы танып алған Руслан көшеде басына сәлде ораған қарияны көрсетіп:

– Мама, қарашы, көшенің арғы бетінде әл-Фараби ата кетіп бара жатыр. Үйге шақырмайсың ба, құран оқиды ғой, – деді кіршіксіз таза сәбилік көңілмен.

«КӨЗІМЕ ТІКЕН ТҮСІП КЕТТІ»

Сол баяғы Руслан бір күні көзін уқалап абыржып келді де, мамасынан ине сұрады.

– Оны қайтейін деп едің? – деген мамасына:

– Көзіме тікен түсіп кетті, алып тастаймын, – деді.

Әсті, қолына тікен кірген кезде инемен алып тастағаны есіне түсіп кетсе керек.

«ЖЫРТЫЛҒАН ҚЫЗАНАҚ»

Ұмытпасам, шілде айының бел ортасы болатын. «Қыстың қамын жаз ойла!» дегендей, әртүрлі көкөніс





қайнатып, банкі жауып жаттық. Бақшадан қызанақ теріп келе қоятын адамның реті келмеген соң, Русланның қолына өзіне шақ шелегін ұстатып жұмсай қойдық. Сүт пісірім уақыт өткен кезде, мұрнының ұшы терлеп Руслан көрінді. Базбір ересек адамдарша өзі теріп келген қызанақтарды сәкінің үстіне қаз-қатар тізіп қойды да, ішіндегі кірпі жеп қойған қызанақты мамасына көрсетіп жатып:

— Мама, мынау жыртылған қызанақтарды тігіп-тігіп жаба бер, — деді жаңалық ашқан адамша.

ТҰЗ СЕБІЛГЕН АЛМА

Түс әлетінде Русланның мамасы— Бибігүл мен жеңгесі— Күләйша екеуі алма жеп отырып: «Ащы екен» десті бір-бірін қостап. Екі адамның әңгімесіне қашанда құлақ тосып отыратын Руслан:

— Тұз сеуіп қойған ба? — деді әңгімеге араласып.

ЕРАСЫЛДЫҢ ҚУЛЫҒЫ

Ерасыл компьютердің тілін білмесе де, әр жерін бір шұқылап ойнағанды ұнатады. Бүгін де сол әдетінен жаңылмай, компьютердің әр түймесін бір басып ойнап отыр еді. Атасы Қуандық:

— Ерасыл, компьютердің әр жерін бір шұқылай берме. Бұзылып қалса, ертең қажетіне жарата алмай қаласың, — деді. Сонда Ерасыл:

— Ата, мен компьютерді өшіріп қойып үйреніп жатырмын, — деді балалық бұла көңілмен.

«ТІСІМ ҚҰЛАП ҚАЛДЫ»

Балалар бақшасынан оралған Гүлназ үйіне жүгіре кіріп әжесіне:

— Әже, қараңызшы, менің бір тісім құлап қалды, — деп түсіп қалған тісінің орнын нұсқады.





«ЖҰТЫП ҚОЙСАҢ, АЛЫП ҚОЯМ»

Бес жасар Әйгерім төрт жасар Диана сіндісіне қолындағы сағызын беріп жатып:

– Мә, әзірше шайнап жүре бер. Егер жұтып қоятын болсаң, алып қоямын, – деді нығыздай сөйлеп, қатаң бұйыра.

«ТҰРМЫСҚА ШЫҚҚАНДА АТЫМДЫ ӨЗГЕРТЕМІН»

Бірде алты жасар қызым Марал мамасы екеуі автобуста келе жатады. Есіне түсуге не себеп болғанын кім білсін, оқыстан Марал:

– Мама, мен ертең тұрмысқа шыққанда атымды өзгертемін, – деді. Қапелімде мұндай сөзді кішкентай қыздың аузынан естуді ойламаған маңындағы жұрт шулай күліп:

– Қызым-ау, атыңды емес, фамилияңды өзгертсең де жетпей ме? – деп әзілдейді.

– Жоқ, атымды өзгертемін. Менің әжемнің аты – Нәзипа. Кемпірлерге жарасатын лайықты ат. Ертең мен әже болғанда жұрттар, «Марал» деп тұрса, ұят қой, – деп уәж айтты сонда Марал.

«Е, ҚҰДАЙ, БІЗГЕ МАШИНА БЕРЕ ГӨР, БЕНЗИНІМЕН...»

Бір күні отбасымызбен қосылып – бәріміз «Бинго» телеойынын көріп отырған болатынбыз. Тележүргізушілер Сергей Погосян мен Толқын Жүнісбаева екеуі өткен ойында темір тұлпар ұтқан иелеріне кілттерін табыс етіп жатты. Мұның бәрін мұқият көріп-біліп отырған ұлым Мағауия:

– Әке, біз қашан осындай машина ұтып аламыз? – деді қызығып.

– Құдай қаласа, Құдай берсе, біз де ұтамыз, – дедім әзілге бұрып.





Сол күннен бастап Мағауия қолына тәспі алып, оны күбірлеп отырып, ара-арасында Құдайдан машина сұрайтын болды.

Арада бір-екі ай өтіп кетті. Ұтқан машинамыз жоқ. Енбегі еш кеткен Мағауияның жанына қатты батқан болу керек.

– Әке, мен Құдайдан машина сұрап жатсам да әлі неге бермей жатыр? – деді бір күні кезекке тұрып қойғандай ренжіп.

– Естімей жатқан шығар. Әлі де сұрай бер, балам, – дедім әзілдеп.

Бұл сөзімді шын көріп қалған Мағауия бар дауысымен айқайлап:

– Е, Құдай, бізге машина бере гөр, бензинімен, гаражымен демесі бар ма?! Біз еріксіз күліп жібердік.

– Балам-ау, бензин мен гаражының бір есебі табылар. Алдымен машинаны ұтып алайық деймін күліп.

«ӘПЕРЕТІН АДАМЫ ТАБЫЛАДЫ»

Шай үстінде Хангелді болашағын болжап, армандап отырды да:

– Ертең мен үлкейген соң бизнесмен боламын. Әбден байыған соң, әкеме «Джип», мамама «Мерседес» әперемін. Өзім «Лимузин» мініп жүремін, – деді тәтті қиялға беріліп.

– Тәтеңе қандай машина алып бересің? – деді әкесі ұлының арманына ризашылық кейіп танытып.

Сонда Хангелді:

– Оның әперетін адамы табылады, – деді ойланбастан.

ХАНГЕЛДІНІҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Хангелдінің әкесі бір күні оны шақырып алып:

– Балам, анау басында қысы-жазы қар жататын шынды көріп тұрсың ба? – деді.





– Ия, әке, көріп тұрмын.
 – Ылғи да сол шынға қарап жүр. Сонда еңсең биік, арманың асқақ болады.

Арада біраз уақыт өтіп кетеді. Хангелдінің әкесі бір күні қатты ауырып, басын төмен салып келе жатады. Соны байқап қалған Хангелді:

– Әке, анау Алатаудағы биік шынды көрдіңіз бе? – деді.

– Ия, көріп тұрмын, балам.

– Сол шынға қарап жүріңіз. Сонда еңсеңіз биік, арманыңыз асқақ болады, – деді өз бидайын өзіне қуырып беріп. Әкесі еріксіз күліп жіберді.

«ТИІСТІ СӨЗДЕРДІ ҚОЙШЫ»

Нәзік 2 сыныпта оқиды. Оқу озаты. Мектепте алып келген білімін

үйде де қолданатын әдеті бар. Төмендегі әңгіме – сол сөзіміздің дәлелі.

Бірде анасы Күлайша Нәзікті ерте ұйықтатпақ болып:

– Қызым, кел, төсегіңе жата қой. Таңертең тұра алмай қаласың, – деп оны ұйықтатуға әрекет жасайды. Ондай кезде ылғи әкесі көмекке келіп, оны анасынан арашалап отыратын. Соны жақсы білетін Нәзік:

– Әке, көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойшы, – деп әкесінен араша сұрады. Анасы оның тапқырлығына еріксіз күліп, еркіне жібере салды.

АЙТҚЫШ ҚЫЗ

– Мағауия, мен саған дүкеннен нан алып кел деп едім ғой. Әлі бармағаның ба? – деп айқайлады анасы ас үйде жүріп. Оны естіп отырған Нәзік:

– «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада» деген мақал осыдан шыққан екен ғой, – деді ересек адамдарша ой түйіп.





Қаршадай қыздан ондай сөзді күтпеген жұрт ынтышынтысымен күліп алды.

НӘЗІКТІҢ ӘЗІЛІ

Нәзіктің әжесі Назипа Түркістан қаласында тұрады. Сексеннің сегізгіріне шыққан кейуананың құлағы ауырлау болатыны – заңдылық. Оның осы сырын білетін келіні Күлайша енесімен телефон арқылы сөйлесіп жатты. Анасының даусы қатты шығып жатқанын байқаған Нәзік:

– Мынау келін енесімен қалай-қалай сөйлеседі? – деді әкесіне қарап, көзін қысып қойып.

Бұл – Нәзіктің анасымен әзілдескені, әкесінің көңілін көтергені. «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деген – осы.

«ҚАЙ ЖАҚТЫҢ КЕЛІНІ?»

Бірде Нәзік отбасымен бірге шай ішіп отырады. Шайдың суып әрі сұйылып бара жатқанын сезген отағасы:

– Шайынды қайта демдеші, – деді.

Ондай сәтті қалт жібермейтін Нәзік:

– Әке, Шымкенттің келіндері шайды баптап құюшы еді. Мынау қай жақтың келіні? – деп шай үстіндегілерді бір күлдіріп алды.

МАМАМНЫҢ МАМАСЫНЫҢ МАМАСЫ

Бірде шай үстінде әжесі шөбересіне:

– Мұрат, мен саған кім боламын? – деді сөзге тартып. Сонда Мұраттың тілі бұрала шығып:

– Мамамның мамасының мамасы боласыз, – деді әжесінің арқасына асылып.

ҒАНИ МЕН БӨПЕ

Аулада ойнап жүрген екі жасар Ғани жылаған сәбидің дауысын естіп, әкесіне:

– Бөпе, ә-ә-ә, – деді ернін бұртитып.





Сандалған сауал



Әкесі де ұлының сөзін қоштаған рай танытып:

– Бөпе, ә-ә-ә, – деді жымия басын изеп.

Келесі күні қарны ашқандықтан болу керек Ғани да жылай бастады. Әкесі оған:

– Ғани, ә-ә-ә, – деді мазақтаған пішінмен өз ісін өзіне қайтарып.


Сонда Ғани:

– Ғани ә-ә-ә емес! – деп жылауын қайта жалғады.

ТАҢДАНЫС

Төрт жасар Мұраттың апасы қойларды өріске шығарып, қозыларын қорада алып қалатын. Соны байқаған немересі бірде:

– Апа, қозылар балабақшаға барудың орнына, қойлар барады екен, а! – деді таңданып.





ҚАЛАМГЕРЛЕР ҚАЛЖЫҢЫ





ақын-жазушылары жиі бас қосып, әдеби жиындар өткізіп тұруды үрдіске айналдырыпты. Сондай бір мәжіліске Қазақстан мен Қырғызстанның қаламгерлері қатысыпты. Қыза-қыза келе, қырғызстандық бір ақын:

– Біздің Аалы Тоқанбаевқа жететін ақын жоқ қой, – деп мақтаныпты.

– Оны қалай дәлелдейсің? – депті залда отырған сыншы Баламер Сахариев.

– Ғабит Мүсіреповтің өзі: «Аалы Орта Азиядағы маңдайалды ақын» деп айтпап па еді?!

Сонда Баламер қуақылана күліп:

– Дұрыс қой. Біздің Ғабен «Орта Азияда» деп тұр ғой. Ал Қазақстан Орта Азияға кірмейді, – депті.

Сөзден тосылған қырғызстандық ақын не айтарын білмей, залдан шығып, жүре беріпті.

МҰЗАҒАҢ ЖӘНЕ БИФШТЕКС

Бірде Алтай өлкесінде қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі болады. Қазақ қаламгерлерін белгілі жазушы Хамза Есенжанов бастап барады. Олар қонағын қазақтар сияқты асты-үстіне түсіп күтпейді. Сондықтан қонақтар ас-суын өздері айыруы керек. Бір күні түскі ас ішпек болып қаламгерлер мейрамханаға бас сұғады. Көшбасшы болып жүрген Хамаң Мұзағаңа қарап:

– Сен орыстардың арасында көбірек болдың ғой. Оның үстіне тілді де жақсы білесің. Сондықтан бүгінгі дастарқанның мәзіріне өзің тапсырыс бер, – дейді.

Қазақтың ет жемей, қарны тоймасы анық. Мұзағаң да ығи еттен жасалған бифштекс, гуляш, котлет сияқты тағамдарға тапсырыс береді. Соны байқап отырған ақпа ақындардың бірі Ғафу Қайырбеков Мұзағаңа қарап:

Жазасыз да екі-үш текст,

Жейтініңіз бифштекс, – деген екен Мұзағаңның әнге мәтін жазатынын меңзеп.





КОЛИДОР МЕН ПОМИДОР

Қазақтың ақпа да төкпе ақиық ақындардың бірі Ғафу Қайырбеков әзіл-қалжың айтуға келгенде алдына қара салмаған көрінеді. Ол қаймақтатып, төпелеп, төгіп сөйлегенде қара сөзінің өзі өлеңге бергісіз болғанға ұқсайды.

1961 жылы қазақ қаламгерлері іссапармен Түркіменстанға барады. Сапарды көрнекті жазушы Сәбит Мұқанов бастап барса керек. Жаз айының бел ортасы. Күн ыстық. Айналаның бәрі сусыған құм. Автобуста келе жатқан жазушылар әбден шөлдеп, жан шақырар, шөл басар баспана іздейді. Алыстан төмпешікке ұқсаған бір үй көрінеді. Көлік соның маңына барып тоқтасымен қаламгерлердің бәрі түсіп, әлгі баспанаға кіріп кетеді. Орнынан тұра беруге ыңғайланған Мұзағанды Сәбен қолынан ұстап, жібермей қояды.

– Екеуіміз бір-бірімізге серік болып әңгімелесіп отырайық.

Іле Ғафу шығады да көлікке беттейді.

– Ия, Ғафу, бұл не екен? – деп сұрайды Сәбен.

Сонда Ғафу көңілі толмаған кейіп танытып:

Ұзын-ұзын колидор,

Іші толған помидор, – деген екен өлеңдетіп.

АРАША ТҮСУ

Бір күні Жазушылар одағының ғимараты алдында қазақтың белгілі қаламгері Садықбек Адамбеков пен Сансызбай Сарғасқаев сөзге келіп, жаға ұстасып қалыпты. Бұл оқиғаға куә болған Мұқағали Мақатаев екеуін сабырға шақырып, араша түсіпті. Қазақ – сөзге тоқтаған халық. Екеуі сабасына түскен соң:

– Сендерге арнап өлең шығарып берейін бе? – дейді Мұқағали арқаланып.

– Шығарсаң, шығар, – дейді екеуі жарыса.

Сонда ақиық ақын мүдірместен былайша өлеңдете жөнелген екен.





*Сары тісті, сары шашты Садықбекті,
Сынсызбай Сарғасқаев салып кетті.
Ұрамын деп тағы да ұмтылғанда,
Жолдастары ұрғызбай алып кетті.*

АСЕКЕҢ МЕН ӘШЕКЕҢ

Қазақтың көрнекті сыншы-жазушысы Асқар Сүлейменов бір күні «Зерде» журналының бас редакторы, белгілі ақын Есенғали Раушановқа телефон соғады. Тұтқаны бас редактордың орынбасары Әшірбек Амангелдиев көтереді.

- Алло, – дейді ар жақтағы дауыс.
- Әу, – дейді Әшекен.
- Есенғали бар ма?
- Есенғали жоқ боп тұр.
- Бұл кім? – дейді Әшекен.
- Біреу ғой, – дейді ар жақтағы дауыс. – Ал сен кімсің?
- Бұл да біреу ғой.
- Қаршаңқы тілің бар екен. Қазір барамын. Сені көргім келіп тұр.
- Келсеңіз, келіңіз, күтейін.
- Сәлден соң Асекең кабинетке кіріп келеді де:
- Жаңағы сен бе? – дейді.
- Иә.
- Мені танушы ма едің?
- Естуім бар.
- Дұрыс екен.
- Мен өзі жылқыны жақсы көретін қазақып. Мына жылқының суреті бар плакатты берші.
- Асеке, бәрі дұрыс қой. Бірақ ол ырымға жаман. Қазақ өлі атты сыйламаушы еді. Мен қалай беремін?
- Сонда Асекең Әшекеннің сөз тапқанына риза болып:
- Мен сөзден ұтылдым, – деп есіктен шығып жүре беріпті.





ЖЕРГЕ ҚАРАТҚАН ҰРПАҚ

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басы болса керек. Нарықтың шөміштен қысып тұрған кезі. Халықтың әлауқаты төмен. Зауыт-фабрикалардың бәрі жекешеленіп, жұрттың бәрі базар жағалап кеткен.

Бір күні «Зерде» журналының бас редакторы Әшірбек Амангелдиев ойға шомып, төмен қарап, Жібек жолы көшесінің бойымен келе жатады. Оның алдынан белгілі сатирик-жазушы Қажытай Ілиясов шыға келеді.

– Әй, Әшірбек, саған не көрінді? Төмен қарап келе жатырсың ғой, – дейді Қажекең салған жерден.

Сонда Әшекен:

– Сіздер ғой – аға ұрпақ бізді жерге қаратып кеткен, – деген екен.

ТАҒЫ БІРДЕ...

Тағы да сол Қажытай Ілиясов пен Әшірбек Амангелдиев көшеде жолығысып қалады. Іні болғаннан кейін ағаға ізет көрсетіп Әшекен:

– Ассалаумағалейкум, Қажеке, көрінбейсіз ғой, – деп екі қолын созып, ықылас таныта амандасады.

– Сен мені Алатау деп пе едің күнде көрінетін, – дейді Қажекең бұра сөйлеп. Сөзден тосылып, есе жібере қоятын Әшекен емес.

– Қажеке, мен сізді аға көріп, тау көріп жүрмін. Төбе болсаңыз, амандаспас едім ғой, – деген екен.

«Сөз тапқанға қолға жоқ» демекші, інісінің тапқырлығына риза болған Қажекең Әшірбек Амангелдиевтің қолын алып, арқасынан қағыпты.

ДИПЛОМДЫ ЖАЗҒАН КІМ?

БРЕЖНЕВ ПЕ, ӘЛДЕ ҚАСЫМБЕКОВ...

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басы болса керек. Ол кезде жоғары оқу орындарында Коммунистік партияның көсемдері Карл Маркс, Фридрих Энгельс, Владимир Ильич Лениннен сілтеме жасалмай, бірде-





бір диплом қорғалмайтын. Бұл – Леонид Ильич Брежневтің бүкіл мемлекет басшыларын қапсыра құшақтап, қос бетінен шөпідетіп сүйіп, дәурені жүріп тұрған шақ. Сондықтан оның да өзі жазбаған, тіпті оқымаған еңбектерінен сілтеме жасауың қажет. Сондай тоқырау кезеңінде диплом қорғап жатқан Әбдіғани Қасымбеков деген студент бітіру жұмысында Брежневтің еңбектерінен көбірек сілтеме жасап жіберсе керек. Соны айтқысы келген белгілі фантаст-жазушы Абдулхамит Мархабаев сөз кезегі келгенде мінберге шығып тұрып:

– Бұл дипломды жазған Брежнев пе, әлде Қасымбеков пе? Мен соны айыра алмай тұрмын, – дейді мемлекеттік комиссия мүшелеріне мысқылдай қарап.

– Бәлкім, екеуі қосылып жазған шығар, – дейді комиссия мүшелерінің бірі Қалижан Құсайынов. Сонда Абдулхамит Мархабаев:

– Бәлеге қалатын жайымыз жоқ. Онда жұмысты өте жоғары бағалауға тура келеді, – деген екен.

ӘЙТПЕСЕ ӘРТІС БОЛА МА?

«Той десе, қу бас та домалайды» демекші, Алматы облысына қарасты Нұра елді мекенінде бүркітшілер мен саятшылардың сайысы өтетін болып, сол жиынға белгілі әнші-әртістер Нұрлан Өнербаев пен Байғали Есенәлиевтер бармақ болады. Ақпан айының іші болса керек. Күн суық. Жол дегенің бейне көк мұз. Екеуі екі темір тұлпарды «ерттеп» мініп, «атан өлсе, сойылар, атам өлсе, қойылар» деп адам қарасы жиылар сауыққа тартып кетеді. Алда әрі аға, әрі бастық, «Джип» мінген Нұрлан. Оның ізін қуалап, інілік ізетпен Байғали келе жатады. Нұрекең жолдың тайғақтығына қарамастан қатты жылдамдықпен жүреді. «Адасып қалмайын, қалып кетпейін» деген оймен Байғали да газды барынша баса түседі. Байқаса, жылдамдық жүзден асып жығылады. Байғали жарығын жағып-өшіріп, «тоқта» дегендей белгі береді. Нұрекең оны қаперіне де алар емес. Қайта газды баса түсіп, жылдамдықты жүз қырыққа жеткізеді.





Жарыс өтетін жерді білмеген соң «адасып қалмайынмен» Байғали да жылдамдықты үдете түседі. Бірақ қорқып келеді. «Ойпырым-ай, мына жолда апатқа ұшырасақ, қазақ мандайына біткен екі арысынан айрылып қалады-ау. Ел-халық шулап, масқара боламыз ғой» деген де ой бар Байғалида. Соны ойлаған сайын мандайы шып-шып терлейді. Ол ой Нүрекеңе кіріп-шықпайтын сыңайлы. Әйтпесе бұлай жүрер ме еді?

Тозақтың қыл көпірінен өткендей болып екі арыс жетеді межелі жерге. Байғалиды көлік емес, көлікті Байғали сүйреп келгендей алқынып тұрып:

– Нүреке, мұныңыз не? Зәрем зәр түбіне кетті ғой. Ақырын жүрсеңіз қайтеді? «Апатқа ұшырап, масқара боламыз ба?» деп жаман қорықтым, – дейді.

– Соны айтам. Ойбай-ау, өзің өңмендеп, сонымнан қалар емессің...

– Қайдан білейін, сізден адасып қаламын ба деп баса бердім.

– Өйтіп адасқаның бар болсын! Сәл тежесем, мені сүзіп алғалы келе жатырсың. Сосын қорыққанымнан сенен қаша бердім, газды баса бердім. Жанымды шүберекке түйіп, әрең жеттім, – депті Нүрекең де еңтігіп. Сөйтсе екеуі бір-бірін түсінбей, ағасы қашып, інісі қуа берген екен ғой. Әйтпесе әртіс бола ма?»

ҮШ МӘТЕЛ

Белгілі ақын, ғалым-ұстаз Темірғали Көпбаев 2000 жылы «Қазығұрт» атты көп томдықтар шығаратын баспа ашады. Одақтың көзіндегі болып қалған өзге баспаларға қарағанда, оның тасы өрге домалап, бірер жылдың ішінде баспаның аты аспандап шыға келеді. Аяқтан тартпаса, ас іше алмайтын әдет қанымызда бар емес пе?! Сол әдет бойынша «Қазығұрт» баспасы және оның басшысы туралы құлаққа кіріп, санаға сыймайтын әңгімелер ел ішінде естіліп қалып жатады. Жел сөздің жерде жатпайтыны тағы мәлім. Ол сөз Темкеңнің де құлағына шалынады. Сөйтсе жағымсыз әңгіменің «ав-





торы» Темкеннің арқа тұтып, құрметтеп жүрген баспагер ағаларының бірі екен. Дереву оған телефон соғады.

– Сабыр сақтап, амандық-саулық сұрасады. Жұмысы, тұрмысы туралы сұрауды да ұмытпайды.

– Ойбай, Темке, жұмысты несің сұрайсың? Кітап шығаруды біз сенен үйреніп жатырмыз ғой. Сен сияқты кітап шығару қайда бізге?! – деп бәйек болады да қалады.

– Көпшік қоя сөйлегеніңізге рахмет. Бірақ мен басқа шаруалармен хабарласып отыр едім. Қолыңызда қаламсап бар ма?

– Бар ғой, бірақ ол неге керек?

– Ал қағазыңыз ше?

– Ол да бар.

– Ендеше бір-екі мәтел айтайын, жазып алыңызшы.

– О не мәтел?

– Бауырларымды сағынғанда мәтел айтып қоятын әдетім бар еді. Бірінші мәтелім: «Сенген серкем сен болсаң, күйсегенінді ұрайын».

– Оны неге айтып отырсың?

– Енді екіншісін жазыңыз. «Көк қарға артына қарамай, әулие ағаштың басына саңғиды» – дейді де тұтқаны қоя салады.

Арада 5 минут уақыт өтеді. Темкеннің телефоны безілдеп қоя береді. Тұтқаны көтерсе, қадірліден қадірсіз кейіпке көшкен баспагерсымақ ағасы екен. Суға тиген сабындай жыпылдай жөнеледі.

– Темке-ау, мұның не? Айтып өлтірсеңші. Біреу менің сыртымнан бірдене деген-ау шамасы. Мен сен туралы тек жақсы пікірдемін. Олардың айтқанына сенбе, – дей келіп, Темкенді шай ішуге шақырады.

– Айтпайын деп едім, қоймадыңыз ғой. Ендеше үшінші мәтелді жазып алыңыз. «Саудагердің ақынмен сыра ішкені – не теңі?».

– Ойбай-ау, сен мені тірідей өлтірдің-ау. Артық кеткен жерім болса, кешір айналайын!

Темкең тұтқаны тастай салады. Сөйтіп ағасын үш мәтелмен тезге салады.





ҚАЛАМЫ СӨЙЛЕЙТІН ҚАЛАМҒЕР

Жүрегінде иманы бар кез келген мұсылман қауымы Аллаға қалай сенсе, періштенің де бұл құпиялы әлемде барына солай сенеді. Бірақ әзірге оларды көрген де немесе тілдескен де адамзат баласы жоқ. Ал біз оны күнде көріп, тілдесіп жүрміз десек, сенер ме едіңіз? Имандай иланғаныңыз абзал. Өйткені ол біздің «Айқын» газетінде істейді. Оның аты-жөні – Төреғали Тәшенов. Олай дейтін себебіміз ол – ер жасы – елуге келсе де қулық-сұмдықтан ада. Адамзат баласына пайдасы тимесе, зияны жоқ. Мінезі – сабырлы, салмақты. Мойнына асылып, төбесіне шықсаңыз да былқ етпей тұра беруге бар. Ол үйінен күнде 10 ауыз сөз алып келсе, соның бесеуін кешке дейін пайдаланбай, қайта алып кетуі әбден ықтимал. Өйткені оның тілі – қолындағы қаламы. Ал сөйлей қалса, көп сөз шығындамай, нысанаға дөп тигізеді. Соның бір парасын назарларыңызға ұсынғанды жөн санадық. Оқи отырыңыздар, күле отырыңыздар...

ХАЛЫҚҚА КЕРЕК ТОЙ

«Айқын» газетінің ақсақалы Жұмабек Жанділдин Төкеннің ер жасы – елуге келіп, өзінің мерейтойын тиісті дәрежеде атап өткелі жатқанын естіп:

– Әй, Төреғали, бүкіл әлем тоқыраудың топалаңын күтіп, қалтырап, дірілдеп отыр. Ал өзің тапқан-таянғаныңды банкке төлеп, несібеңді несиеге айырбастап жүрсің. Сөйтіп жүріп той тойлағаның ненді алғаның? – дейді әріптес інісіне қалжындап.

Сонда тау қозғалса да қозғала қоймайтын Төкең біраз кідіріп барып:

– Жұмеке-ау, сол той маған емес, халыққа керек болып тұр ғой, – деген екен.

«МЫ НЕ ЖИВЕМ...»

Бірде Төкең Түркияға іссапарға барады. Бұл сапар оған қатты әсер еткен болуы керек. Жер бетіндегі жұмаққа





барып келгендей аузын ашып, көзін жұмып, ішегін тартып қайтады. Әріптестері оны қаумалай қоршап алып, Түркиядан алған әсері туралы сұрай бастайды. Сонда ол айналасына байыппен қарап алып:

– Мы не живем, а существуем, – деген екен өзінің бүкіл әсерін бір-ақ ауыз сөзге сыйдырып.

«МЯГКИЙ ИСЛАМ»

Төкең бір кездері имандылыққа бет бұрып, құбылаға қарап, намаз оқып, бес уақыт жайнамазға жығылып жүрді. Ораза айтты асыға күтіп, ел қатарлы ауыз бекітіп, жұма намаздан да қалмайтын.

Бір күні әріптестеріміздің бірі той жасап, ұжымдағылардың бәрін қуанышына ортақтасуына шақырды. Тойдың бел ортасында Төкең «өте көңілді» боп шыға келді. Сырттай қараған адамға бас құданың нақ өзі секілді. «Іштегі микробтарды «өлтірейін» дегені шығар» деп қоя салдық. Қас қылғандай ұжымда той да, салтанағ та көбейді. Төкен де «бәйгеге» жиі-жиі қосылып, аттың басын еркін жіберетін болды. Гайкісі босап, жайнамазға емес, жерге жығыла беретін болған соң:

– Төке, күні кеше намаз оқып жүр едіңіз. Мұнының не? Исламға қайшы емес пе? Сіздікі қай ислам? – дейді «Айқын» газеті бас редакторының орынбасары Берік Бейсенұлы әзілге бұрып.

Сонда Төкен:

– Біздікі «Мягкий ислам ғой. Анда-санда ұрттап тұруға болады» деп, бәрімізді қыран топан күлдіріп алды. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген осы ғой...

ТТ

Ақырын жүріп анық басатын, қысқа да нұсқа сөйлеп, аз да болса саз жазатын Төреғалиға бір күні әзіл айтпаса бетіне әжім түсетіндей көрінетін Жолдасбек мемлекеттік құпия ашатындай боп:

– Төке, осы сіз ДТ-сыз ба, әлде ҚТ-сыз ба? – деп сұрайды сыбырлай сөйлеп. ДТ-сы – Дулат, ҚТ-сы – Қоңырат. Сонда сұлбасы тау тұлғалы болса да өз үні өзіне жетпейтін Төкең Жолдасбекке қарап:





– «ТТ-мын» деген екен өзінің Төреғали Тәшенов екенін еске салып ернін жыбырлата. Мұнысы енді саяси сауаттылық.

СҮГІРДІҢ СОТКАСЫ

«Айқын» газетінің бас редакторы ауысып, оның орнына басылым басшысы болып Бауыржан Омаров келеді. Ол қызметке келген күннен бастап қызметкерлердің жұмысқа уактылы келіп, берілген тапсырманы дер кезінде орындалуын талап етеді. Әр аптаның дүйсенбісінде жиналыс өткізіп, осы талап үддесіне жауап бере алмайтындардың қызметтен кететінін де ескертіп өтеді. Сондай жиындардың бірінде басылым бетінде жарық көрген сапасыз суреттер жөнінде сөз болады. Тіпті бір-екі рет фототілші Айтжан Салықұлына ескерту де жасалады. Содан бастап одан маза қашады. Ішкені – ірің, жегені – желім болады. Бұрын журналистердің «Айтеке, ана кісіні түсіріп келейікші, мына кісіні түсіріп келуге мүмкіншілігіңіз бар ма?» деп асты-үстіне үйреніп қалған ол, енді «Кімге қандай сурет керек?» деп редакцияны «адақтап» шығуды әдетке айналдырады. Бір күні сол әдетімен журналистердің бәрімен жеке-жеке сөйлесіп, Төреғали Ташеновтің алдына барып тоқтайды.

– Төреғали, сен не жазып отырсың?

– Сүгір туралы мақала ғой, – дейді ол ештеңеге мән берместен жайбарақат.

– Суреті бар ма?

– Ж-о-о-қ.

– Онда соткасын берші. Суретке түсіріп келейін, – деген екен.

Содан бастап біз қазақтың батыр-билері мен хандарының, сондай-ақ зар заман әдебиеті өкілдерінің суреті қажет болса, Айтекеңе қарап, олардың соткасын бергіміз келіп тұрады.





МАЗМҰНЫ

Көпен ӘМІРБЕК	
Күлкінің күбісі.....	3
Айтпақшы	4

I

САНДАЛҒАН САУАЛ

Тұқымың жайылсын, Бәсили!	6
Өзімізді өзіміз қырдық	7
Езу Ибн Жиртар	10
Көк көрпе	10
Үшем туса, пәтер береді	11
Рәкеттеріміз дайын	11
Бауырым «Сүзеке»!	12
Айналайын, «Сүзеген» балам!	12
Құрдасым, Сүзеген!	13
Қасқа бауырым, Сүзеген!	13
Қымбатты құрдасым, Сүзеген!	14
Қадірменді Сүзеке!	14
Қымбатты құрдасым, Сүзеген!	14
Қазақ нашақ ыдашұ?	15
Мини кредит бере ме?	16
Безеуден безер болдым	16
Тауық ұрлап тұғылды	17
Аузымыздан қашан май ағады?	18
Қыздар неге құлайды?	19
Көңіл кірі айтса кетеді	20
Айлық пен шайлық	21
Қарға қашан тышады?	21
Сағат тілін үзіп алмасақ жарады	22
Аттан да, тақтан да түспедім	24
Ингенімнен де, мінгенімнен де айрылдым	25
Адалдап алмақ ойы бар	27
Жылжитын мүлік болып шығасыз	28
Шенеуніктердің туыстары бомж ба?	29
«Сөз майданының қаһарманы»	31
Қашанғы шыдауға болады?	32





Біздің қасқыр қауіптірек.....	32
Сүйкімсіз тоқалдан тудық па?.....	34
Бақталас бауырым!.....	34
Еріккендер Елбасы бола ма?.....	35
Жарлы – бай, бай – Құдай болғысы келеді	36
Тілі бардың бәрі тілдейді	37
Шопырлардың әулиесіндей көруші едім	39
Қазақша жазылған «Манас»	40
Ұлттың жоғалуы – тілдің жоғалуынан басталады	43
Тілі жоқ адам болушы ме еді?.....	44
Әйелімді алдасам бола ма?	46
Бала көрсен сата бер	47
Маған муж тауып быршы	49

II СКЕТЧТЕР

Әйелі мен журналистің әңгімесі	52
Жедел жәрдем	56
Ұлы адам болғың келсе.....	60

III ФЕЛЬЕТОН

Қарғайын десем, жалғызым	70
Сасқан үйрек сальто тастайды	73
Аш болса, неге палау жемейді?	74
Біз не көрмеген халықпыз?!	78

IV АЙТА САЛДЫМ

Мағынасы майысқан мақалдар	82
----------------------------------	----

V ӘЗІЛІМІЗ ЖАРАССА...

Әйелімді сатамын	106
«Шыңғысхан» жарнамасының жалғасы	106
Алқаштың ақылы	107
Құтханның құттықтауы	108
Коммерсанттың үш жұрты	109





Саяси күндестің көңіл айтуы	110
Тыйым салынады	110
Жыни жұлдыз жорамал	111
Арыздың әлегі	113
Бас неден ауырады?	116
Телебағдарлама	118
Бауырсақ қалай дайындалады?	120
Ет аса білесіз бе?	122
Қатын-қалаш ғылымдарының докторы	123
Енелерге қарсы күрес курсына шақырамыз	125
Еркектердің құттықтауы	127
Ойология, пікіризм, көзқарасис	127
Жыл басындағы жаңа тілек	129
«Айқындықтардың» айдар арқылы айтқа айтар ақ тілек, ақ батасы	130
Қисық сұрақ – қыңыр жауап	132
Солақай синонимдер	148
Қотыр қотарма	149
Халтуралық хабарландырулар	150
Коммерциялық кеңес	155
Шымшып алар шымшымалар	158
Сатиралық жаңылтпаштар	162

VI

ЭПИГРАММА

Кәукен Кенжетаевқа	164
Асанәлі Әшімовке	165
Мұхтар Мағауинге.....	166
Мұхтар Шахановқа	167
Заманбек Нұрқаділовке	168
Нұрлан Оразалинге	169
Құдайберген Сұлтанбаевқа	170
Алтынбек Қоразбаевқа	171
Сағымбай Қозыбаевқа	172
Нүртілеу Иманғалиұлына	173
Мэлстің монологы	174
Нұрлан Өнербаевқа	175
Толымбек Әлімбекұлына	176





Қайнар Олжайға	177
Ерлан Бекхожинге	178
Нұртөре Жүсіпке	179
Сайын Есмағиға	180
Мұхтар Шерімге	181
Иманбай Жұбайға	182
Лев Тараковқа	183
Айдарбек Мұхамедиевке	184
Қыдырәлі Болмановқа	185

VII

ТҰРМЫСТЫҚ ПАРОДИЯ

Деймісің?	188
Нарық келді дегенше... ..	189
Не етер едің?.....	190
Мәрзияға!	190
Маскүнем болып барамын.....	191
Бастық маған не берді?	192
Не қызық?.....	193
Партияның арқасы	194
Бақыт деген немене?	195
Шойын қара кемпірдің зары	196
Бақыт деген не?	197
Кім қалай сүйеді?	198
Қайран қалам	199
Саудагердің санамағы	199
Кім айтты?	200

VIII

ПАРОДИЯ

Егер... ..	202
Кентауым – Шымкенттің інісіндей	203
Төрттаған	20
Чарльстон	205
Таңдану	206
Егіз шумақтар	206
Туған ел	207





Өсірген мені паң далам!	208
Кімге жаңылыспау керек?.....	209
Қарауыл – Қара ой	211

IX

ӘРІП ӘЛЕМІ

Алты алаштың атпал азаматы	214
Әлеуметтің әлеуетін әуелет	215
Би-батырлар баяны	216
Ғұмыры ғибратты ғұлама ғалымдар	218
Дәрісі – дәру, дәрмегі – дауа	219
Ел ерін есіркесін!	221
Жалғыздық Жаратқанға жарасқан	222
Замандастар заманды зорайтады	223
Иманғали – Ислам империясының императоры.....	224
Келісімхат	225
Қазақ құдасын Құдайындай қадірлеген.....	227
Майталмандарды марапаттады	228
Нұрбек Нұртөреұлы – нарқасқа ноян	229
Озат орақшылар	230
Өрімдей өрендердің өнері өнеге	231
Патшаның пікірі пайымды	232
Раббымыз радиожурналистерді ризықтандырып, рухтандырсын!	234
Сал-серілер сакадай сай	235
Төре тұқымына тән тұлға	236
Ұлағатты ұстаздардың ұрпақтары	238
Үкіметтің үйінен үміткер	239
Хас хикаяттарды хаттағанына хоштанды	240
Шымкенттен шыққан шайырлар шексіз	240
Ырғыздық ықпалды ығай-сығайлар	243
Ілкімді істер ілгерілесін!	244

X

КІШКЕНТАЙ АЙТҚЫШТАР

«Әл-Фараби кетіп барады»	246
«Көзіме тікен түсіп кетті»	246
«Жыртылған қызанақ»	246





Түз себілген алма	247
Ерасылдың қулығы	247
«Тісім құлап қалды».....	247
«Жұтып қойсаң, алып қоям»	248
«Тұрмысқа шыққанда атымды өзгертемін»	248
«Е, Құдай, бізге машина бере гөр, бензинімен».....	248
«Әперетін адамы табылады»	249
Хангелдінің тапқырлығы	249
«Тиісті сөздерді қойшы»	250
Айтқыш қыз	250
Нәзіктің әзлі	251
«Қай жақтың келіні?»	251
Мамамның мамасының мамасы	251
Ғани мен бөпе	251
Танданыс	252

ҚАЛАМГЕРЛЕР ҚАЛЖЫҢЫ

Тайырдың танданысы	254
Оборотың наборот тұр	254
Мұзағаң және бифштекс	255
Колидор мен помидор	256
Араша түсу	256
Асекең мен Әшекең	257
Жерге қаратқан ұрпақ	258
Тағы бірде... ..	258
Дипломды жазған кім?	
Брежнев пе, әлде Қасымбеков... ..	258
Әйтпесе әртіс бола ма?	259
Үш мәтел	260
Қаламы сөйлейтін қаламгер	262
Халыққа керек той	262
«Мы не живем...»	262
«Мягкий ислам»	263
ТТ	263
Сүгірдің соткасы	264





Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ

САНДАЛҒАН САУАЛ

(САТИРА)

Жауапты редакторы:
Эльвира БӨКЕНБАЕВА

Редакторы:
Асқар АЛТАЙҰЛЫ

Корректоры:
Айнұр НҰРЖАУҚЫЗЫ

Суретшілер:
Ғалым Смағұлұлы,
Нұрлан ТАЗАБЕК

Дизайнер:
Елдар ҚАБА

Компьютерде беттеген:
Ернар ЕЛДАР

Терімші:
Гүлжан СЫДЫҚОВА



Басуға 15.04.2016 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108/32
Офсеттік басылым, қағазы офсеттік.
Әріп түрі Times New Roman.
Көлемі 14,28 шартты баспа табак.
Таралымы 2000 +100 дана.
Тапсырыс № 711.

«BAViS systems» ЖШС
Алматы қ., Мұхамеджанов к-сі, 9

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РІПК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemnl@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

ISBN 978-601-7459-34-5



9 786017 459345





МЫНАУ ТҮРАЛЫ МӘЛІМЕТ



Ермахан Шайхыұлы – 1966 жылы Түркістан қаласында несібесінен құр қалатындай жұрт қатарлы жазда емес, қақаған қаңтар айында туған. 1993 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ЖУ факультетін бітірген.

Бұл жалғанда жалғыз әйелі, 3 бала-шағасы, Казкомнан алған 3-ақ несиесі, ломбардта қарызы, қарсы бетте қазақ қоңсысы, елдің түкпір-түкпірінде тамыртаныстары, Фейсбукта достары, таудай талабы, нағашы атасының аруағы бар.

Қала сыртында бақшасы, депозитте ақшасы, Министрлер кабинетінде туыстары, ауылда қойы, арам ойы, сақалы мен тоқалы жоқ. Күндіз-түні мақала, сатира, әзіл-қалжыңдар, жұмысқа тұрғанда, шыққанда өтініш, той-томалақтардан соң бас жазады.

Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі. Балғабек Қыдырбекұлы, Садықбек Адамбеков атындағы және Алтын қалам сыйлықтарының лауреаты. «Ауыз тие отырыңыз», «Бір түрлі кітап», «Қазіргі қазақ сатирасы», «Мынауың жынды екен», «Жатыпатар», «Аққудың сыңары», «Шылдыр шүмек», «Ағынан жарылсақ...», «Әріп өлемі» атты кітаптардың авторы.

